

**ОРТА  
ҒАСЫРЛАРДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН  
ТАРИХЫ  
ХРЕСТОМАТИЯ**

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

*Үшінші басылымы*



Алматы «Атамұра» 2012

УДК 373.167.1  
ББК 63.3 (5 қаз) 4  
О 72

Пікір жазған тарих ғылымдарының докторы,  
профессор **Ж. Қасымбаев.**

Құрастырған тарих ғылымдарының докторы,  
профессор **С. Жолдасбаев.**

**О 72 Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған/Құраст. С. Жолдасбаев. 3-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2012. – 128 бет.**

ISBN 978-601-282-531-2

УДК 373.167.1  
ББК 63.3 (5қаз) 4

ISBN 978-601-282-531-2

© «Атамұра», 2012  
© «Атамұра», 2012, 3-басылымы

## КІРІСПЕ

Жалпы білім беретін мектептерде Отан тарихын оқытудың маңызы ерекше зор. Тарих жастардың дүниеге шынайы ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Еліне, жеріне деген патриоттық сезімге баулиды. Кеңес дәуірінің кезінде жастар «КСРО тарихын» ғана оқып, өз елінің тарихынан мүлде бейхабар болды. Тарих туралы жазылған ғылыми еңбектер таптық көзқарас тұрғысында қатаң бақылаудан өткізіліп, коммунистік партияның саясаты бойынша «кереғар пікірлерге» тосқауыл қойылып отырды. Тарих шындықты айтудан гөрі саясаттың уағызшысына айналды.

Бүгінгі таңда азаттық алған еліміздің ертедегі тарихын ақиқат аясында баяндауға мол мүмкіндік туды. Өз Отанының тарихын жақсы білу – кез келген азаматтың қасиетті борышы. Өткенді білмей, қол жеткен азаттықтың қадірін білу мүмкін емес. Олай болса, жалпы білім беретін мектептерде Отан тарихын оқыту ауадай қажет.

Бұл Хрестоматия 7-сыныпқа арналған «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығына қосымша оқу құралы ретінде ұсынылып отыр. Бағдарлама бойынша, оқулыққа сәйкес құрастырылған. Хрестоматия хронологиялық жағынан аталмыш оқулықтағы кезеңдерді толық қамтиды.

Хрестоматияға ертедегі Орхон–Енисей, Талас жазуларынан түрік қағандарының (хандарының) билік етуі туралы алуан түрлі тарихи деректер беретін үзінділер енгізілген. Сонымен қатар ортағасырлық археологиялық ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстары жөніндегі деректерге де орын берілді. Бұл деректерді ұстаздар жазба деректермен тығыз байланыста пайдалануы керек. Ортағасырлық ірі қалалар туралы айтқанда (Баласағұн, Тараз, Сайрам т.б.) оларға жүргізілген зерттеу жұмысының ғылыми қорытындылары да жазба деректермен сәйкестендіріліп отыратынын ескерте кеткен абзал.

Ескеретін және бір басты мәселе – Хрестоматияға мектеп мұғалімдерінің қолына оңайлықпен түсе қоймайтын, жазба деректер негізінде жазылған ғылыми мақалалар мен монографиялардан үзінділер беріліп отыр.

Хрестоматия оқулықтың мазмұнына сәйкес үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде ерте орта ғасырлардағы (VI–X ғ.) жерімізде Түрік және Батыс Түрік қағанаттары, ал олар құлағаннан кейін Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағандықтарының өмір сүргендігін көрсететін

материалдар қамтылған. Ерте орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларды баяндайтын деректер және қытай деректері бойынша жапон, қытай т.б. тарихшы ғалымдардың түркілер туралы жазған еңбектерінен үзінділер берілген. Әсіресе көрнекті тарихшы Л. Гумилевтің атақты «Көне түркілер» атты монографиясынан көлемді үзінділер келтірілді. Ал көне түркі жазуы бойынша «Күлтегін кіші жазуы», «Күлтегін үлкен жазуы», «Тоныкөк», «Оғызнама» ескерткіштерінен берілген үзінділермен танысу арқылы оқушылардың тарихи шындыққа деген сенімі арта түсері сөзсіз. Алайда келтірілген үзінділерді орынды пайдалану ұстаздардың шеберлігіне де байланысты.

Сонымен қатар бұл жазба ескерткіштерде сол кездегі түркілердің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, діни наным-сенімдері туралы алуан түрлі мағлұматтар мол. Олардың дені қазақ халқының өмірінен қазіргі кезге дейін орын алып отырғаны салыстыра айтылса, ол оқушыларға әрі қызықты, әрі түсінікті болады.

Екінші бөлімде Қазақстанда болған екі үлкен тарихи оқиғаны сипаттайтын материалдар берілген. Оның біріншісі – Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында Қарахан феодалдық мемлекетінің билік жүргізген кезеңін, ал екіншісі – жеріміздің Шыңғысхан шапқыншылығына ұшырап, оның ұрпақтары құрған ұлыстар мен хандықтардың қол астында болған мезгілін баяндайтын материалдар.

Қарахан мемлекетінің қалыптасуы туралы соңғы кезде жарық көрген, қытай деректеріне сүйеніп жазылған материалдардан хрестоматияға бірнеше үзінділер енгізілді. Онда Қарахан әулеті туралы көптеген жаңа мағлұматтар беріліп отыр.

Монғол хандығының құрылуы және монғолдардың Найман, Керейіт, Жалайыр хандықтарын жаулап алуы, олардың арасындағы күрестер, ол тайпалардың Қазақстанға қарай ауа көшуі туралы да құнды деректер келтірілген. Бұл мағлұматтар соңғы кезде жарық көрген «Монғолдың құпия шежіресі» мен «Алтын шежіре» кітаптарынан алынды.

Сонымен қатар Қарахан мемлекетінің кезінде жерімізде отырықшылық тұрмыстың жандануы, қалалық өмірдің дамуы туралы соны дерек беретін археологиялық зерттеу материалдары енгізілген. Қазақстанның Батыс пен Шығыстың аралығында жатқан сауда жолының күре тамыры – Ұлы Жібек жолы туралы К. М. Байпақовтың жазған еңбектерінен үзінділер келтірілген.

Қарудың күшімен орасан зор империя құрған Шыңғысхан жаулап алған жерлерін өзінің төрт ұлына бөліп береді. Қазақстан аумағында бірнеше ұлыстар құрылды. Дешті Қыпшақ аймағында Жошы хан ұлысының орнына Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деген ұлыстар пайда болса, одан біраз кейін Әбілқайыр хандығы құрылады. Ал Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс (Жетісу) аймақтарында, Шағатай ұлы-

сының жерінде Моғол хандығы өмір сүрген. Осы ұлыстар мен хандықтардың ішкі-сыртқы саяси жағдайлары туралы әр кезде жазылған деректерден, ғылыми еңбектерден алынған материалдар Хрестоматияда кеңінен қамтылды.

Үшінші бөлім қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ мемлекетінің құрылуы мен дамуы кезеңін қамтиды. Сондықтан да бұл бөлімге Хрестоматияда ерекше мән берілді. Олай болатын себебі, алғашқы біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы, оның көрші жатқан хандықтармен қарым-қатынасы, тарих сахнасына көтерілуі ата тарихымыздың ең жарқын беттері саналады. Бұл кезеңде қазақ жұртының халық болып қалыптасуы жүзеге асады. Бұрын әр хандықтың қол астында бытырап жүрген ру-тайпалар енді «қазақ» деген атқа ие болып, біртұтас қазақ халқы құрылады. Осы мәселелер оқушыларға түсінікті болуы үшін жазба деректерден мүмкіндігінше нақты үзінділер келтіруді мақсат тұтқан жөн. Әсіресе Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та'рих-и Рашиди» атты еңбегінен ауқымды үзінділер алынды. Ғалым өз еңбегінде Қазақ хандығының қай жылдары және қай жерде құрылғаны туралы нақты мағлұматтар берген. Сондай қызықты мағлұматтың бірінде қазақ ханы Қасым мен моғол ханы Саидтың арасындағы кездесу жөнінде айтылады.

Хрестоматияда Қазақ хандығының нығаюы, Хақназар, Тәуке, Есім, Жәңгір, Тәуекел хандардың көрші жатқан хандықтармен жүргізген саяси қарым-қатынастары туралы деректер хронологиялық жүйемен беріліп отырды. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы да тартымды деректер келтірілді. Олардың өзі бірнеше салаға топтастырылған. «Материалдық мәдениет деп нені айтуға болады? Рухани мәдениет дегеніміз не?» деген сұрақтарға осы деректерден алынған үзінділерден біршама жауап табуға болады.

Оқулыққа қосымша беріліп отырған бұл оқу құралы жеріміздегі түркі тілдес тайпалық одақтардың біртұтас Қазақ мемлекетігі құрылғанға дейінгі даму жолынан мағлұмат беретін деректерден құрастырылған. Хрестоматияға енген материалдар мазмұны мен құрылым жүйесі жағынан хронологиялық тұрғыда бір-бірімен тікелей байланысты. Ұстаз сол байланыстылықты нақты деректер келтіру арқылы түсіндіріп отырғаны жөн. Ол үшін үзінділердің тарихи мәніне баса көңіл аудару керек. Жалпы оқулық пен оқу құралының материалдарын байланыстырып сабақ жүргізу көп жағдайда ұстаздардан өзіндік тәсіл мен шеберлікті талап етеді. Отан тарихын оқытудың мазмұнды әрі тартымды шығуы ұстаздарымыздың да өз елінің тарихына деген сүйіспеншілігі мен құрмет сезімінің айрықша болуына байланысты. Халқымыздың басынан өткен ауыр жағдайлардың тарихына терең талдау жасай отырып, келешекте ондай оқиғалардың қайталануына жол бермейтіндей, тарихтан тағылым алар ұрпақ тәрбиелеу әрбір ұстаздың қасиетті борышы болмақ.

**І бөлім**  
**ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**  
**Бірінші тарау**  
**ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕР**

**Түріктердің шығу тегі туралы. Телелер**

Сүй патшалығы дәуіріндегі телелер жөнінде «Сүй кітабында» былай деп жазылған: «Телелердің ата-бабасы сиуңнулардың тұқымы, үрім бұтағы өте көп. Балқаш көлінің шығысындағы тау аңғарларын мекендеп, өсіп-өніп келеді».

Балқаш көлінің оңтүстігіндегі тайпа – барлығы жеті тайпа, бәрінің өз атауы және өз әскери күші бар. «Олардың атаулары бөлек болғанымен, бәрінің ортақ атауы – Теле... Олар Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарына қарайды».

Немістің шығыстанушы ғалымы Ф. Хирт осы жеті көшпелі тайпаны өзінше жіктеп, Тола тобы, Тәңіртау тобы, Алтай тобы, Соғды тобы, Арал-Каспий тобы, Пыңтосы-Каспий тобы, Қырғыз тобы деп атайды. Оның мұндай топқа жіктеуі дұрыс емес. Теле тайпаларының ұлан-байтақ өңірге орналасқандарына күмәндануға болмайды. Әйтеуір сол кездегі қытайлықтардың түсінігі осындай. Кейбір шетел оқымыстылары «теле» дегенді Орхон ескерткішінің жазуында кездесетін «төлес» немесе ежелгі түрік тіліндегі «арба дөңгелегі» дегенді білдіретін қытайдың «текулыку» сөзінің иероглифінің оқылу дыбысы» дейді. Алайда еліміздегі белгілі ғалым Үй Тиэннің анықтауынан кейін, түрік дегенді «телукудың» (түрк) оқылу дыбысы деген тоқтамға келді. Бұл мәселеге мен былай қараймын: «телы (теле)» деген қытай иероглифі түріктің оқылу дыбысы, оның екінші буынындағы «i» түсіп қалғандықтан барып ол «түрк» болып қалған. Алайда теле тайпасын түрік ұлты десек, онша ағаттық бола қоймайды, бұл тұжырымның дұрыс екеніне сенемін.

Ондаған жылдар бұрын мен түрік тілдерін зерттеу жұмысымен Германияның Гамбург университетіне барып, Ф. Габан ханымнан ежелгі түрік тілін үйрендім. Сол кезде мен де оның «теле» деген «телес» дейтін танымына қосыла отырып, оған «теле дегеніміз түрік» деген пікір айттым. Ол мені тыңдап алып: «Сіздің айтуыңызша теле дегеніміз түрік

дегенді, ал түрік дегеніміз телуку дегенді білдіреді екен, сонда мұны қалай түсінуге болады?, – деп сұрады. – «Телуку» дегенді білдіретін сөзге «теле» және «түрік» деген екі сөзді қолданудағы негіз не?

Бұл сұрауларға мен Үй Тиэн доктордың тұжырымы арқылы жауап қайтардым. «Түріктің оқылу дыбысы жөнінде, егер оны «түрік» деген сөзбен білдіретін болса, онда «теле» деген сөзді қолданудан ажырату керек. Бірақ та қытайдың тарихи жазбаларында біртектестікті білдіру үшін бір-біріне ұқсамайтын түрлі қытай иероглифі қолданылатыны жөніндегі мысалдар аз емес. Оның үстіне тегі бір тайпалардың ішіндегі бір бұтағының өз араларындағы ерекше бір тайпаның атымен аталуы да таңырқарлық емес». Менің дәлелім жеткілікті бола алмағандықтан, профессор Габанның құптауына ие бола алмаса да, бұл менің осы мәселе жөніндегі өзімнің біршама қалыптасқан көзқарасым еді.

Жоғарыда айтылған «Сүй кітабындағы» теле жөніндегі деректен біз мынаны аңғара аламыз, теле бірлестігінің құрамындағы түрлі тайпалар Түрік империясы күшейген кезде соған қарады. Олар түрік үстем таптарына ауыр алым-салық төлеп тұрды. Түрік империясы әлсірегеннен кейін, олар көтеріліп, түрік билеушілеріне қарсы тұрып, дербестік алды. Осы тарихи деректердің бәрі телені Түрік империясының тайпасы деп қарауға негіз болады. Былайша айтқанда, теле кең мағынада түріктің түрлі тайпаларын білдіреді. Түрік – телелердің ішіндегі бірнеше тайпадан құралған мемлекеттің аты. Үй Тиэн доктор «олардың бір бұтағы (түрік) өз нәсіліндегі (теле) ерекше тайпаның атын өз мемлекетіне қойды» деген тұжырымды қолданған. Бұл менің баса айтатын танымыммен бір. Қытайлықтар телукудың ұқсас бір оқылу дыбысын «тужию (түрік)» деп те атайды, әрі оны телукудың әр түрлі тайпасынан құралған мемлекет деп таниды. Ал бастапқы кездегі Түрік империясына қарамаған телукуды «теле» деп атайды. Осы арқылы түрік пен телені бір-бірінен айыруға болады.

Алайда Сүй дәуіріне келгенде, теле тарихта аяқ астынан пайда бола қалған жоқ. Ендеше, оның арғы тегі кім болады? Жоғарыда айтқанымыздай, олар Солтүстік Вэй дәуірінде биік арбалы тайпа деп аталады. Тіпті анығырақ айтсақ, оларды «биік арбалы диңлиндер» деп атаған жөн.

*Таным тармақтары (Құрастырған және алғы сөзін жазған  
Қойшығара Салғаралы). А., 1998. 163-165-б.*

## **Ашина руының Ұлы мемлекетін құру (545–581)**

...біреуді достық қатынас жасау үшін түрік сұлтаны Бумынға жібереді.

Түріктерге 545 ж. келген елші қуанышпен қарсы алынады. «Ордадағылар: «бүгін бізге ұлы мемлекеттен елші келді, ұзамай біздің

мемлекетіміз де өрге өрлейді деп бірін-бірі құттықтай бастайды». Осынау елеусіз фактінің өзі жужандар өктемдігі түріктерге ауыр тигені, бостандық жолындағы қашса құтылмайтын соғыстан олардың тайсалмайтыны айқын көрінеді.

Халқының көңіл күйіне бейімделген Бумын өз алдияры – Жужан ханына адал еместігін танытып, Батыс Вэй астанасы Чаньянға жауап ретінде көп тарту-таралғымен елшілер аттандырады, сөйтіп өз мырзасының жауымен одақ құрады. Алайда бұдан жужандармен арақатынас үзілмейді: тегі, келіссөз аса құпия жағдайда жүргізілгенге ұқсайды. Осынау елшілер Түрік мемлекетінің Батыс Вэй және оның мұрагері Бэй-Чжоу империясының одақтасы ретінде, 550 жылдан бастап, Бэй-Ци әулеті бекіп алған Солтүстік-шығыс Қытайға қарсы бағытталған шығыстың саясатын алдағы ширек ғасыр бойына белгілеп береді. Алайда әлемдік саясатқа араласқан Бумын, өзі кіріптар болып отырған жужандарға қарсы күресуге әлі де әлсіз екенін анық түсінген. Бумын сол себепті де әрі одақтас, әрі бағынышты рөлін адал орындауға бел байлайды.

Батыс теле рулары жужан құлдығынан зар иелейді. Ақырында олардың төзімі таусылады: олар көтеріліске шығып, жужандардың жүрегінен дәл соғу үшін Батыс Жоңғариядан Халхаға аттанады. Жорықтың өте нашар ұйымдастырылып, уақыт есебінің нашар жүргізілгені сондай, оны жоспарлы ұйымдастырылған соғыстан гөрі, халықтың ашу-ызасының еркінен тыс бұрқ етіп көрінуі деп болжаған дұрыс тәрізді. Тарих тіпті көтеріліс көсемдерінің аттарын да сақтамаған. Телелер жарты жолға жеткен кезде, Гоби Алтайының шатқалдарынан үстеріне көк сауыт киіп, қарағай найзаларын ұстаған жарау атты түркіт сарбаздары сап түзеп, қатар-қатарымен шыға береді. Телелер соққы бір бүйірден беріледі деп ойламаған және өздерінен өмірде жамандық көрмеген түркіттермен емес, жексұрын жужандармен соғысқысы келген. Сол себепті де олар дереу Бумынға мойынсұнатынын білдіреді, ал анау бұларды қабылдап, осы арқылы Жужанға екінші рет онша адал емес екенін көрсетеді.

Ұлан далада мойынсұну екі жаққа да міндет жүктейтін ұғым. Егер қарауымда 50 мың киіз үй боданым болсын десең – онда олардың тұрғындарының тілегін орындауың керек; әйтпесе бодандарыңнан да, өз басыңнан да айырыласың. Телелер тек бір-ақ нәрсеге – жужандардың көзін құртуға ынтызар болатын, ал Бумын оларды ордасына қабылдаған кезде мұны жақсы білген. Мұндай іңкәр тілек өз руластарының көкейінде де бар, ендеше соғыс болмай қалмайды. Өз бодандарының есіл-дертін хан да қолдайды, сол себепті де оқиға заулап ала жөнелді.

**Жужандарды күйрету.** Жужандармен арада жанжал тудыру үшін және сонымен бірге бұл тартыстың айыпкері болып көрінбеу үшін, Бумын арандату әрекетін жасады. Ол жужан ханы Анахуан-



ның қызына үйленбекші болып ханға сөз салады. Дала дәстүрі бойынша, бұл онда ханмен иық теңестіріп шыға келер еді, ал хан абыройын төккісі келмесе, бұған келіспеуге тиіс. Қаһарына мінген хан оған дөрекі жауап қайтарады: «Әй, сен менің телмірген теміршімсің (түркіттер жужандарға темір балқытып беретін), маған мұндай көргенсіздік жасауға дәтің қалай барады». Хан бетін қайтарған соң Бумын жәбірленуші болып шыға келеді, оған керегі де сол. Ымыраға келу жолын кесіп тастау үшін ол жужан елшісін жазалауға әмір етеді, енді осы арада оның Батыс Вэй үйімен жасаған одағы бірден кәдеге асты. Ол дереу Вэнь-димен қайтадан келіссөз жүргізіп, 551 жылдың жазында қытай ханының қызы Чанлені әйелдікке алады, бұл оның көшпелілер арасындағы абырой-беделін біржолата арттыра түседі. Тосыннан шабуыл жасаудың артықшылығын пайдалануға тырысқан Бумын 552 жылдың қысында жорыққа шығады да, жужандарды толығынан жеңіп шығады. Анахуан өзін-өзі өлтіреді, ал оның ұлы Яньлочен одақтасы циліктерге қашып кетеді.

Бумын Ильхан (Елхан) лауазымын алады, бірақ 552 жылдың аяғында қайтыс болады. Таққа оның баласы Қара Ыссық хан деген лауазыммен отырады.

*Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994, 25–27-б.*

## **Түркіттер өз үйінде**

**Әскери іс.** Түркіттердің жалпы тарих сахнасына ала шыққан мамандығы темір өндіру ісі болатын. Олардың аңызға айналған арғы атасы Ашин теріскейге қашып келіп, «жужандарға темір өндіреді». 546 ж. жужан қағаны Анахуан түркіттер көсемін: «Менің темір қорытатын тұтқыным» деп, түркіттердің басты кәсібін айрықша атайды.

Археологиялық барлау ісі түркіт металлургиясының VI–IX ғ. жәдігерлерін тапқан. Алтайдан сол кезеңдерге жататын тайыз апандар, забойлар сияқты темір өндіру ісінің іздері кездескен. Темір балқытып алу әдісі – сазды үрлеу. Темір қышқылы көміртегі қышқылымен химиялық жол арқылы қосылғанда, ол кәдімгідей күйтіне келіп, кеуекті құйма металл болып шығады. Кеуек темірдің сапасы қазірдің өзінде домналық темірден артық саналады.

Жоғары сапалы темірден алтайлық ұсталар бір жүзді пышпақ, балта-шоттар, үзеңгілер мен ауыздықтар, семсерлер мен наркескендер, найза мен жебе ұштарын, сол сияқты қазанның екі түрін – аспалы және тағанды қазандар жасайтын болған. Металдарды өндіріп, өңдеу ісі сол заманда қазіргі Тува жерінде де жүргізілген, онда тек темір ғана емес, алтын мен күміс те, қалайы мен мыс та өндірілген.

Қырғыз қағанатының кіндігін құраған Хакасияда темір көптеген жерлерде өндірілгенге ұқсайды. Қарағай ормандары атаулының бәрінен ертедегі темір балқытатын пештер орны кездеседі. Алтай та-

уындағы сияқты, бұл арада да еңбек құралдары мен қару-жарақтар – семсерлер мен қанжарлар, сол сияқты ат ер-тұрмандарының бөлшектері жасалынған.

Түркіттерге тұстас-тұрғылас болған Аңғар өңірі құрықандарының мәдениеті де көз тартады. Әуелгі кезде 1912–1914 ж. археологиялық қазбалар нәтижесінде олар «құрымшы ұсталар» деген атақ алады, ал А. П. Окладников олардың құрықандар екенін анық дәлелдеді. Құрықандардың құйма темірі құрамының 99,45% -ы таза металл болған, сол себепті де ол өте берік, өңдеуге, шыңдауға қолайлы болған. Олар бұдан пышақ, найза мен жебе ұштарын жасаған, тесілген қазан түбін жамаған. Сонымен бірге құрықандар мал шаруашылығымен айналысқан, тіпті жер суарып, егін еккен.

Металлургияны дамыту түркіт хандарының қалың әскерін қайта қаруландырып, сауытты салт аттылардан таңдаулы да пәрменді бөлімдер – қытай бастау дерегінде айтылатын фулилерді (яғни бөрілерді – өздерінің шыққан тегі бөрі болғасын осылай атаған) құрған. Оларда ер қаруы – мүйіз садақтар, көк сауыттар, найзалар, қылыштар мен шоқпарлар түгел бар еді.

Эрмитажда түрік сайыпқырандарын бейнелейтін тас мүсіндер сақталған. Осынау мүсіндердің кейінгі уақытқа (VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың басы) жататыны даталанып белгіленгенімен, оларда бейнеленген қару-жарақ VI ғасырдың аяқ кезінен кейін онша өзгермеген шығар деп ойлауға болады. Өйткені бұл уақыт ішінде мәдени дәстүр қайта алмасқан жоқ. Бұл мүсіндер Тұрфанға жақын жердегі қытай бекзатының мазарынан (Тұйық Мазар, Тұйық шатқалындағы қорым) табылған. Мұндай олжаны тағы да Тұрфанның маңындағы Астана қыстағынан А. Стейн табады. Жаяу әскер мен атты әскерлер де көлікпен жүруге бейімделген киім киеді. Бұдан түркіттерде жаяу әскердің жауынгердің айрықша түрі ретінде болмағаны байқалады. Әскери киім-кешек бас киім мен сауыттан тұрады, ал біріншісі металл қаңылтырмен көмкеріліп, қоңыр-қызыл, түгі сеңсең сияқты, жиектелген қазіргі қазақ құлақшынына ұқсайды. Сарбаздар биік жағасы иекке дейін жететін шекпен киген. Шекпеннің етегі тізені жауып тұрады және оң жағынан ілгектенеді екен дағы, оның сол өңірі сыртына шыққан. Шекпеннің үстінен металл пластиналардан құралып, қоңыр-қызыл түспен жиектелген сауыт киген. Сауыт тізеге дейін жететін шолақ, белі жіңішке белбеумен буылады.

*Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994, 64-б.*

### **Көк түріктер өздері туралы**

**Күлтегінге ескерткіш.** Көлемі 80×40 метрлік бүкіл құрылыс шығыстан батысқа қарай созылған. Ол қақпалары алдына келіп тірелетін орлармен және үсті черепицамен (қатырма балшық) жабылған, ке-

сек дуалдармен айнала қоршалған. Ал ол дуалдары іші-сыртынан сыланып, әктелген. Қақпалар алдында – бір-біріне қаратылған қойлардың мәрмәр мүсіндері. Солардың артқы жағынан тас төселген жол мен артылған жаңбыр суы керамика құбырымен ағып барып құйылатын тоған тартылған. Соған жалғастырыла мәрмөрдан жасалған тасбақаның жонына жазуы бар атақты ескерткіш құлпытас (мәңгілік символы) бекітілген. Археологтың пікірінше бұл құлпытас төбесі черепицамен жабылған павильонның ішіне орналастырылған болса керек; павильон қабырғалары сыланып, әктелген. Сол павильоннан жол храмға тартады; жолдың екі жағынан бейне бір құрметті қарауылда тұрғандай, адамның табиғи шамасына сәйкес қалыпта төрелер мен қызметшілердің мүсіндері тізілген. Жоспарында храм шаршы тұрғыда өрілген, 10,25×10,25 м. Оның ақ қабырғалары қызыл безектермен өрнектелген; төбесі меруерт жиекті черепицамен жабылған; қабырғаларында айдаһарлардың күйдірген саздан істелген пішіндері бар. Храмның ішінен ошағымен бірге құрбан шалынатын жер және Күлтегін мен оның әйелінің мәрмәр мүсіндері орын тепкен.

Басын ашып алатын бірінші мәселеміз – олардың жазылған уақыты. Күлтегіннің үлкен жазуында ескерткішті тұрғызудың дәл мерзімі қойылған: «мешін жылы (732 ж.), жетінші ай, жиырма жетінші күн», Қытай эпитафиясы да сол мерзімді көрсетеді. Мазмұнынан көрініп отырғанындай, қытай мәтіні сол кезде, жерлеу мен қабір үстіне ескерткіш тұрғызу оқиғасына байланысты жазылған. Алайда бұл түрік мәтінін құрастырған немесе жариялаған кез емес, өйткені жазуда тарихи баяндау тек 716 жылға дейін ғана жеткізіліп, ең қызық жерінде үзіліп қалған. Күлтегін жасаған төңкеріс және оның немере аға-інілерін өлтіруі еске салынбаған және бұл, сірә, тегін емес. Осымен қатар жазу мәтіні 719 жылдан кешіктірілмей құрастырылған, өйткені онда 720 жылғы ұлы жеңістер суреттелмеген әрі тіпті басмылдардың есімдері де айтылмайды. Демек, біз таста 732 жылмен мәңгі есте қалдырылған мәтіні 716 және 720 жылдары аралығында, онан да дәлірегі 717–718 жылдар құрастырылған деген қорытындыға келе аламыз. Ол кезде Білгехан күйзеліске ұшыраған елді қалпына келтіре отырып, қалың жұртшылыққа үндеу тастаған. Бастапқы кездегі тарихи шолу да, бектер мен халықты өсиеттеу де, Күлтегіннің қайтыс болғанына дейін, яғни 14 жыл ішінде мәтінге тек қана Күлтегінге арналған эпитафия қосылғанына қарамастан үлкен және кіші жазулардың бүкіл бағдарламалық сипаты да, міне осымен түсіндіріледі. Сірә, мәтіннің өзі қайта өңдеуге жатпайтын әдеби шығарма ретінде қаралған болуы керек. Осыдан біздің мынадай қорытынды жасауымызға болады: халыққа үндеу шынында да Білгеханға жақсы нәтижелер берді, өйткені ол халық арасында әйгілене түсті – бүйтпеген жағдайда тас бетінде мәңгі қалдырған кезде мәтін міндетті түрде өзгертілер еді, яғни толықтандырылар еді.

Күлтегін жазуы жазылған уақытқа Тоныкөк жазуы да жатады. «Білгеқаған халқына» үндеу тастағандықтан да, ол 716 жылдан соң және 720 жылға дейін құрастырылған, өйткені басмылдармен күрестегі дана Тоныкөктің сіңірген еңбегі жөнінде бұл жазуда еш нәрсе айтылмаған. Оның үстіне жазу Тоныкөк қуғында жүргенде және халыққа үндеу тастауы арқылы өзінің еңбегін ханға мойындаттырып, өзін сарайға қайтаруына әрекеттенген кезінде құрастырылған. Оның бұған 719 жылы ғана, Сұлу Қытайдан хан атағын алғаннан кейін ғана қолы жетті. Олай болса жазу мәтіні 717–718 жылдары құрастырылған, сөйтіп біз бір тақырыпқа сөзбен қақпайласушы екі жазудың сақталып қалуы сияқты сирек кездесетін оқиғаға тап болып отырмыз.

Үшінші құжат – «*Онғын тасы*» – айдаһар жылында<sup>14</sup>, яғни 716 немесе 728 жылдары орнатылған. Білгеханның таққа отырғанына дейінгі, яғни 716 жылға дейінгі оқиғалар ғана суреттелгенімен, бірінші мерзім сенімсіз. Бірақ 716 жылғы құрастырылған мәтін жартасқа 12 жылдан кейін ғана қашалып жазылды. Бұл ескерткіш қатты зақымдалғандықтан, ондағы жазуды айырып, ғылыми айналымға қосу қиындыққа соқты. Әйтсе де мәтіннің бұрынғы қалпына келтірілген қолда бар түрі оны осы жанрдың үшінші түрі ретінде Күлтегін мен Тоныкөк жазуларына жатқызуға мүмкіндік береді. Онда 719 ж. өлген (қой жылы) Алп Ілетміш мадақталған. Жазуда марқұмның ұлдары мен інілеріне өзі 716 жылғы төңкеріс кезінде шынайы берілген Білгеханға адалдықтарын сақтауы керектігі жөніндегі өсиеті айтылады. Бұл құжат өзінің бағыты жағынан Күлтегін жазуына жанасады.

**Жанры.** Үш жазудың үшеуі де түрік қоғамының қалың бұқарасына арналған үндеу іспетті. Және де бұл үндеулердің мақсаты еш нәрсемен бүркемеленбеген: халықтың көзін жеткізгілері келеді. Демек, жазулар – үгіттеу, яғни оларда тарихи материал іріктеліп келтіріледі. Сондықтан «Таншуда» оқиғалар барысының жарыспалы түрде баяндалуы біз үшін ерекше бағалы. Бұларды салыстырып тексерген кезде оқиғалардың едәуір дұрыс баяндалғанына, бірақ толық еместігіне көз жеткіздік. Бұл түсінікті де, себебі үгіттік құжатта бейтараптылық тек қисынсыз ғана емес, сонымен бірге ақылға сыймастық. Осындай жанрдың көп болуының өзі түріктерде сөздің күші ақиқатты шынайы күш болып есептелгендігіне сендіреді. Олай болса, бұл – дамыған қоғам еді және онда қоғамдық пікір өмір сүріп жатты.

**Композициясы.** Жазулардың композициясын зерттеу қызықты қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жоғарыда Йоллығтегін мен Тоныкөктің жазулары – қақпайлы құжаттар екендігі көрсетілді. Олардың композицияларын салыстыру бұған күмән қалдырмайды.

Бұл жағдайда барлық күшімен «бастықтарға жағынып қалуға» тырысатын Алп Ілетміш жазуы қызғылықты. Аталмыш жазу тарихты ресми түрде баяндаудан басталады; бұдан әрі ол өзінің атақшени бар туыстарын көрсетеді; мұнан соң ол өзінің Қапаған ханға да, Ілтеріс ханға да адал болғандығын атап көрсетеді, ал Білгеханға одан да адал екендігі даусыз. Ол тіпті балаларын да осы принципте тәрбиелейді. Қысқаша айтқанда, ол оқырманды өзінің ниеті түзу екендігіне сендірмекке тырысады. Сірә, бұл оған қажет те болған шығар, өйткені Қадаз маңындағы шайқастан кейін әскерге қолбасшылық жасауды Күлтегіннен басқа ешкім де емес, дәл сол қабылдап алды. Ол Мочурдың тірі қалған жақтастарының бірі еді.

*Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994, 328–333-б.*

### **Батыс Түрік қағанаты**

**Мемлекеттің жүрегі.** Қағанатты бөлу ісі түркіт халқының ерік-жігері мен тілек-талабына қарсы, бөтен күштің, тіпті жаулық әрекеттің ықпалымен жүзеге асырылғанына қарамастан, бір кездері біртұтас болған екі жартысының жолдары мейлінше әр түрлі болып шығады.

Шығыстағы хал-ахуал онша өзгермеген еді, өйткені қытай протектораты түркіттердің дәстүріне де, өндіріс әдістеріне де, шаруашылықты жүргізу жүйесіне де тиіспейді. Шығыс түркіттер этникалық ауызбірлігі берік топ болып қала береді және олардың потенциалды күші кез келген көрші халықтың күшінен едәуір мол-ды. Бір ыңғайлы, киелі сәт туа қалса, сайын далада түркіттердің саяси басымдығы мүмкін болып қана қоймай, қалпына түсуге де тиіс еді.

Батыстан біз мүлде басқаша суретті көреміз. Ол жақта түркіттер үркердей аз болатын. Істемихан өзімен бірге қанша нөкер ертіп кетсе де, олар бөрібір бағындырылған облыстарда теңіздің тамшысындай ғана болар-ды. Олар өзіміз түрік тектес деп атай алатын – жергілікті халықтар арасына, әлде сіңісіп жоғалып кетуі керек-ті, әлде өз руластарының басым көпшілігі Сүй императорының табаны астына түсіп қалғаннан кейін солардың құрбандығына шалынуы керек-ті. Бірақ бұл екеуі де емес, үшінші бір құбылыс пайда болады: Жетісу мен Шу алқаптарының, Еділ мен Кубанның төменгі жағынан, Ертіс пен Есілдің жоғарғы жағының көшпелілері Ашина әулетін адал, ақ көңілмен қарсы алады. Сол сияқты Тәрім мен Әмудария өңірі көгалды нулы аймақтарының отырықшы халқы мен тіпті Гиндикуш пен Кавказ жоталарының тұрғындары да тап сондай пейіл көрсетеді. Сонымен түркіттер бұл жақта да билеушілік жағдайын сақтап қалады.

Істеми мен Қара–Сор түріктің тек қолбасшылары ғана емес, аса көрнекті әкімдер болғанын да мойындауға тура келеді. Олар өздері жаулап алушылар ретінде мекенжайларына келіп кірген халықтар-

ға қолайлы тіршілік жағдайын жасайды. Ұдайы болып жататын уақ соғыстардан әл-дәрмені бітіп, әбден азып-тозған, басы бірікпейтін уақ тайпалар тыныш өмірдің дәмін татып, өздерінің көшпелі мал шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндік алады да, бұл өз жүйесімен жүріп отырып, бірлік-ынтымақ санасының тууына апарып соғады, сол кезден бастап ол түріктік бірлестік деп атала бастайды. Бұдан билеуші жікті құрайтын түркіттер санының аз болуы – жаңадан пайда болған жүйенің орнықтылығын қамтамасыз еткен деп қорытынды жасаған дұрыс. Хан нөкерлерін асыраудың ауырлық түсірмейтіні сондай, салық төлеушілердің қарсылығын тудырмайды, ал бір ғана, бірегей өкіметтің болуынан түсетін пайда жұрттың бәріне аян болатын. Сыртқы саясат жөнінде мемлекет алдында тұрған мақсат – ұлы керуен жолы үшін күрес – қағанаттың оңтүстік... бодандары үшін баю көзін ашатын, ендеше бұл арада да ел мен әулет мүдделері табысып жататын. Бірақ нақты күш үкіметте емес, халықтың өзінде болғандықтан да, біз барша институттар мен күштердің арасалмағының біртіндеп өзгере бастағанын байқаймыз, міне осы өзгерістер Батыс Түркіт қағанатының 659 ж. құлайтын кезіне дейінгі тарихын құрайды. Бірақ енді алға озып кетпей-ақ, назарымызды 609 ж. жеткіншек Чулохан кезінде қалыптасқан жағдайға аударайық, бірақ сипаттаманың алдына тағы бір аса маңызды жалпы пікірді салып жіберейік.

Кейінірек мұсылмандар түріктермен жолығыса жүріп, олардың өз айналасындағы халықтармен ортақ тіл таба білетін ғажайып қасиетін атап өтеді. Олар бұл қасиетін жаңа елге жеңушілер есебінде ме, әлде мейман есебінде ме, жалдамалылар немесе әскери тұтқынқұл есебінде келе ме – бәрібір, әйтеуір ұдайы көрсетіп отырған, кез келген жағдайда да олар, басқа халықтардың өкілдеріне қарағанда, карьераны (іс-әрекеттің барша саласында табыспен алға жылжу) ойдағыдай жасайтын болған...

Басшылық етуге үміттілер ішінен екі тайпа одағы ерекшеленіп көзге түседі: олар – Жетісу мен Батыс Жоңғариядағы Дулу мен Батыс Тянь-Шаньдағы Ыстықкөл өңірін мекендейтін нушебилер еді. Осынау одақтың әрқайсысы бес тайпадан тұратын, содан да болар, Батыс қағанатын кейде «он тайпа» деп те атайтын, бұл осы тайпалар одағының күллі мемлекет үшін маңызының зор болғанын ерекше бөліп көрсетеді. Бұл атпен бірге «жабғы-түріктер» деген ат та кездеседі, бұл Батыс қағанатта тұратын түркіттерді, Елхан Бумынның тұсында Істемидің жабғы болғанын ескеріп, осылай атап кеткен. Гәп мемлекет туралы болған күнде осы екі ат бірінің орнына бірі жүре береді, бірақ екеуінің қатар болуы – түркіттер мен «он тайпаның» түріктері арасындағы айырмашылық VII ғасырда әлі жойылмағанын көрсетеді.

*Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994, 145–147-б.*



## Он оқ

Жоңғарияны қайта қосып алу Батыс қағанатының халықаралық беделін өсіреді, бірақ бұл нығайтудың аяғы ішкі қайшылықтарды шиеленістіре түседі де, жаңа дүрбелең тудырады. Шын мәнінде Сыжабғы мен Шениді жеңу жергілікті тайпалардың түріктерді жеңген салтанаты болатын. Әулетті сақтау әлі де болса мемлекет бірлігін берік сақтап тұрған, бірақ Ышбара Төлішад ханның нақты әскери күші жоқ-тұғын, ол тек өз еркімен бағынатын бектерге ғана сүйенетін, бұл мейлінше сенімсіз нәрсе еді. Дулы мен нушебидің бектері өздеріне сырттан төнетін қауіп жоқтығына көздері жегісімен-ақ, олар ханға өз дегенін істете бастайды. Ол жоғарғы өкіметті бұрынғыдан бетер әлсірететін реформаны жүзеге асырады. 635 ж. дулу мен нушеби тайпалары өздерін өздері басқаруға қолы жетеді, дулудың бес тайпасы мен нушебидің бес тайпасы бір бастықтан алады, бірақ ашина руынан емес, тегі жергілікті тайпалар тектілерінен алған болуға тиіс. Бұл бастықтардың әрқайсысы шадпен, яғни текті ханзада дәрежесімен теңестіріледі. Олардың әрқайсысына өкімет бейнесі ретінде бір-бір жебеден беріледі де, «Он оқ түріктері» деген ат содан шығады. Екі одақтың, дулу мен нушебидің шекарасы болып Шу өзені белгіленеді.

Әлбетте, сепараттық – оқшаулану ағымына бейімделу онсыз да қақырап жатқан мемлекетті құтқара алмайды. Жаңа тәртіпті көп адамдар қанағат тұтады, бірақ бәрі емес. Әрине, одан Батыс қағанатта тұратын түріктер жәбір шегеді. Олар өздерінің артықшылық жағдайынан айырылады, биліктегі үлесі азаяды. Олардан басқа оқ ала алмаған тайпалар көсемдері де наразылар қатарына қосылады, ал ондайлар аз болмайтын, әсіресе, солтүстік пен жоңғар тайпалары арасында. Таңдаулылар қатарына қарлықтар, яғма, қыпшақтар, басмылдар, сол сияқты хұндардың ұрпақтары шүйлер, шумилер мен шатолар кірмей қалады. Әсіресе мына соңғылары қатты өкпелі болады, өйткені олармен туыс шүмүгіндер мен шубан – қалаулылар қатарына қосылады. 633 ж. Ышбара Төлішад хан олардың көсемінен өкіметті тартып алмақшы болған кезде бұл тайпалар шығысқа алысырақ көшіп барып, Баркөл маңындағы шатолар даласынан қоныс теуіп, император Тайцзунға өздерін бодан етіп алу жөнінде өтініш айтқан болатын. Алайда сол кезде шығыс Тянь-Шаньда қалыптасқан күрделі саяси жағдай осындай тайпалар мен олардың көсемін өзге жолмен жетелеп кетеді.

Тап осы шақта Шығыс Түркістандағы саяси жағдай қиындап, шиеленісіп тұрған. Баяғы 20-жылдары құлатылған Сүй әулетін жақтайтын қытайлар түркіттер арасына қашып келіп, солардың көмегімен Тан әулетіне қарсы күресті жүргізе бермекші болған. Кат Елхан талқандалғаннан кейін, Тайцзунның талап етуімен 80

мың қытай эмигрантының Қытайға қайтарылғанын жоғарыда айтқан едік, бірақ Тан үкіметінің бітіспес жаулары Гаочанға (Тұрфан) қашып кетеді, оларды кінәздің билеушісі Кюй Вэнь-тай қабылдайды.

Гаочан өулетінің шыққан тегі қытайлық, бірақ олар атам заманнан түріктермен туыстасып кеткен-ді. Өздерінің шағын мемлекетін талаудан сақтап қалу үшін, Гаочан билеушілері Қытайға да, Батыс Қағанатына да жағынып, жалбақтап тұруға мәжбүр болады. Олар 630 жылға дейін Сүй және Тан өулеттерімен де ойдағыдай қарым-қатынас жасап тұрады.

*Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994, 208–211-б.*

## **Батыс Түрік қағанатының ордасы**

**Мыңбұлақтан Жиедөн тауына дейін.** Шықуей қағаннан кейін Батыс Түрік қағанатының Туңиеху қағаны оңтүстік ордасын Текес өзенінің аңғарынан Жетісу алқабына көшіреді. «Ескі Таң кітабы. Түрік баянында» Туңиеху қаған «Ежелгі усұнның жерін мекендеген. Кейін ордасын Тас (Ташкент) мемлекетінің теріскейіндегі Мыңбұлаққа көшіріп әкелді» делінген. Археологиялық зерттеулерге қарасақ, Мыңбұлақтың жұрты қазіргі Қазақстанның Жамбыл (Тараз) қаласының шығыс оңтүстігінен сәл шығысқа қарай 80 километр қашықтықтағы Талас өзенінің жоғарғы ағысында. 1896–1898 жылдары В. Каллаур мен Г. Хейкель Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Дмитрий ауылының маңынан түріктің қыруар руникалық ескерткішін тапты. Осыдан бұл жер түріктердің тіршілік еткен маңызды мекені екенін білуге болады. Туңиеху қағанның ордасы осы арада болған.

Мыңбұлақ – Туңиеху қағанның солтүстік ордасы. Оның оңтүстік ордасы Әмудария алқабындағы Дашианың маңында болуы мүмкін. Шиуән Заң тұсындағы Батыс Түрік қағанатының қағаны – Туңиеху қаған.

Батыс Түрік қағанатының билік орталығы Орта Азияның Жетісу алқабында болды. «Ескі Таң кітабы. Түрік баянында» Ибишаболоиеху қаған таққа отырғанда ордасын Сүйхы суының солтүстігінде құрған. Оны «Оңтүстік орда» деп атаған. Шығысындағы Іле өзенін шекара еткен. Чуцы, Шәншән, Чемо, Тухоло, Янчи, Тас, Шы, Му, Кан мемлекеттерінің бәрі оның қарамағында болды». Сунтиәншунән Сүйхы суын «Тайболи тарихындағы» Суябтың аудармасы, яғни Суяб суы деп таныды. Бұл қазіргі Шу өзені. «Хуан хуа Сыда жазбасында» «...тағы да 20 лидан кейін Суяб қаласына жетеді. Қаланың солтүстігінде Суяб суы бар. Судың теріскейінен 40 ли жерде Жиедөн тауы бар. Он оқ халқы осы жерде өздерінің билеушілерін сайлайды» делінген. Ендеше Шаболо қаған тағы да Батыс Түрік қағанатының қаған ордасын Суяб өзенінің солтүстік жағалауындағы Жиедөн тауына көшірген. Ағылшын ғалымы Т. Клаусонның дәлелдеуі бойынша



ежелгі Суяб қаласы Шу өзенінің оңтүстік жағалауындағы Тоқмақ қаласының батыс оңтүстігінен 8 километрдегі Ақпешім деген жерде. Оның айтқаны шындыққа келеді. Онда Шаболо қағанның ордасы Жиедөн тауында болуға тиіс. Француздың ғалымы Жилоның тұжырымы бойынша Жиедөн тауы қазіргі Алатау...

Батыс Түрік қағанаты қағанының ордасының ең соңғы көшуі 650–655 жылдары шамасында болған. Бұл – ашина Хылу Жиңиа тауында орда құрған кезі. 659 жылы Су Диң Фаң Таң патшалығының әскерін бастап, Хылу әскерін талқандап, оның өзін тұтқындайды. Сондай-ақ Таң Зуң патша Батыс Түрік қағанатының мекен жерінде тәуелді тұтқ қарауыл қызметін құрады.

*Таным тармақтары. А., 1998. 188–189-б.*

## Түркілер туралы Орхон-Енисей жазба деректері

### Күлтегін

*(Кіші жазу)*

Тәңірдей тәңірі жаратқан  
Түрік Білге қаған,  
Бұл шақта отырдым.  
Сөзімді түгел естіңдер:  
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,  
Біріккен өулетім, халқым,  
Оңымда – шад, апа бектер,  
Солымда – тархан, бұйрық бектер  
Отыз.  
Тоғыз оғыз бектері, халқы,  
Бұл сөзімді мұқият тыңда,  
Терең ұқ.  
Ілгері – күн шығысында,  
Оң жақта – күн ортасында  
Кейін – күн батысында,  
Сол жақта – түн ортасында  
Осының ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды.  
Халықты осыншама көбейттім.  
Егер қазір баяғы кексіз түрк қағаны Өтүкен  
қойнауында отырса,  
(онда) елде мұң жоқ.  
Ілгері – Шантуң жазыққа дейін жауладым,  
Теңізге сәл жетпедім.  
Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін жауладым,  
Тибетке сәл жетпедім.  
Батыста – Инжу өзенін кеше

Темір қақпаға дейін жауладым.  
Терістікте – Байырқы жеріне дейін жауладым,  
Осыншама жерге дейін жорттым.  
Өтүкен қойнауының нағыз иесі  
жоқ еді, бірақ ел тұтатын жер осы  
Өтүкен қойнауы еді. (Дәл) осы жерде отырып,  
табғаш халқымен табыстым.  
Алтынды, күмісті,  
дақылды, жібекті соншама шексіз беріп  
жатқан табғаш халқының сөзі  
тәтті, бұйымы асыл еді.  
(Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын  
беріп, жырақтағы халықты (өзіне)  
сонша жақындатар еді. Жақын қонып, сосын  
(олардан) әдепсіз қылықты үйренуші еді.  
Ақылды кісілерді, батыл кісілерді (табғаштар)  
қозғай алған жоқ.  
(Егер) бір кісі жаңылса (онда)  
руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді.  
Тәтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып,  
Түркі халқы, қырылдың,  
Түркі халқы, жойылдың.  
Түстікте – Шұғай қойнауы түгіл,  
Түн жазығына қоныстансақ деуші ең.  
Түркі халқы, жойылдың.  
Сонда өш адамдар былай иландырып еді:  
«Жырақ болса, жаман сыйлық берер,  
Жақын болса, жақсы сыйлық берер», – деп.  
Осылай иландырып еді.

### Күлтегін

(*Үлкен жазу*)

Биікте көк төңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.  
Адам баласы үстіне ата-тегім  
Бумын қаған, Істеми қаған отырған.  
Отырып, түркі халқының  
Ел-жұртын қалыптастырған,  
иелік еткен.  
Төрт бұрыштың бөрі дұшпан екен,  
Сарбаздарымен аттанып,  
Төрт бұрыштағы халықты

Көп алған, бәрін бейбіт еткен,  
Бастыны еңкейткен,  
Тізеліні бүктірген,  
Ілгері – Қадырқан қойнауына дейін,  
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.  
Екі аралықта жүрген иесіз көк  
түріктерді осылай қоныстандырған екен.  
Білге қағандар екен.  
Алып қағандар екен.  
Әміршілері де білгіш болған екен.  
Алып болған екен.  
Бектері де, халқы да сенімді екен.  
Сол үшін де елін сонша (ұзақ) билеген екен,  
Ел ұстап, заң жасаған,  
Өздері қаза болған.  
Жылаған-сықтаған:  
Әуелі күн шығыстан  
Беклі шөлінің елі,  
Табғаш, тибет, авар, үрім,  
Қырғыздар, үш құрықандар,  
Отыз татар, қытай, татабылар –  
Осыншама халық келіп,  
Сықтады-жылады...  
Ұша барды.  
Әкем қағанның басына  
Баз қағанның балбалы қойылды.  
Оның елінің үстіне ағам қаған болды.

\* \* \*

Көгменнен аса қырғыз жеріне дейін аттандық.  
Бас-аяғы жиырма бес (рет) аттандық.  
Он үш рет соғыстық.  
Елдігін әлсіреттік,  
Қағандығын қағансыраттық.  
Тізеліні бүктірдік,  
Бастыны еңкейттік.  
Түргеш ханы – түркіміз, (өз) халқымнан еді.  
Білместігі үшін,  
Бізге жауыздығы үшін қағаны өлді.  
Әміршілері, бектері және өлді.  
Он оқ халқы азап көрді.  
Атамыз, бабамыз ұстаған  
Жер-су иесіз болмасын деп,

Аздарды<sup>1</sup> халық етіп құрап,  
(Оларға) Барс бек болды.  
Қаған атағын оған біз бердік.  
Қарындасымды – қаған қызын бердік,  
Өзі жаңылды, қағаны өлді,  
Халқы күң, құл болды.  
«Көгмен жер-су иесіз қалмасын», – дедік.  
Аз, қырғыз халқын жинап,  
Келдік, соғыстық.  
Елін қайта бердік.

### Тоныкөк

Тоныкөк – өз заманының атақты аса батыр, әрі ақылды адамдарының бірі. Ол Қытай жерінде туып, оқып білім алған. Тоныкөк Елтеріс қағанның ең сенімді кеңесшісі болған.

Білге Тоныкөк<sup>2</sup>, мен өзім, табғаш елінде тәрбиелендім.  
Түркі халқы (ол кезде) табғаштарға бағынышты еді.  
Түркі халқы, ханы болмай, Табғаштардан ажырады,  
хандық құрды.

Хандығын тастап, Табғашқа қайта бағынды.  
Тәңірі (сонда) былай деген екен:  
Хан бердім, ханыңды тастап бағындың.  
Бағынғаның үшін (басқаға) Тәңірі (сені) өлімші етті,  
Түркі халқы қырылды, әлсіреді, жойылды.  
Түрк – сір халқы жерінде тіршілік қалмады.  
Ойда-қырда қалғаны жиылып жеті жүз болды.

Екі бөлігі атты еді.  
Бір бөлігі жаяу еді.  
Жеті жүз кісіні ерткен ұлығы шад еді.  
– Ілесіңдер! – деді.  
Ілескені мен едім – Білге Тоныкөк.  
Хан сайласам не? – дедім,  
Ойладым:  
Семіз бұқаны, арық бұқаны, – дедім,  
айыра білмес дедім,  
Осылай ойладым.  
Сөйтіп, тәңірі ақыл берген соң,  
Өзім оны қаған еттім.

---

<sup>1</sup> Өңгіме жердің кеңдігі, халық тұрмысының түзелгендігі жайында.

<sup>2</sup> Орыс тіліндегі аудармаларында Тоньюкук деп жазылады.

Білге Тоныкөк – бойла баға тарқанмен  
(Мен, Елтеріс, қаған болайын) – деді.  
Түстікте – табғашты,  
Шығыста – құтанды,  
Терістікте – оғұзды өте көп қырды.

*Йоллыгегін. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші  
(Көне түркі тілінен аударған М. Жолдасбеков).  
А. 1986. 40–41, 44–45, 48–49, 68–70-б.*

## **Оғыз-наме. Махаббат-наме**

...Енді бұ шақта оң жақта Алтын қаған деген бір қаған бар еді. Осы Алтын қаған Оғыз қағанға елші жұмсап жіберді. Көптен-көп алтын, күміс тартып, көптен-көп жақұт сияқты сирек тас, көп асыл жиһаздар жинап жіберіп, Оғыз қағанға сый-сыяпат берді, аузына қарады. Жақсы бекпен достық қылды. Онымен ынтымақта болды. Сол жағында Ұрұм деген бір қаған бар еді. Осы қағанның шеруі (әскері) көптен-көп, қалалары көптен-көп еді. Осы Ұрұм қаған Оғыз қағанның жарлығына көнбей, бағынғысы келмеді. Бұл сөзді қабыл алмаймын деп, жарлыққа мойынсұнбады. Оғыз қаған қаһар шашып, оған аттанбақ болды. Шеруімен аттанып, туларын көтеріп кетті. Қырық күннен соң Мұзтау деген таудың етегіне келді. Шатырларын түсіріп, шоқ боп, ұйып тұрды. Таңертеңгі шақта Оғыз қағанның шатырына күн сияқты бір жарық түсті. Ол жарықтан көк бурыл, көк жал әйдік бір арлан бөрі шықты. Осы бөрі Оғыз қағанға тіл қатып былай деді: «Ай, ай, Оғыз, сен енді Ұрұмға аттанып барасың.

Ай, ай, Оғыз, мен алдында жүріп отырармын», – деді. Тағы одан соң Оғыз қаған шатырын жинатып, жүріп кетті. Шерудің алдында көк бурыл, көк жал әйдік бір арлан бөрінің жүріп отырғанын көрді. Ол бөрінің артынан қадағалап жүріп отырды. Бірнеше күндерден соң көк бурыл, көк жал бұ әйдік арлан бөрі тоқтай қалды. Оғыз да шеруімен бірге тоқтады. Мұнда Итіл өзені деген бір үлкен (өзен) бар еді. Итіл өзенінің жағасында бір қара тау маңында ұрыс басталды. Оқпен, сүңгімен, қылышпен ұрысты. Шерулердің араларында жойқын көп ұрыс болды. Ел-жұрттың көңілінде көптен-көп қайғы орнады. Шайқас, ұрыс сондай жаман болды. Итіл өзенінің суы қып-қызыл сіп-сіңгірдей болды. Оғыз қаған жеңді. Ұрұм қаған қашты. Оғыз қаған Ұрұм қағанның қағандығын алды, ел-жұртын алды. Ордасына өлідей, тірдей көптен-көп олжа түсірді. Ұрұм қағанның бір қарындасы (інісі) бар еді, Ұрысбек деген. Ол Ұрысбек ұлын тау басында (ғы) Терең өзен ортасында жақсы бекінген қалаға жұмсады. «Енді қаланы қорғау керек», – деді.

*Оғыз-наме. Махаббат-наме (Қазақ тіліне аударғандар Ә. Дербісалиев,  
М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев). А., 1986, 40–41-б.*

## Қорқыт ата

Аңыз бойынша, Қорқыт VIII–IX ғасырларда Сырдарияның жағасында өмір сүрген көрінеді. Қызылорда облысының «Қорқыт» станциясынан 5 км жерде Қорқыттың моласы дейтін күмбез бар болатын, мұны жергілікті жұрт киелі орын санап, басына көп уақыт бойы шырақ жағып келген. Сырдарияның тасқын суынан мүжілген Қорқыт күмбезінің өзен жақ қабырғасы қопарылып, 1952 жылы құлап қалды. 1980 жылы сол зиратқа жақын жерге архитектор В. Ыбыраев пен физик-акустик С. Исатаевтың жобасы бойынша төрт қобызды біріктіру арқылы ерекше архитектуралық келісімде құйылған ескерткіш орнатылды.

Ел аузындағы аңыздардың бірі Қорқыттың жаратылыс заңынан тыс, елден ерекше боп дүниеге келуі және оған Қорқыт есімінің берілуі жайында сыр шертеді.

Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік болады. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтереді. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сәті жетеді. Ана толғатқан кезде күн күркіреп, найзағай жарқылдап, қатты дауыл тұрады. Жер дүниені қара түнек басып, ел-жұрттың үрейін ұшырады...

Бала анасынан туа тіл қатып сөйлей бастайды. Алғашында бұл бір жеті басты жалмауыз болар деп қорыққан жұрт оның адам нәсілі екенін көргеннен кейін ғана көңілдері жайланады. Шілдеханасына жиналғандар: «Бұл ерекше қасиетті боп өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын», – деп, нәрестенің есімін Қорқыт қояды.

Қорқыт туған кезінде,  
Қара аспанды су алған,  
Қара жерді құм алған,  
Ол туғанда ел қорқып,  
Туғаннан соң қуанған, –

деген оның өмірге келуі жайында жыр да бар.

Келесі аңызда Қорқыттың қобыз аспабын ойлап табуы туралы баяндалады. Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде керемет ойнайды екен. Алайда ол оған қанағаттанбай, адам мен жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойлап, тоғыз толғанады. Қарағай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ ары қарай қалай, не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар түйенің терісінен жасалған шанақ, ор текенің мүйізінен ой-

ылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», – деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

Қарағайдың түбінен  
Қайырып алған қобызым,  
Үйеңкінің түбінен  
Үйіріп алған қобызым,  
Желмаяның терісін  
Шанақ қылған қобызым,  
Ор текенің мүйізін  
Тиек қылған қобызым,  
Бесті айғырдың құйрығын,  
Ішек қылған қобызым,  
Құлағыңды бұрайын,  
Осы айтқаным болмаса,  
Қайырып жерге ұрайын, –

деп қобызды қолына алған кезде аспап боздап қоя беріпті. Қобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тыңдапты.

Қорқыт күйлеріне терең философиялық тебіреніс, элегиялық көңіл күй мен майда қоңыр лиризм тән. Күйші шығармаларында халқы мен елінің тағдырын, болашағын ойлап, көкірегі қарс айырыла қамығады, адамдардың қайғы-қасіретіне ортақтасып, мұң-шерін бөліседі. Өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп, ой толғайды. Күйші қобызы бірде тағдырдың қайғы-мұңын шертіп ботадай боздайды, бірде мәңгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сызыла сұңқылдайды.

*Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. А., 1999, 113–144-б.*

## Гардизи<sup>1</sup> қимақтар туралы

...Осыдан кейін Ертіс өзеніне келеді, сол жерден қимақтар елі басталады. Өзеннің екі жағында жабайы жылқылар жайылып жүреді; кейде олардың бір жерде мыңын немесе екі мыңын көруге болады; олар жабайыланып кеткен патша жылқысынан шыққан; олар өсіп-өніп жатыр. Бұл жылқыны арқанмен болмаса ұстай алмайсың; оларды ұстап алғаннан кейін оған мініп, бас үйретеді; олар бас үйретуге көніп, адамдарға үйренісіп кетеді. Ертіс үлкен өзен, егер өзеннің бергі бетінде біреу-міреу тұра қалса, оны арғы бетінен тани алмайсың...

<sup>1</sup> Гардизи – X ғасырдағы араб тарихшысы.

Өзеннің суы қарауытып жатады. Оларда аласа құрылыс жоқ; жұрттың бәрі ормандарда, сай-салаларда және далада өмір сүреді, бәрінің де сиырлары мен қой отарлары бар; оларда түйе жоқ; егер қайсыбір көпес мұнда түйе әкелсе, ол мұнда бір жыл да өмір сүрмейді: түйе осы шөпті жесе болғаны, ол өліп қалады. Оларда тұз жоқ; егер әлдебіреу мұнда бір түйір тұз әкелсе, оны қымбат аң терісіне айырбастап алады; олар биенің сүтін ішеді, мұны олар қымыз деп атайды; қысқа арнап олардың әрқайсысы өз шама-шарқына қарай қойдың, жылқының немесе сиырдың кептірілген етін дайындап алады. Бұл елде қар қалың түседі; далаға жауған қарға найза бойламайтын кездер болды. Қыстығүні олар жылқыны алыстағы елге, Оқтау деген жерге айдап апарды; олардың жер астында қыс кезіне арнап ағаштан жасаған астауы бар; қар қалың түскен кезде олардың жылқысы қыс айларында осы суды ішеді, өйткені олар суатқа бара алмайды. Қимақтардың аулайтын аңдары – бұлғын мен ақ тышқан; олардың бастықтарының атағы – Бамал-Пәйгу (немесе Ямал-Пейгу).

*Деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткен тарихы.  
А. -М., 1935, 1-том, 30–31-б. (Орыс тілінде).*

## Екінші тарау

### VI–IX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОТЫРЫҚШЫ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ МӘДЕНИЕТ

#### Суяб пен Баласағұн

Жетісу өңіріндегі аттары кеңінен мәлім ортағасырлық екі қала әрі жібек жолындағы аса ірі екі орталық болып саналатын Суяб пен Баласағұн қашаннан-ақ зерттеушілердің назарын аударып келеді. Суяб Батыс Түркі және Түргеш қағанаттарының астанасы, ал Баласағұн қараханидтер мен қарақытайлардың саяси орталығы болды. Алайда ортағасырлық авторлар еңбектерінде едәуір мол мағлұматтар келтіріледі, дегенмен осынау қалалардың тарихи тағдырларында әлі де бұлыңғыр тұстар жоқ емес. Бұл олардың тұрған орындарын анықтауға да қатысты нәрсе.

Суяб жайында ең көне, сонау VII ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасырдан қалған деректер қытай мәліметтерінде сақталған. Бұда тәуапшысы Сюань Цзянь 629 жылы Үндістанға бара жатқан сапарында Жетісуды басып өтеді. Сүйе өзенінің маңында ол бір қалаға кез болады. «Оның аумағы 6–7 ли. Онда түрлі елдерден келген көпестер мен соғдылар тұрады екен. Топырағы қызыл, тары мен жүзім өсіруге қолайлы. Сүйеден тура батысқа қарай бір-бірінен бөлек ондаған жеке қалалар орналасыпты». Бұдан әрі Сюань Цзянь Жетісу



қалаларының тұрғындарын, олардың дәстүрлерін, киімдерін, әдет-ғұрыптарын сипаттап, сөзінің соңында бұл қалаларда диқандар мен саудагерлер тұратынын жазған.

Жетісуда түргештер үстемдік жасап тұрған заманда Суябта олардың хандарының бас ордасы орналасты. VIII ғасырдың алғашқы отыз жылдығында қалада ішкі қақтығыстар болып тұрғаны айтылады. Атап айтқанда, 740 жылы түргеш әмірлерінің бірі Мюхе-даған Ферғана және Ташкент әмірлерімен күш біріктіре отырып Суябтың маңында түргеш қағанының ұлы Сулиді талқандап, өзін түргештердің әміршісі деп жариялайды.

VIII ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі деректер ұсынатын беймәлім автордың «Худуд аль-Алем» атты еңбегінде, сондай-ақ Гардизидің «Зайн әл-ахбар» («Баяндау көркі») шығармасында Суяб туралы мынадай сипаттама келтіріледі: «бұл 20 мың адам тұратын үлкен мекен. Шаһардың әміршісі Ялан шах есімді джабгудың бауыры екен».

Баласағұнды басып алған түркілер (қараханидтер) ислам дінін қабылдап, бірте-бірте Орта Азияны жаулап алады. Баласағұн Қарахан мемлекеттерінің бір бөлігінің астанасы болады.

Әл-Макдисидің деректеріне қарағанда X ғасырдың аяқ шенінде Баласағұн «игілігі мол үлкен елді мекен» болды. Махмуд Қашғари қаланың Құз-Ұлұш және Құз-Урду деген атауларын да келтіреді. Сонымен қатар ол Баласағұн тұрғындарының соғдыша және түркіше сөйлейтіні, Баласағұнда тұратындардың соғды деп аталғаны жайында да баяндайды. «Олардың шыққан тегі соғды, бірақ түркіге айналып, солардың салт-дәстүрлерін меңгеріп кеткен».

Баласағұн туралы мәліметтер ас-Саманиде де кездеседі, ол қала Сейхунның арғы жағында, Қашқар маңында болды деп көрсетеді. Дәл осындай деректерді Якут те қалдырған. 1130 жылдар шамасында Баласағұнды қарақытайлар басып алған. 1210 жылы қарақытайларды Хорезм шаһы Мұхаммед талқандайды да, баласағұндықтар осы қолайлы жағдайды пайдалана қояды. Олар жеңіліске ұшыраған әскерді қалаға кіргізбейді. Алайда біраз уақыт қыспақта болған қала беріліп, талан-таражға түседі. Деректерге қарағанда, ұрыс кезінде 47 мың адам қаза тапқан. 1218 жылы Баласағұнды монғолдар ұрыссыз басып алады да, оған Гобалық (Жақсы қала) деген ат береді.

Монғолдар тұсындағы Баласағұн туралы деректер жоқ. Тіпті Баласағұн жайындағы мәлімет Темірдің Моғолстанға жорығын сипаттайтын еңбектерде де кездеспейді.

«Тан әулетінің тарихындағы» қытай деректері мен Ибн Хордадбек пен Кудамның деректерін өзара салыстырған белгілі шығыстанушы Томашектің пікірінше, Суяб Ыстықкөлдің батыс етегіне қоныс тепкен. В. В. Бартольд Суябтың орнын одан гөрі батысқа қарай іздеу керек дейді. Зерттеуші сондай-ақ Баласағұнды белгілі бір аймақпен

шектеуді ұсынды, бастапқыда ол Баласағұн мен Суяб қаласының орнын бір қала десе, кейінірек Ақбешім үйінділерін Баласағұн деп есептеді.<sup>1</sup>

## Тараз

Қазақстанның оңтүстігінде қолөнершілер тұрақтары біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың аяғынан-ақ пайда бола бастағандығы мәлім. Көне Жібек жолында қанат жайып, өркендеген осындай қалалардың бірі қазіргі Жамбылдың негізі – ежелгі Тараз (Талас) болып табылады.

VI ғасырдың екінші жартысында Батыс Түркі қағанаты және оның құрамындағы Талас алқабы да Персия, Византия, Үндістан сияқты ұлы мемлекеттер арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастар ықпалында болған. Ол кезде бұл елдер арасында қағанаттың жерімен өтетін Жібек жолы үшін шиеленіскен күрес жүріп жатқан. Сондықтан да олардың әрқайсысы көне түркілерді өздеріне одақтас етуге тырысқан. Осындай мақсатпен Византия императоры Юстиниан түркі қағаны Дизабулға грек Земарх басқарған елшілік жібереді. Елшінің бізге жеткен қолжазбаларында тарихта алғаш рет 568 жылы болған Толос (Талас) қаласы жайлы айтылады.

Сол кезден бастап бұл қала аты парсы, түркі, араб тілдес авторлардың бірнеше ұрпақтары шығармаларында кездеседі. Көне түркі тарихшысы Нершахи өзінің «Бұхар тарихы» деген кітабында 580 жылғы оқиғалар жайлы айта келіп, Таласты Тараз деп қате жазады да, қала осы атпен белгілі бола бастайды. VIII–X ғасырлардағы Шығыс авторлары Таразды базарларында бүкіл дүние жүзінің бұйымдары сатылатын, тек қана түркі (қыпшақ) сөзін ғана емес, сонымен қатар араб, парсы, үнді тағы да басқа тілдерді естуге болатын «саудагерлер қаласы» деп атаған.

Ол кезде қала жайлы араб саяхатшысы әл-Макдиси «Тараз – ірі бекіністі қала, бақтары көп, халқы тығыз, қала сыртында терең ор қазылған, төрт қақпасы және төңірегінде елді мекендері бар. Қаланың орталық бөлігіне кірер қақпа алдында үлкен өзен ағады, өзеннің арғы бетінде де тұрғын үйлер, өзеннен өтер өткелдері бар. Мешіт базарлар арасына салынған» деп жазған. Мұнда қыпшақтар Арқадан түйе, жылқы, қой айдап өкеліп сатып, аң терілерін, иленген көн т.б. заттарды астыққа, матаға, ыдыс-аяққа, қару-жараққа айырбастайтын болған.

Тараздың ең өркендеп өскен кезеңі Қарахан өулеті билік жүргізген X–XII ғасырлармен тұстас. Бұл кезде қала қайтадан салынып, өзінің зәулім үйлерімен, қыш төселген көшелерімен, керуен сарайымен, теңге

<sup>1</sup> Бартольд В. В. Баласағұн туралы. Шығ., 3-т., М., 1965, 357-б. (Орыс тілінде).

соққан ұстаханасымен, сауда-саттығымен, қолөнерімен әлемге әйгілі болған. Қала ішінде су құбыры жүргізіледі, моншалар салынады. Сәулет өнерінің тамаша туындылары бой түзейді. Бұлардың ішіндегі аса көрнектілері – ежелгі Тараз рабадына (қолөнершілер тұрағы) орналасқан Қарахан, қала сыртындағы Бабаджа-қатын, қазақ ұлттық сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып табылатын Айша-биді күмбездері. 1938 жылы археолог-ғалым А. Н. Бернштам ашқан сарай моншасы – Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орындарының бірі.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құмыралар, шыны, қыштан құйылған мәнерлі ыдыстар, күміс, мыс, қола бұйымдар, осында соғылған теңгелер Таразда қарыштап дамыған қала өмірін көз алдымызға елестетеді.

Бұл дәуірде Тараз әуелде қарақытайлардың, онан кейін Хорезм шахы Мұхаммедтің, ал 1219 жылы Шыңғысхан шапқыншылығына тап болады да тонауға түседі, қиратылады. Бірақ ол мұнан кейін де өз сәулеті мен байлығы арқасында саяхатшыларды таңдандырып, тағы да екі ғасыр өмір сүреді.

Қаланың құлдырауы – XV ғасырдан, яғни ежелгі Қазақстанның қалалары арқылы салынған көне Жібек жолының ұлы географиялық жаңа жерлер ашылуына байланысты өз маңызын жойған кезеңнен басталады. Кезінде әлемге әйгілі үлкен қала орнында XV–XVII ғасырларда шағын ғана елді мекен қалған. Ол XVIII ғасырдан бастап Әулиеата деп атала бастайды.

Қазір мұнда ежелгі Тараз орнының, X–XIII ғасырлардың сәулет ескерткіштері – Бабаджа-қатын, Айша-биді, Қарахан, Шаһ Мансұр күмбездерінің, соңғы дәуірлерде салынған тұрғын үйлер, медресе, мешіт, монша тағы да басқа ғимараттардың негізінде мемлекеттік қорық-мұражайы ұйымдастырылған.

## Отырар

Отырар жұртында тұрғындардың пайда болу кезеңі оның Отырар – Фараб аталуынан әлдеқайда ертеректі меңзейді. Жазба деректерде алғаш рет қала атының аталуы IX ғасырдан көп бұрын, яғни біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы ғасырларға саяды.

Сонымен қатар бұл қаланың тым әріректегі атауын анықтауға мүмкіндік беретін деректер де бар.

Отырар мен осы көгал алқаптың ескі қалаларынан жиналған теңгелер санаты жоғарыда аталған дәуірлерге жатады. Бірінші үлгіге жататын теңгелердің оң бетінде садақ түріндегі түргеш таңбасы, теріс жағында арыстан бейнеленген. Екінші үлгідегі теңгелердің бет жағында «х» белгісі таңбаланған. Жетісуда, Шашта және Соғдыда жасалған ортағасырлық теңгелермен салысты-

рып көргенде бұл жергілікті билеушінің әмірімен шекілген ең жаңа түрлі теңгелер үлгісі болса керек деген ойға келтіреді. Екінші үлгідегі теңгелер Кангу Тарбанның кангар билеушілері қалауымен жасалған болар деген болжам да бар.

Мұның өзі Отырар иелігінің саяси және экономикалық дербестігінің айшықты айғағы және Отырардың VII ғасыр мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қат-қабат оқиғаларда елеулі рөл атқарғандығы жөнінде жазылған деректердің дұрыстығын көрсететін қосымша дәлел...

IX–X ғасырлардағы деректер Отырарды Испиджаб қалалары құрамында атайды. Испиджабтың алғашында халифатқа, кейін саманилерге бағынуы нақты бір сипатта болды, өйткені испиджабтықтардың Бұхараға төлеп отырған салығының өзі символикалық сипатта еді. Деректерде Фараб–Отырар ең алдымен ұзынынан бір күндік жолға жуық алқапты алып жатқан округ орталығы болғаны сипатталады.

IX–XII ғасырлар Орта Азия мен Қазақстан қалаларының өміріндегі өрлеу кезеңі болды. Жаңа қалалар пайда болып, ескі қалалар қанат жайды. Қала жері рабадтар есебінен, яғни сауда-саттық кәсібі жүргізілетін базарлар мен керуен сарайлар есебінен кеңейе түсті. Бұл кезде Отырар 2000 гектар жерді алып жатты. Қазба жұмыстары көрсетіп отырғанындай, XI–XII ғасырларда қала үйлері көшеорамдарға топтасып, өте тығыз салынған.

*Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992, 63–65-б. және 156–159-б.*

## Түркістан

Қазақстандағы ежелгі қалалардың бірі – Түркістан. Ол шаһар атын алған әуелгі бір кездерде Шауғар, кейіннен Йасы, ал XVI ғасырдан бастап қазіргі атымен аталған. Түркістан көбіне көне заманда салынып, біздің заманымызға дейін сақталған тамаша сәулет ескерткіштерімен де әйгілі. Соның бірі – XII ғасырда өмір сүрген көне түркі ақыны, исламды уағыздаушы Ахмет Йасауидің (Йасыдан деген мағынада) қабірінің басына Әмір Темірдің әмірімен тұрғызылған зәулім ескерткіш. Қазақстанның оңтүстігінде туып-өсіп, сол кездегі ғылым мен мәдениеттің кіндігі болған Отырар қаласында білім алған Ахмет Йасауи, кейіннен Бұхарадағы сопылар қауымына (сюлук) еніп, дәруіштік мектептен өтеді. 1140 жылы қауымның басшысы Юсуп Хамадани қайтыс болған соң, оның екі шәкіртінен кейін қауымды Ахмет Йасауи басқарады. Бірақ көп ұзамай бұл «жоғары» қызметті тастап, өзі туған түркі еліне, Йасыға мүлдем қайтып оралады. Ол кезде Сыр бойын мекендеген қыпшақ, қоңырат (қият), қаңлы сияқты

түркі тайпаларының арасында ислам енді ғана орныға бастаған болатын. Сондықтан олар шығыс авторларынан тұңғыш рет өз шығармаларын жергілікті халыққа түсінікті болу үшін көне түркі (қыпшақ) тілінде жазған ақын Ахмет Йасауиді өздерінің рухани басшысы ретінде танып, ол қайтыс болғаннан кейін оның жеке басын әулие деп жариялайды. Міне, «Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» – деген сөз осыдан қалған.

Ахмет Йасауидің қабіріне зәулім ғимарат тұрғызу Орта Азияның бытыраңқы елдерін біріктіріп, қуатты мемлекет құрған Әмір Темір Көрегеннің ішкі есебімен байланысты.

Ескерткіш 1396–1404 жылдары салынған. Оған берген Әмір Темірдің қолхатында (вакуфнамасында) «әмірлердің ішіндегі даңқтысы, барлық халықтардың мархабатты тақсыры, ең жоғарғы мәртебелінің рақымшылығына бөленген жасампаз әмір Темір Көрегеннің бұйрығымен қасиетті бұл ғимарат мәңгі тұратындай дәрежеде салынды. Сондықтан оны ешқандай күш құрта алмайды. Егер кімде-кім белгілі жағдайларда бұза қалса, оны қара бассын!» делінген. Бір айта кететін жай – ескерткіштің кейбір жерлеріне 1723 жылы қалмақтар, 1846 жылы қоқандықтар шабуыл жасаған кезде біраз зақым түскен, ал соңғы патша әскерлерінің шабуылында он бір жеріне зеңбірек снаряды тиген.

Ахмет Йасауи сәулет ғимараты – құрылымдық жағынан жөне ерекше сәнділігімен көз тартатын аса күрделі туынды. Іші-сыртын аралап, тамашалағанда оны техника күші жоқ сол заманда қалай салды екен деп ойламау мүмкін емес. Осындай сәтгерде: «Ғимарат құдайдың құлы Қожа Хасан Ширазидің еңбегі» (М. Е. Массонның аудармасы) деген жазуды оқығанында ерте замандарда халық арасынан шыққан шеберлердің күдіреті алдында бас иесін.

Ғимаратты салуға қыр жапсырмасы мен күйдірілген қызыл қыш пайдаланылған, оның сырты бірнеше түсті плиткалармен безендірілген. Алайда ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерге қарағанда құрылысшыларды Самарқандағы Бибі ханым мешітін салу үшін алып кеткендіктен ескерткіштің кіре берісін әшекейлеу жұмыстары бітпей қалған. Ғимараттың жалпы биіктігі қырық метрге тақау.

Енді біздер ғимараттың ішіне кірелік. Алғаш бас сұққанда байқалатын нәрсе ғимараттың сырты қандай сұлу десек, ішінің төбесі өте биік, бөлме-бөлмелері ақылмен ойластырыла салынғанын байқаймыз. Нақ ортада қазандық деп аталатын басты зал, оның төбесіне Орта Азиядағы ең үлкен (диаметрі 18,5 метр) күмбез төңкерілген. Мұнда көрші асхана залында пісірілген бидай ботқа осында жиналған жарымжандар мен кедей-кепшікке таратылатын болған. Асханада сол кездегі оттық, ас қазаны, екі үлкен астау, тағы да басқа қолөнері заттарымен бірге Түркістан ескерткішінің

құрылымдық ерекшеліктерін баяндайтын мұражайлық экспозиция орналасқан.

Келесі зал – кітапхана. Мұнда бұрын өте ертеден келе жатқан көне кітаптар (мысалы, осыдан алынған XII ғасырда басылған құран, XV ғасырдың алгебра, математика т.б. оқулықтары Алматыдағы Ұлттық кітапханада сақтаулы), басылымдарды қолдан көшіретін орын, ескі мұрағат болған. Мұражай экспозициясы осыдан 2000 жыл бұрынғы пиктографиялық сурет жазуынан қазіргі қазақ алфавитіне дейінгі жазба мәдениет тарихын еске салады, сол сияқты алғаш шыққан қазақша кітаптар мен газеттерден мағлұмат береді, ежелгі кітапхана жабдықтарының кейбір нұсқаларымен – қобдиша, кітапша т.б. таныстырады. Ал кітапханаға тіркесе орналасқан мешіт, қабірхана залдарында қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген.

*Байпақов К., Ерзакович Л. Қазақстанның ежелгі қалалары. А., 1971, 140–141-б. (Орыс тілінде).*

### **Испиджаб (Сайрам)**

Қазақстанның оңтүстік жағында VI–VII ғасырларда Испиджаб, Тараз, Отырар, Құлан, Мерке, Суяб, Талхир, Сауран, Шауқар қалалары пайда болды.

Испиджаб қаласының бой көтерген жері – қазіргі Сайрам кентінің (Шымкенттен 12 км жерде) орны. Бұл аймақ негізінен түргештердің арғу тайпасына қарасты жер болатын.

VI ғасырда тез өсіп жетілген Испиджаб оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығына айналды. VII ғасырда Орта Азияға арабтар келген кезде бұл қала гүлденіп тұрған еді.

714 жылы араб әскерінің қолбасшысы Кутейба Шаш (қазіргі Ташкент) қаласын алған соң Испиджабқа үлкен жорық жасады. Бірақ бұл төңіректегі елдің күшті қарсылығы арқасында көп ұзамай кейін шегінді. Испиджабты өз резиденциясына айналдырмақшы болған араб қолбасшысының жоспары жүзеге аспады.

IX ғасырдың басында Испиджаб Қарлұқ мемлекетінің құрамына енді. 840 жылы Қарлұқ көсемі және Испиджаб басшысы Білге Құл Қадырхан қаған атағын алды. Бірақ сол жылы Испиджаб Орта Азиядағы саманилер шабуылына ұшырады. Саманилермен болған шайқаста Білге Құл Қадыр хан қаза табады. Мұнан кейін мемлекет билігіне оның екі ұлы таласты. Үлкен ұлы Базар Арсылан хан Баласағұн (Шу өзенінің бойындағы қала) аймағын биледі, ал екінші ұлы Оғұлшақ Қадыр хан Тараз (бұрынғы Талас қаласы) аймағын биледі. Тараз қаласын 993 жылы саманилер басып алғанда Оғұлшақ Қашқарияға қашып кетуге мәжбүр болды.

Жоғарыда айтқанымыздай, 840 жылы саманилердің Самарқандағы билеушісі Нух Ибн Асад Испиджабты жаулап алды. Бұл ай-

мақтың жер өңдеу мәдениеті сол заманда өте күшті дамыған болатын. Самани билеушісі Испиджабты және оның аймағындағы егістік (жүзім мен астық) жерлерді сыртқы шапқыншылардан қорғау үшін көптеген қорғандар соқтырды.

Алайда Испиджаб Самани мемлекетіне түгелдей бағынышты болған жоқ. Қала және оның аймағын жергілікті түркі тайпалары биледі. Испиджаб аймағы өте үлкен болды. Оның шекарасы солтүстік-батыста Сауранға дейін, ал Шығыста Талас аймағына дейін созылды.

Дегенмен Испиджаб аймағына саманилер арқылы мұсылман діні тарай бастады. Енді Испиджаб оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен діни орталыққа айнала бастады.

X ғасырдың ақырында, яғни 990 жылы Испиджаб Қарахан мемлекетінің қарамағына енді. Қарахан әскері саманилерді Испиджаб аймағынан түгелдей ығыстырды.

1032 жылдан бастап Испиджаб қаласы Қарахан мемлекетінің басшысы Қадырхан Жүсіптің иелігінде қалды.

Испиджаб XIII ғасырға дейін Жібек жолының бойындағы ірі сауда және мәдениет орталығы еді. Қытайдан шыққан жібек керуені Тараз арқылы Испиджабқа келіп, одан ары Отырар баратын болған.

XI ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік Қазақстан жерінде екі үлкен теңге сарайы бар еді. Олар Испиджаб пен Тараз қалалары болатын. Бұл қалаларда жасалған күміс ақшалар Орта Азияның көп жерлерінде кездеседі. Испиджаб ірі сауда орталығы болғандықтан, айырбас негізінен теңге айналымы арқылы жасалған...

Сонымен қатар Испиджаб – Оңтүстік Қазақстандағы ірі діни орталық болды. Бұған дәлел қала орталығында үлкен мешіттің болуы. Аңыздарға қарағанда Ахмет Йасауи (1166 ж. қайтыс болған) Испиджабтан шыққан. Оның ұстазы мұсылман дінін уағыздаушы әйгілі Арыстан баб болатын.

Сол замандағы араб жазушысы әл-Макдисидің мәлімдеуіне қарағанда «Испиджабтың рабады мен ел тұратын мединасы болған. Мединанада төбесі жабық жібек базарлары мен мешіт орналасқан. Мединаның төрт қақпасы (Нуджакент қақпасы, Фархан қақпасы, Шақрана қақпасы, Бұхара қақпасы) болған және әр қақпаның жанында рабадтар орналасқан...»

### **Ақтөбе (Баласағұн)**

Баласағұн – Шу өзені бойында болған, тарихта белгілі түркі тілдес қарлұқтар, қарақытайлар (қидандар) астанасы. Мәдениет пен өнердің көптеген оқымысты өкілдерін өрбіткен жер. Баласағұнда «Диуани лұғат-ат-түрк» авторы Махмуд Қашғари еңбек еткен. Ұлы Омар Һайям



тұстасы, XI ғасырдың ғажайып ақыны, дүние жүзіне белгілі «Құдатғу білік» авторы Хас Хажип Жүсіп Баласағұнда туған.

Ақтөбе – археологиялық зерттеулерде жиі кездесетін атау. Жамбыл облысының өзінде ғана археологияға қатысты жиырмадан астам Ақтөбе бар. Ескеретін бір жағдай, оның барлығы әрине, әу бастан Ақтөбе емес, Баласағұн орнын да ел бастан Ақтөбе атады ма, әлде топырақ үйінділері алыстан ағарып көрінетіндіктен солай атап кетті ме, әзірше белгісіз.

Бұл қала Қазақ университетінің археологиялық базасына айналдырылған. Студенттер археологиялық тәжірибе жұмыстарын осында өткізіп, қазба жұмыстарын жүргізеді, заттар тауып, қала сырын ашады.

Ақтөбе – ортағасырлық ірі ескерткіштердің бірі. Қала орны – 70 шаршы километрді алып жатыр. Ақсу, Қарабалта өзендерінің Шуға құятын Тасөткел сағасында орналасқан. Сансыз төмпешік, ескі қоныс-тар 1980 жылы ұшақтан суретке түсірілген. Екі жүз метрден жасалған аэротүсірімде қаланың көшелері, қорғандары, қарауыл төбелері айқын көрінеді. Қала жалпы ұзындығы 52 километр келетін орменен бірнеше жерден (әсіресе, батыс жағы) қоршалған. Мұның өзі жаугершілік сырын да аңғартса керек.

Қала үш бөліктен – цитадель (арабша – ішкі шаһар), шахристан (қызметкерлер мекені) және рабаттан (жалпы халық тұрағы) тұрады.

Қаланың V ғасырда көне түркі дәуірінде пайда болғаны, қараханидтер әулеті билік еткен заманда гүлденіп, үлкен астана шаһар болғаны анықталды. Қаланың аса үлкен болғанына ашылған бөлмелер, әкімшілік үйлері, қонақ үйлер, дән сақтап, шарап жасайтын қоймалар, наубайхана, тандырлар мен шығыс моншасы да дәлел боларлықтай. Көп жерлеріне су құбырлары тартылған, әуіздер жасалған. Мұсылман қалаларында қоныстанудың қалыптасқан ғылыми тұжырымдарына сүйенсек, орталықпен қоса оның ең жақын төңірегінде 675 мыңға жуық адам мекендегенге ұқсайды.

Шахристандағы бір бөлмеде қылыш, VII–VIII ғасырлардағы Пенжикент, Отырар, Құсан, Соқұлық заттарына ұқсас тұтқалы таба, майшам тұғыры, археологияда сирек ұшырасатын олжа – арыстан бейнелі мөр, тостаған, қазан, қақпақ, қыш құмыралар, сыры кетпеген ыдыс сынықтары табылды. Осы заттар мен керуен жолдары бұл қаланың ірі сауда орталығы болғандығын көрсетеді.

### **Қойлық (Қаялық), Екіоғыз, Талхиз (Талхир)**

Іле өзені аймағында жүргізілген археологиялық материалдар бойынша бұл өңірде X–XII ғасырларда 56 қала болған. Іле аймағы Орта Азия мәдениет орталықтарынан қашық жатты. Тарихи мәліметтерге қарағанда, бұл өлкедегі алғашқы елді мекендер VIII–IX ғасырларда



пайда болған. Қолөнер мен егінші қоныстардың үлкейіп, қалаға айналуына себеп сауда байланысының өсуі болды. Талхиздан (Талхирдан) бірнеше керуен жолдары шыққан. Біріншісі – Оңтүстік Іле жолы қазіргі Есік, Шелек, Кеген аудандары аумақтарында болған қалаларды басып өтеді. Екіншісі – Сүмбе қаласы арқылы Шыңжанға барады. Және бір керуен жолы Көксу, Қаратал мен Лепсі аймағына өтеді. Ірі сауда орталықтары – Екіоғыз, Қойлық (Қаялық), Көктұма қалаларының да маңызы арта түсті. Бұл қалалардан шыққан керуендер де шартарапқа кетіп жатты. Сол сияқты Талхиздан шығатын сауда керуендері Тараз қаласы арқылы Орта Азия мен Іле аймағын жалғастырып отырды.

X ғасырдан кейінгі заманда да Іле өзені аңғарындағы Қойлық, Екіоғыз, Талхиз қалалары үлкейіп, өсе берді.

1253 жылы Қойлық (Қаялық) қаласы үстімен жүрген Вильгельм Рубруктің мәлімдеуіне қарағанда, бұл өте үлкен қала болған. Қалада негізінен түркі тектес халықтар тұрған. Үлкен мешіті бар, ірі мәдениет орталығы екені де айтылған. Биіктігі 3 жарымнан 5 метрге дейін жететін қала қорғаны болған. Қорғанның әрбір 30–45 метр жерінде биік мұнаралар орнатылған... Қойлық қаласының орны мен үйіндісі қазіргі Талдықорған облысына қарасты Антонов селосы жанында жатыр. Бір кездегі ірі мәдениет орталығы болған үлкен қаладан біздің заманға жеткені тек жұрты ғана.

Екі оғыз қаласы туралы алғаш рет әйгілі тарихшы Махмуд Қашғари жазған болатын. Ал XIII ғасырда осы қалада болған Вильгельм Рубрук бұл қала туралы «Құнарлы жерде орналасқан өте жақсы қала» деп жазды. Екі оғыздың ізі қазіргі Талдықорған қаласының батыс жағынан отыз шақырым жердегі Дүнгене жұртында жатыр.

Ал Талхиз (Талхир) қаласының орнында қазіргі Алматы облысындағы Талғар қаласы тұр. Бұл қаланың аты жанынан ағатын өзенге байланысты. Ертеде бұл өзен Талхиз (Талхир) деп аталды. Сондықтан оның жанындағы үлкен қала да солай аталған. Кейінгі ғасырларда өзеннің де, қаланың да аты Талғар болып өзгерді. Ертедегі Талхиз өсем ғимараттар мен биік қорғанды ірі мәдениет орталығы болды.

Талғар қаласының жанынан үлкен канал ізі табылды. Ертеде бұл каналды Талғар өзенінің суын егістік жерлерге жеткізу үшін көп уақыттар бойы пайдаланған.

Іле аймағында өмір сүрген көне қалалар орнын қазғанда металл, керамика, сүйек, алтын және күмістен істелген бұйымдар көптеп табылды. Ер-тұрманның кейбір бөлшектері, шырағандар және жер жыртатын құралдар металдан жасалған. Сол сияқты осы күнге дейін сақталған көптеген керамика ыдыстары мен басқа да бұйымдар сол заманнан қалған өскелең мәдениеттің айғағы...

*Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992, 160–164-б.*

## Сығанақ

Болса төңірім екінші өмір қиғандай,  
Сығанақта көз жұмар ем қиналмай.

*(Қисаметдин әл-Сығанақи, XII ғасыр)*

Ертеде Оңтүстік Қазақстан жерінде, Сыр бойында пайда болған көне қалалардың бірі – Сығанақ. XI ғасырдан бастап ол Қыпшақ мемлекетінің саяси және мәдени орталығына айналды. XII ғасырдың орта шенінде қыпшақтар Сақсын, Жаркент, Жент аймақтарында, сол сияқты Сауран, Құмкент, Қараспан, Созақ және басқа қалаларда да иелік етті. Отырар қаласында да қыпшақтар көпшілік еді.

Сығанақ күннен-күнге гүлдене түсті. Қала халқына ауыз су жер асты құбырлары және жер үсті каналдары арқылы Сыр өзенінен келді. Сығанақ айналасындағы егіндік жерлер түгелдей суармалы болатын. Егін алқаптарының көп жеріне тау өзендері – Мыңбұлақ, Жөлек, Арыстанды, Қызылтал сулары, ал қаланың өзі мен көптеген егістік жерлерге Төмен-арық каналы арқылы келетін Сыр өзенінің суы пайдаланылды. Қысқасын айтқанда, монғол шапқыншылығы қарсаңында Сығанақ гүлденіп тұрған әсем қала еді.

1219 жылы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы жер қайысқан қалың қолымен Сығанаққа жақындап келді. Ол өз елшілерін жіберіп, қала тұрғындарының соғыссыз берілуін талап етті.

Сығанақтықтар Жошы жіберген елшіні өлтіріп, монғол шабуылына ерлікпен қарсы тұрды. Шыңғысханның таңдаулы түмендері қаланы қоршап алып қорғаушылармен жеті күн бойы соғысты. Жеті күннен соң қалаға кірген жеңдеттер шаһар халқын түгелдей қырып жіберді. Аспанмен тілдескен әсем ғимараттары бар үлкен мәдениет орталығы Сығанақ мықтап қирады. Оңтүстік Қазақстандағы үлкен үш қала (Отырар, Сығанақ, Ашнас) халқын түгелдей айуандықпен қырғанын сол замандағы мәліметтер дәлелдейді. Алайда қанша қирағанмен Сығанақ қаласы өмір сүруін тоқтатпады. Көп ұзамай қалпына келе бастады. Бату хан тұсында Дешті Қыпшақтың, яғни Алтын Орданың негізгі ірі әкімшілік орталықтарының бірі болды.

Өзбек хан тұсында (1312–1342) және оның баласы Жәнібек хан заманында Алтын Орда керемет күшейді. Сол кезде Өзбек ханның ұлы Тыныбек Сығанақта хан болды.

«Сығанақ аймағының өрісі мен шүйгін шөпті жайлауы заң бойынша маған тиісті, себебі менің атам Ұрұс хан Сығанақта көптеген ғимараттар тұрғызды», – деді ол өктем түрде. Өмір Темір ұрпағы Ұлықбек әскерін ойсырата жеңген Барақ Сығанақты және Сыр бойының барлық қалаларын өзіне қаратты.

1446 жылы Сығанақ Әбілқайыр хан иелігіне кірді. Ол өлгеннен кейін оның ұрпағы Шайбани хан осы қалада үстемдік жүргізді. Алайда көп ұзамай бұл қала Қазақ хандығының құрамына енді. Бірнеше

шайқастан соң қазақ ханы Мұрындық пен Жәнібек хан ұрпақтарынан мықтап жеңілген Шайбани Сығанақтан кетуге мәжбүр болды.

Осы кезден бастап Сығанақ Қазақ хандығының иелігінде қалды. Жалғыз Сығанақ емес бүкіл Сырдария бойындағы ірі мәдениет орталықтары болған ертедегі қалалар түгелдей Қазақ хандығының құрамына енді.

Қазақ хандығы тұсында Сығанақ үлкен әкімшілік, саяси, сауда және мәдени орталыққа айналды.

Рузбихан Исфханидің тарихи мәліметтеріне қарағанда Сығанақ – ертеден-ақ гүлденген әдемі қалалардың бірі. «Оның әсем ғимараттары мен қорғаны үлкен мәдени орталық сипатына лайық. Суармалы егістік жерлері қалаға әр түрлі ауыл шаруашылық өнімдерін беріп тұрады».

### **Сауранның жеті қабырғасы**

Сырдария бойында дәуірлеген қалалардың бірі – Сауран. Өз атауын сақтап қалған Сауранның қалдықтары Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде жатыр. Қала туралы бірінші деректер X ғасырдан белгілі. X ғасырда өмір сүрген белгілі араб тарихшысы Мақдиси қаланы былай деп сипаттаған: «Сауран (Савран, Сабран) – бірінен кейін бірі 7 қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, үлкен мешіт ішкі қалада орналасқан. Ол күздер мен қышпақтарға қарсы құрылған шекаралық бекініс-қамал».

XV ғасырдың бірінші жартысында Жошы ұрпағы билігі кезінде Сауран тіпті Ақ Орданың астанасы болған. Қалада 1320 жылы қайтыс болған Ақ Орданың ханы Сасы-Бұға жерленген. Оның ұлы Ерзен Сауран және басқа қалаларда медресе, ханака, мешіттер салған. Астаналық орталық рөлін Сауран кейінгі кезде де сақтап келген. XV ғасырдың 80-жылдары қаланы алғашқы қазақ хандарының бірі Жәнібектің ұлы Еренші сұлтан билеген. XVI ғасырдағы Сауранды Рузбихан толық сипаттаған.

*Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992. 82–83-б.*

### **Архитектура және өнер (VI–IX ғ.)**

**Тасақыр.** Зерттеу ісінің көрсетуі бойынша Тасақыр салынып бітпеген феодал сарайының тозған іргесі болып табылады. Ол төңірегіндегі жерлерге 25–30 километрдей арадан көрініп тұратындай етіліп, тау бөктеріне салынған.

Оның солтүстік қасбеті далаға қарай созылған кең жазыққа, оңтүстік қасбеті тау бетіне қаратылған. Шығыс және батыс қасбеттері биік тау тізбегінің баурайында бытырап жатқан шоқылармен ұштасады.

Жобасы бойынша ол ішкі кең ауланың төңірегіне топтастыра салынған тұрғын үй, қызмет үйі және шаруашылық үйлердің кешенінен тұрады. Ауланың түкпіріндегі (оңтүстік есік жақтағы) үй Тасақыр иесінің жататын үйі мен қонақ үйі болған. Солтүстік есік жақтағы үйлер қызмет ететін адамдар мен күзетшілерге, бір бөлігі ат қораға арналған болу керек.

Су қоймасы бар орталық аула қорған әскерлерінің плацдармы, арнаулы жарлықтарды жариялау орны немесе діни салттарды атқару мақсатын көздеген адамдардың жиналатын орны болған.

Тасақырға қарағанда масштабы әлдеқайда кішкентай, тастан жасалған басқа бір осындай құрылыс Қазақстан мен Қарақалпақ Республикасының шекарасында бұзылып жатқан ескі орыннан кездеседі. Бұл – Білеулі құрылысы.

Білеулі керуен сарай болмаса керек, бұл Үстірттің құлама шыңына (Үстірт пен Үргеніштің арасында) орналасқан тас мұнара жүйесіне кіретін әскери қорған болуы ықтимал. Осы болжаудың ыңғайына қарай халық аңыздарында Тасақыр мен Білеуліні салған алыптар туралы әңгіме бар.

Тасақырдың аты қазақша малға шөп салатын «тас оттық» деген сөз, олай аталу себебі бұл құрылысты салған тас блоктар шынында ақырға ұқсайды. Қазіргі кезде салынып бітпеген қабырғаларының сақталған сілемдері 160, 160, 146 және 140 метр шамасында. Тасақырдың солтүстік фасадының екі бұрышынан 1953 жылы біз тауып алған мұнаралардың болуы бұл құрылысты VII–VIII ғасырларға жатқызудың дұрыс екендігін анықтай түседі. Бұл ескерткіштің нақышынан тас бетіне салынған геометриялық оюдың фрагменті ғана белгілі.

Тасақырдың салына бастаған кезі біздің заманымыздың 751 жылында, Талас өлкесінде болған арабтар мен қытай әскерлері арасындағы шешуші шайқасқа дейінгі уақытта болса керек.

Осы оқиғадан кейін қорған салынып бітпеген күйінде қала берген. Осы орасан зор құрылысты салуға кіріскен бектің ой-пікірінің батылдығы, масштабының орасан зорлығы, материалдық жабдықтары мен еңбек ресурстарының шамадан тыс молдығы таңғалдырады. Бұл тастарды адамдар бірнеше ғасырдан бері тасып, сындырып, бұзып келеді және осы құлап жатқан орнында олардың қаншасы қалды десеңізші?

1953 жылы осы жердің іргетасы тұрған жерден екі метрдей тереңдіктен біз металл құрал-сайманының бір бөлігін тауып алдық. Сірә, бұл қазу жұмысына қолданылған аспап болуы ықтимал.

Қабырға қалдықтарын қалауын мұқият зерттеу нәтижесінде тасты ғаныш ерітіндісімен қалағанын көреміз. Бұл ғаныштың біздің заманымыздың VII–VIII ғасырларында құрылыс ісіне қолданыла бастағанын дәлелдейді. Тасақырдың қабырғалары көлемі 40×70×70 (80) см

ірі тас блоктардан қаланған. Бұл сәулетшінің мүлде жаңа құрылыс материалын пайдаланып, құрылыс ісінде жаңа жұмыс әдістерін енгізуге ұмтылғанын көрсетеді. Сондай-ақ сәулетші конструкцияны жеңілдетуге ұмтылған, бұл үшін ол дөңбек тастарды астау тәрізді қуыстай шауып, біріне-бірін жымдастыра қалаған.

Бұл фактілер сол кездің өзінде-ақ ірі блок құрылысының басталуына себеп болған сәулетші ақыл-парасатының жаңалығын, оның талабының батылдығын көрсетеді. Тасақырды зерттеу ісі әлі аяқталған жоқ. Бірақ жаңадан табылған әрбір деректер осы архитектуралық ескерткіш туралы біздің білімімізді тереңдетіп, Қазақстандағы құрылыс ісінің дамуы туралы біздің ұғымымызды ашығырақ суреттейтін материалдармен кенелте түседі.

*Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдіғұлов М. Қазақстан архитектурасы. А., 1959, 110–111-б.  
(Орыс тілінде).*

## **Алғашқы түрік жазба әдебиетінің негізін қалаушылар**

### **Йоллығтегін**

Йоллығтегін – көне түркі жазба әдебиетінің атасы. Әйгілі «Күлтегін» ескерткіші мен «Білге қаған» (Могилян) ескерткіштерінің мәтіндерін жазған автор.

«Бұл жазуды жазған ханның немере інісі Йоллығтегін» деген жолдардан оның Білге қағанның немере інісі екендігінен де хабар алуға болады. Бұдан ақынның Екінші түркі қағанатын қайта қалпына келтіруде Ілтерістің табғаш (қытай) жеріне шабуыл жасаумен даңқы шыққан Қапағанның туысы екендігі байқалады. Алайда оның қай кезде туып, қаза болғандығы белгісіз.

Дегенмен жыраудың VIII ғасырдың орта тұсында өмір сүргені мәлім. Сонымен бірге оның өз заманында алдыңғы қатардағы сауатты адамдардың бірі болғандығы анық.

Йоллығтегін жазған деректерге қарағанда, VI ғасырдың ортасына дейін түркі тайпалары жужандардың қол астында болған. 552 жылы түркі тайпаларынан шыққан Бумын деген кісі көшпелі және өте бытыраңқы түркі тайпаларының бастарын қосып, жужандарды жеңеді. Сөйтіп, алғашқы «Түркі қағанаты» атты мемлекет құрылады.

Сонымен жырау жазған ескерткіштерде түркі тайпалары жөнінде қыруар мәліметтер берілген.

Міне, Йоллығтегін жазып қалдырған ескерткіштердің қысқаша мазмұны осындай. «Тек төңір ғана мәңгі жасайды, ал одан басқаның бәрі де өлгелі жаралған» деп жазған жырау VIII ғасырдың орта кезінде дүниеден қайтқан. Содан бері мың жылдан астам уақыт өтті. Өйтсе

де оның жазып қалдырған қымбат бағалы мұралары бүгінгі түркі тілдес халықтардың рухани алтын қазынасына айналды. Сондықтан Йоллығтегінді Орхон–Енисей жазба ескерткіштерінің авторы, түркі халықтары жазба әдебиетінің атасы демекпіз.

*Сөнбес жылдыздар. А., 1989, 63–68-б.*

### **Тоныкөк (VIII ғ.)**

Тоныкөк төменгі түркі тайпаларының бірінен шыққан. Қытай жерінде туып, сол жерде оқып, әскери білім алған адам. Қытай оқу нұсқаушыларының жазғандарына қарағанда Тоныкөкті келешектегі Қытай елінің қауіпті адамдарының бірі деп санаған. Оның ойынша, дүниенің төрт бұрышынан Қытайға келіп, білім алып жүргендер өз елдеріне барған соң шекараларымызға қастандық жасайды. Соның бірі Ашидә Юань-Ижень (Тоныкөктің қытайша аты) деп білген.

Тоныкөк атының шығу төркіні де белгісіз.

Тоныкөк Елтеріс, Білге қағандардың ақылгөй дем берушісі болған. Талай жорықтарға бірге қатынасып, жауды талқандаған қолбасшы батыр атанған. Жазған еңбегіне қарағанда, ол – Бұқар сияқты әйгілі жыраулардың бірі. Өзі өмір сүрген кездегі әлсіреп бара жатқан түркі мемлекетінің жағдайын ойлап, оның жандануына көп еңбек сіңірген.

Мәселен:

«Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым,  
Қызыл қанымды ағыздым,  
Қара терімді төктім», –

деген шумақтан оның елі үшін қасықтай қаны, шыбындай жаны қалғанша күрескенін көреміз.

Жырау өзінің шығармасында «Жұқаны таптау оңай, Жіңішкені үзу оңай» деп елді бірлікке шақырады. Егер ел бірігетін болса, оны таптау оңай емес екендігін жырлайды. Тоныкөк шығармашылығы қазақ жыраулық өнерінің бастауы деп айтуға толық негіз бар.

*Айдаров Ф. Орхон ескерткіштері. А., 1990, 35-б.*

### **Түркіттердің діні**

Түркіттердің қадым замандағы діні туралы бізге жеткен негізгі мәліметтер Қытайдың «Вэйшу» және «Суйшу» атты шежірелерінде жазылған. Ол мәліметтер мейлінше қарама-қайшы және тым шолақ болғандықтан да түсінуге қиын.

«Вэйшу» түркіт дінінің төмендегідей салтын атап өтеді: «1) Күн шығыс елін қастерлейтін болғаны үшін де (хан) ордасына шығыстан

кіреді; 2) жылма-жыл күллі бекзаттармен бірге ата-бабалар үңгіріне барып, құрбан шалады; 3) бесінші айдың ортанғы онкүндігінде қара халықты жинап, өзен бойында көк аруағына бағыштап құрбан шалады; 4) Дугиннің батыс жағында 500 ли жерде биік бір тау бар, оның басына өсімдік те, ағаш та шықпайды, ол Бодан-інлі деп аталады, оны аударсақ, елдің қамқоршы аруағы деген сөз».

Бұдан 50 жыл кейін құрастырылған «Суйшу» (VII ғасырдың 30-жылдары) жоғарыдағы мәліметтерді келтірмейді, мұның орнына онда: «Шайтандар мен аруақтарды құрметтейді және дуақанттарға сенеді» деп айтылған.

Осынау біріне-бірі мүлде кереғар екі жорамалды қалай жақындастыруға болады және бұлардың біріншісі іштей қарама-қайшылыққа толып тұр ғой. Онда күнге табыну, ата-бабалар аруағына табыну, көк тәңірісіне табыну, бұның ата-бабалар аруағына табынудан бір өзгешелігі – ол бекзаттар емес, халықтың игілігі және тауға табыну.

«Суйшудің» мәліметтері де бұдан анық емес: «Ху» деген қытай сөзі балгер, сиқыр, дуагер дегенді білдіреді. Тап осы арада бізге қайсысы керек – мәтіннен оны түсіну қиын, сол сияқты түркіттер табынған аруақтар дегеніміз не: олар ата-аналар аруағы ма (кормос) әлде табиғаттың рухы ма – оны да түсіну оңай емес. Бұл тарау осынау жұмбақ мәтіндерді талдауға арналады.

Негізгі мәселені біз былайша қоямыз: көне түркіттер қандай дінге сенген және олардың сол діні сындарлы қағида ма, әлде әр түрлі сенім-нанымдар араласқан қоспа ма, олай болса, қандай сенім-нанымдар?

Түркіттердің ертедегі сенім-нанымдары жөнінен айтқанда мен оларды алғашқы қауымдық сенім деп айтудан аулақпын. Түркіттердің өзі әр түрлі тайпалардан тек V–VI ғасырда ғана құралған, сол себепті де олардың өз дәуіріне жататын сенім-нанымы сол уақыттың өзге де діни жүйелері сияқты дамып жетілген.

*Гумилев Л. Көне түріктер. А., 1994, 73–74-б.*

## **Көне түріктердің жазба мәдениеті**

1970 жылы Іле өңірінің тау бөктеріндегі Есік қаласы іргесінен сақ дәуірінде (біздің заманымызға дейінгі V–IV ғасырда) салынған үлкен қорым қазылды. Қазу жұмысына жетекшілік еткен К. Ақышев. Мазардың ішінен алтынға бөленген жауынгердің мәйіті, дулығасы, алтын сапты қанжары мен семсері, түрлі ыдыс-аяқ және руна тәріздес жұмбақ жазуы бар күміс тостағанша табылды.

Күміс тостағаншаның сыртқы жағына ойылған руна тәріздес 26 таңба екі жолға жазылған. Күміс тостағаншадағы осы таңбалар, біріншіден, көне түркі руникалық таңбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға (әсіресе көне грек пен арамей әріптеріне) үйлеседі.



Сөйтіп, бұл жазуды көне түркі тілінде оңнан солға қарай былай оқыдық: «Аға, саңа оқуқ! Без чөк! Букун ічре (р?) азуқ!» Мұның аудармасы: «Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)».

Сақ дәуіріндегі бұл көне түркі жазуы, біріншіден, адам о дүниеге барғанда өмір сүреді, азық-түлік керек етеді деген сенімді білдірсе, екіншіден, халықтың сыртқы дұшпандарды жеңуге бел байлағанын көрсетеді, үшіншіден, халықтың қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болуға ұмтылған тілегін білдіреді. Бұл жазудың аса бір құндылығы – ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын тағы да нақты дәлелдей түседі. Сондай-ақ Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпелілерде жазу-сызу болмады-мыс деген дәстүрлі пікірдің ешбір негізсіз екенін айқындап, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың алфавиттік жазуды білгендігін және оны кең түрде пайдаланғандығын куәландырады.

Қорыта келгенде, көне түркі руникалық жазуы арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы қолданған төл жазуы екендігі ешқандай күмән туғызбайды. Бұл алфавиттің соншалық өмір сүргендігін (біздің жыл санауымызға дейінгі 1-мыңжылдықтың ортасынан біздің заманымыздың 1-мыңжылдығының аяқ кезіне дейін) қазіргі біздің қолымыздағы деректер айқындап, көзімізді толық жеткізе алады.

Сонымен көне түркі алфавиті Оңтүстік Сібір мен Жетісу жерінде ерте дәуірде, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі 1-мыңжылдықтың орта кезінде қалыптасты деген тоқтамға ден қоямыз. Мұны археологиялық жаңа деректерді ескермегеннің өзінде палеографиялық талдаудың нәтижелері де дәлелдейді. Бұл көне алфавит Жерорта теңізі маңындағы алғашқы алфавиттермен генетикалық тікелей байланысты екендігін байқатады. Демек, оның, біріншіден, көне грек алфавитінің жергілікті түрлерімен, екіншіден, финикия мен оның жалғасы – ертедегі арамей алфавитімен, сондай-ақ Арабиядағы көне алфавиттермен жақын туыстық байланыста екендігін толық байқаймыз.

Көне түркі руникалық таңбаларының шығу тегі басқа көне алфавиттердің шығу тарихымен тамырлас. Руникалық жазудың о бастағы түпкі негізі біздің заманымызға дейінгі III–II мыңжылдықтағы беймәлім идеографиялық немесе алфавиттік жазу болуы ықтимал, ал басқа көне алфавиттермен ішінара ұқсастықтар олардың арғы тегіндегі бастауы бір екендігін көрсетеді.

Талай ғалымдарды тамсандырып, сырын ішке бүккен асыл мұраның өлі де айтары көп екені даусыз. Көне түркі руникалық жазуы дүниежүзілік мәдениетпен ұштасып, тамыры тереңде жатқан ғажайып асыл қазына деп білеміз.



## Талас руникасының үлгілері

### Т2 (Айыргам–Ой)

#### *Оқылуы*

- (1) Отуз оғлан сағдычлары пічин елте йегірмі.
- (2) Ер атым Қара Чур, йағы аты Қар Йазмаз.
- (3) Алты уйасы аға йер екіз сіңілі... өлміш.
- (4) Қара Чур атум Қол Қар Йазмаз.
- (5) Қара Чур есіз... өзуге уйаларына адырылмыш.
- (6) Атасы аты Тоған, оғлы аты Қара Чур.
- (7) Оғлы аты...
- (8) Оғураты.

#### *Аудармасы*

- (1) Отыз ұланның адал достары. Мешін жылы, елде, жиырмада (еді).
- (2) Ер атым – Қара Чур, жаугершілік аты – Қар Язмаз.
- (3) Алты ұя туыс, қазына, жер, егіз апалы-сіңілі... ол өлген!
- (4) Қара Чур – Қол Қар Язмаз (лақапты) мерген («Қолының қары жазбас»).
- (5) Қайран Қара Чур өз ұяларынан айырылды.
- (6) Атасының аты – Тоған, ұлының аты – Қара Чур.
- (7) Ұлының аты...
- (8) Ол кездесті.

*Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы.*

*А., 1996, 42–44-б.*

## II бөлім

### ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ

#### Үшінші тарау

### ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕР

#### Қарахан тарихына қысқаша шолу

Қарахан өулеті – X ғасырдан XIII ғасырдың басына дейін Шинжиан өлкесінің оңтүстік бөлігінде (Қашқарды орталық еткен) және Орта Азия өңірінде құрылған түрік-ислам мемлекеті. Ол Шинжиан өлкесінің тарихында маңызды орын алады. Сондай-ақ оның Тарым ойпатының оңтүстік аймағының түріктенуінде, әсіресе, исламданыында атқарған рөлі орасан зор. Қарахан өулеті Шинжиандағы түрік (ұйғыр) мәдениеті тарихында да жаңа дәуірдің – ислам мәдениеті дәуірінің бетін ашты.

Қытай тіліндегі тарихи материалдарда бұл өулетке қатысты жазба деректер тым аз, тек «Сұң тарихы» мен «Цыфуиуангүйде» ғана бірекі ауыз сөз айтылған. Сондықтан қазір қытайдың жалпы тарихына қатысты сөз болғанда бұл өулет жөнінде тіпті айтылмайды. Сондай-ақ Шинжиан өлкесінің немесе ұйғыр ұлтының тарихына қатысты шығармаларда да дерек жоқтың қасы. Кейінгі жылдары неміс ғалымы О. Прицак (O. Pritsak) қарахандар өулеті тарихын зерттеу жағынан (негізінен ислам тарихы материалдарына сүйеніп) зор нәтижеге жетті. Бұл «Қысқаша шолу» негізінен Прицактың ғылыми еңбектеріне негізделіп және ағылшын С. Е. Босворт пен түрік Р. Араттың туындыларын пайдалана отырылып жазылды.

#### Өулеттің аты

Біздің жыл санауымыздың IX ғасырының орта шенінен XIII ғасырдың алғашқы мезгіліне дейін бүгінгі Шинжианның Татым ойпатының батыс оңтүстік бөлігінде және Орта Азияда ислам дініне сенетін тұңғыш Түрік патшалығының құрылғандығын «қарахандар өулеті» деген атпен көрсету XIX ғасырдан кейін болған іс. Бұл Орта Азия тарихын зерттейтін кейбір Еуропа оқымыстыларының еңбектерінде, айталық, Ресейлік В. Григорьев туындыларында баяндалған.

«Қарахандар әулеті» деген ат «қара» деген сөзден шыққан. Бұл сөз осы әулеттің «ұлы хан» деген атағынан көрінеді, мысалы: Қара хан, қара қаған, Арслан қара қаған, Табғаш қара қаған секілділер. Зерттеушілер кейінгі кезде «қара» деген сөз байырғы түрік тілінде «солтүстік жақ» деген мағынаны білдіретін, кейін «басқыш», «ең жоғарғы» деген ауыспалы мағынаға ие болған деген пікірді көбірек айтып, соған жорыған тәрізді.

Кейбір ғылыми еңбектерде «қара хандар» дегенді білдіретін «ілік хан» деген тағы бір ат айтылады. Мұны алға тартушылар негізінен байырғы теңгелердегі жазуларды зерттейтін ғалымдар. Олар бұл атты осы әулеттің ақшасының құйма жазуындағы билеушілердің лауазымын кейде елік, ілік деп қолданғанына байланысты алған. Бірақ бұл ат өсте жалпылық мағынада қолданылмайды. Тек патшалықтың бірнеше орынбасар қағаны (кішік хандар) ғана осылай аталады. Олар «ілік» атын түрік ұлтының көне тотем белгілерімен байланыстырып, мысалы, «Арслан ілік» және «Боғра (Бура) ілік» деп алған.

Ілік – хан немесе қаған қарахандар әулетінде бір-біріне ұқсамайтын екі дәрежедегі мансап. Алдыңғысы соңғысынан бір дәреже төмен тұрады. Екеуін біріктіріп, қате қолдануға осы әулеттің билік жүйесі жөніндегі танымының кемшілігі себеп болған. Мұндай ағаттық сонау қарахандар әулетінің алғашқы кезінде Мауараннахрдағы ислам тарихшысы әл-Ұтби шығармаларында орын алған. Ол сол тұста Мауараннахрға патша болған Арслан ілік Насыр б. Әлидің «ілік» деген лауазымымен оның ағасы Ахмед б. Әлидің «хан» деген лауазымын шатастырып алғандықтан пайда болған, яғни «ілік» «ханға» айналып кеткен. Иран мемлекетінің құрылымына дағдыланып кеткен ислам тарихшылары қарахандар әулетінің хан және қаған тізіміне негізделген билік жүйесін түсіне алмады. Ирандықтар тек бір ғана билік иесінің барлығын біледі. Сол себепті олар шалғайдағы Баласағұнда тұратын өздеріне белгісіз ұлы хан (Арслан қара хан) Ахмед б. Әли мен өздері білетін Мауараннахрдың билеушісі Арслан ілікті шатастырып, бір адам деп білген. Ислам тарихы материалдары (жергілікті тарихи материалдарды қамтиды) бұл әулетті «қаған әулеті» немесе «хан әулеті», яғни «Афрасияб әулеті» деп атайды. Кейінгі атаудың тегі парсының әйгілі дастаны «Шахнама» аңызындағы Тұран батырының аты деп айтылады. Сөйтіп, Афрасияб атын түрік тіліндегі Алп Ер Тонғамен сәйкестендіреді. Осындағы «тонға» атауы қарахандар әулетінің билігі белгісі ретінде үнемі қолданылатын атауы «табғашпен» қатысты. «Табғаш» деген атау (күшті, пәрменді мағынасында) қытайдың Солтүстік Вэй патшалығын құрған Алтай тіл жүйесінде сөйлейтін «жыба» деген ұлттың аты. Кейін келе бұл атты түріктер мен хұйху адамдары «қытай» деген атты білдіруге қолданған. Қарахандар әулеті билеушілерінің бұл атты қолдануы олардың шығыстағы отанын өсте ұмытпағанын білдіреді.

## Әулеттің шығу тегі туралы

Қарахан әулетінің шығу тегі мен Қарахан әулеті хандарының қай ұлттан шыққаны жөніндегі мәселе – француз тарихшысы Жозеф Дегиннің Орталық Азия тарихы туралы өз еңбегін жариялағаннан бергі екі ғасырдан артық уақыт бойына әр түрлі пікірталас тудырып, ортақ бір шешімін таппай келе жатқан мәселе. Неміс тарихшысы О. Прицак өзінің 1953 жылы жарияланған «Қарахан әулеті» деген еңбегінде өзіне дейін айтылған әулеттің шығу тегі жөніндегі әр түрлі пікірлерді: ұйғырдан (Ж. Дегинь, 1756 ж.), түрікменнен (Х. Пургстал, 1835 ж.), яңмодан (В. Бартольд, 1898 ж.), қарлұқтан (Ф. Гренард, 1900 ж.), қарлұқ-яңмодан (М. Копрюлю, 1929 ж.), чуюәден (В. Бартольд, 1929 ж.), түріктен (Ахмет Зәки Уалиди Тоған, 1939 ж.) шыққан деп топтастырады.

Ал кейінгі тарихшылар: яңмо-чуюәден (Б. Гафуров, 1972 ж.), түріктен, хуйхудан, қарлықтан, яңмодан, тоғыз оғыздан шыққан деген болжамдарды ұсынады.

Бірақ, бұл болжамдардың барлығы да шындықты ашып бере алмады. Сондықтан ғалымдар басқа бір оқиғаларды зерттеген кездерінде Қарахан әулетінің негізін салушылардың қай ұлтқа жататыны жөнінде бірер сөз айтқандары болмаса, О. Прицактың ғылым алдына қойған «мызғымас дәлелін» құптап шыға алмады.

Осының ішіндегі «Яңмодан шыққан» деген болжамды Кеңес Одағының кейбір ғалымдары ғана өз еңбектерінде қолданды.

Бұл болжамның шындыққа жанасатын бір дәлелі – XII ғасырдың басында бір парсы ғалымы «Тарих және қиссалар жинағында» Орталық Азияның әр түрлі ел билеушілерінің аттарын атай отырып, «Яңмоданың падишахын «Бура хан» деп атайды» дейді. Олай болса, Қарахан әулетінің билеушісі де осылай аталғандықтан, бұл әулет қағандарының тегі (ұлты) яңмо тайпасына жатады деуге болады. Бірақ бұл болжамның дұрыстығын дәлелдер деректер әлі жеткіліксіз, оның үстіне осы болжамды алғаш рет айтушы В. Бартольдтің өзі 1927 жылы шыққан «Орталық Азия түрік халықтары тарихы туралы он екі дәріс» деген кітабында бұрынғы ойынан қайтып, басқа пікір айтады.

Елуінші жылдардың басында О. Прицак жаңа болжам ұсынды. Бұл болжам бұрынғылардан өзгеше болғандықтан, шығыстанушылардың назарын өзіне бірден аударды. Алпысыншы жылдардың басынан бастап бірнеше зерттеушілер осы тұжырымдаманың әсерінде болды.

О. Прицак өзінің «Қарахан әулеті» деген еңбегінде өз болжамын былай түсіндіреді: «Қарахан әулеті билеушілерінің шығу тегі қарлұқ ақсүйектері болып табылады; Чуюә (чигіл) және Яңмо (иағма) болса – қарлұқ тайпасын құрайтын үш бөліктің ішіндегі ең маңызды екі тайпа».

Қарлық 744 жылдан 840 жылға дейін Хуйху (Ұйғыр) бірлестігінің бір мүшесі болды.

840 жылы саяси-мәдени жүйеде үлкен өзгерістер болып, Сяцзя-сылардың («қырғыздардың») соққысынан Доуцзиньшаньдағы Хуйху қағанаты құлады. Сяцзясылар түріктердің дәстүрін ешбір құрмет тұтпады, сондықтан да Хуйхудың құлауымен бірге, дала одағының ең жоғары билік хұқы туралы тұжырымдама да жойылды. Өйткені, хуйху-лар бұған дейін қала мәдениетіне бет бұрып, өздерінің ескі дәстүрлерін ұмыта бастаған еді. Сондықтан шамадан дініне әлі сеніп отырған қарлұқтың Ұлы ханы Ашинаның (Ашина деген сөз ежелгі монғол-түрік тілінен келген, мағынасы «бөрі» дегенді білдіреді) ұрпағы даланың билеушісі болып, өзіне қаған (қара қаған) деген ат алды. Оның сарайы «орда» деп аталып, Шу өзеніндегі Баласағұнға жақын жерде орналасқан еді (тарихта Қара Орда немесе Хусы Орда деп аталады).

Қағанат алтай тілдері семьясына жататын екі топқа бөлінді. Бұл елде екі қаған бөліп басқаратын қос қағандық жүйесі өмір сүрді. Шығыс бөліктің билеушісі Цзида қаған Қара Ордада «Арыстан қара қаған» деген атпен билік құрды; ол сонымен қатар Қарахан әулетінің ең жоғары билеушісі болды. Батыс бөліктің билеушісі Цзифу қаған еді. Ол алдымен Таңлосыда тұрғанымен, кейіннен Қашғарға көшіп кетті. Бірақ онда да көп тұрмай, қайта Таңлосыға келді. Цзифудің құрметті аты «Боғра (Бура) қара қаған» болды.

Арыстан мен Бура қарлұқтың негізгі екі тайпасының: Арыстан – Чуоэнің, Бура – Яңмонның тотемдері еді. Біз О. Прицактың осы Қарахан әулетінің тарихын зерттеуде, әсіресе, билік құру уақытын анықтауда қателіктерінің болғанына қарамастан, оның мұсылман тарихы және көне теңгетану (нумизматика) жазбаларын қолдана отырып, ғылымға үлкен үлес қосқанын мойындауымыз қажет.

*Таным тармақтары. А., 1998, 207, 224–227-б.*

### **Мунеджим-баши<sup>1</sup> Түркістан<sup>2</sup> хақандары<sup>3</sup> туралы (XI–XII ғасырлардағы қараханидтер)**

Бұл хақандар тегіміз Афрасиябтардан шыққан деп санады. Олардан небары жиырма адам билік құрды. Олардың патшалығының астанасы бастапқыда Баласағұн қаласы, ал содан соң Бұхара және Самарқан қалалары болды... Олардың байырғы иеліктері мыналар:

---

<sup>1</sup> Мунеджим-баши (1630–1701) – XI–XII ғасырлардағы оқиғаларды суреттеп жазған түрік тарихшысы.

<sup>2</sup> Түркістан – XV–XVIII ғасырлардағы Сырдарияның төменгі және орта ағысындағы өңір.

<sup>3</sup> Хақан – түріктің «қаған» деген патшалық атағының арабша транскрипциясы. XV ғасырда «хақан» атағының жалпы монарх деген мағынасы болды.

1) олардың астанасы болған Баласағұн, ол жетінші климаттың бас жағында 102 градус бойлық пен 48 градус ендікке жақын, Қашғардан қашық емес жерде орналасқан және ежелден Түркістанның шекаралық қаласы деп саналған; 2) Қашғар – Тұранның<sup>1</sup> орталық қаласы, алтыншы климатта, 106 градус бойлық пен 45 градус ендікте жатыр; ол Ордукенд деп те аталады; 3) Хотан – Түркістанның ең алыстағы бөлігі, 107 градус бойлық пен 42 градус ендікте орналасқан; 4) Қарақорым; 5) Тараз; 6) Фараб – үш қаланың бәрі де маңызды.

### **Ибн Баттута<sup>2</sup> «Дешті Қыпшақ»<sup>3</sup> туралы**

Біз тоқтаған бұл жер Дешті Қыпшақ деп аталады. Бұл далада тау, қырат, ойпат, орман, отын атымен жоқ, тек қана теп-тегіс жасыл және өте әдемі дала. Мұндағы тұрғындар ағаштың орнына мал қиын пайдаланады, бұл оларда тезек деп аталады. Олардың ең маңызды адамдарының өз киімінің етегіне тезек жинап жүргенін көруге болады. Саяхатшылар Дешті Қыпшаққа арбамен барады. Дешті Қыпшақтың ол шеті мен бұл шеті алты айлық жерді алып жатыр, оның үш айға жуық жері Мұхаммед Өзбек ханның билігінде, қалғандарын басқалар билеп-төстейді...

*Деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткен тарихы.  
А.-М., 1935, 69–70-б. (Орыс тілінде).*

## **Төртінші тарау**

### **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ**

#### **Яксарт жағалауларында**

**Түркілерден гректерге дейін.** Қытай жылнамашыларының айтуынша «...түріктерді баулып, бағыт беруші» соғды Маниах басқарған түркі қағаны Дизабулдың елшілері 568 жылы Константинопольдағы император Юстиниан II-нің (565–576) сарайына келді.

Алайда бұл сапарда түркілер де, соғдылар да аса ауқымды жібек саудасына қатысты ортақ мақсат ұстанды. Өйткені бұл біріншісіне де, екіншісіне де қыруар табыс түсіретін еді.

<sup>1</sup> Тұран – түркі тайпалары қоныстанған жердің жалпы атауы.

<sup>2</sup> Ибн Баттута (1304–1377) – арабтың аса көрнекті саяхатшысы. Оның шығармалары Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы жөніндегі бағалы деректеме болып табылады.

<sup>3</sup> «Дешті Қыпшақ» – «Қыпшақ даласы»; Днепрден Ертіске дейінгі кең дала; «Хрестоматияда» әдетте Шығыс Дешті Қыпшақты, яғни Еділден шығысқа қарай жатқан даланы атау үшін қолданылған; неғұрлым кейінгі уақыттағы әдебиетте – қазақ даласы.

Қазақстанның өткені... 1-жинақ, 69–70-беттер.

Жібектің бір бөлігі Қытайдан шығатын, басқалары Шығыс Түркістанда және Соғдының өзінде өзіріленетін, сөйтіп жібек өндірісі көлемінің өскені сонша, оны енді өткізудің өзі қиын проблемаға айналды.

Парсылардың жібектің аса ірі тұтынушысы болып отырған Византияның сатып алуына кедергі жасауы бұл мәселені одан әрі қиындата түсті. Ал мұның нақты себептері де бар-ды. Жібек Византияға өзінің патша сарайындағылары мен ақсүйектерінің қажетіне ғана керек емес еді, ол сонымен бірге соғысқа, ең алдымен Иранмен соғысқа салуға қажетті баскесер жауынгерлер жалдағанда валюта ретінде пайдалануға керек болды. Егер парсы өкіметі өз жері арқылы өтетін жібек саудасына ерік берсе, ал жібек Византияға неғұрлым көп жеткізілсе, онда айналасы бірнеше жылдың ішінде Евфратта соғұрлым мол жалдамалы өскер қаптап кетер еді де, бүкіл Иранда оларға қарсы қоятын күш табылмас еді. Осыған орай түркілер мен соғдылар парсылармен ортақ тіл табыса алмады да, Маниах бастаған елшілерін Византияға аттандырды. Олар Иранды және оның бақылауындағы жерлерді айналып өтті, яғни Жетісудан шығып, Сырдарияны төмен бойлап, Арал маңына, Маңғыстау арқылы Каспий жағалауына, Солтүстік Кавказға, Кавказ жотасынан асып түсіп, Константинопольге жетті. Юстиниан II бұл елшілікті ықыласпен қабылдап, жауап ретінде өз елшілерін Талас жағасындағы түрік қағаны ордасына жіберді. Сөйтіп, «түркіден грекке» дейін жететін жаңа жолға із түсті. Бұл жол сорабы археологиялық айғақтамаларға бай, әсіресе Моңғо (вая) мөткесі зираты табылған Кавказ жотасының тау етегінде өте мол ұшырасады. Төрт қырлы бөренелерден қиюластырылған сағанадан жібек бұйымдар, жібек матаға салынған сурет жыртындылары, қытай көпесінің кіріс-шығыс жазбалары және басқа VII–X ғасырлардағы шетел заттары табылды.

Кейінірек XVI ғасырдың тарихшысы Рубиханның жазуы бойынша, Сырдарияның үлкен де бай қалалары дәл осы жолдың үстінде жатқан: «Ходжент (Сырдария) өзені Түркістан бекіністері арасын қақ жарып ағады. Аса зәулім қамалдарға ұқсас биік бекіністердің қорғандары Сейхун дариясынан тармақталған арналардың жағаларында асқақ өрлеп тұратыны соншалықты, дәл бір осы өзендер аралай ағып жатқан жұмақ өмір рахатын паш етіп тұрғандай».

Сырдария жағалаулары мен Арал маңында жатқан қалалар Чжан Цяньнің осы өлкеге саяхатына дейін, яғни біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың екінші жартысының өзінде халықаралық сауда ісіне тартылды. Сырдарияның орта ағысындағы алқапты Кангюй (Қаңлы) мемлекеті алып жатты.



## Испиджаб және Шымкент

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі бірінші бірегей ірі қала Испиджаб болды, ол осы облыстың барлық жер-суы – шығыста Талас – Шуға дейін, солтүстік-батыста Сырдарияның орта ағысына дейін ұласып жатты.

Испиджаб жазба деректерде сонау VII ғасырдың бас кезінен белгілі, Сюань Цяньнің сапарнамасында ел «Ақ өзендегі қала» деген атаумен еске алынған. Өзге емес, дәл осы Испиджаб атауының аталу сыры көп кейінірек, Махмуд Қашғаридың XI ғасырдағы деректері арқылы айқындала түсті. «Сайрам, – деп жазды ол, – Испиджаб аталып жүрген ақ қаланың (әл-Мединат әл-Байда) атауы. Оны Сайрам деп те атайды». Испиджаб атауы соғды тілінде «Ақ су» мағынасын береді деген де пікір бар, олай болса «Ақ өзендегі қала» – «Испиджаб» – «Сайрам» деген атауларының түп-төркіні бір екеніне осының өзі айғақ бола алады.

Орта ғасыр дәуіріндегі Испиджаб – Сайрам X ғасыр мен XIII ғасырдың бас кезінде Қазақстанның оңтүстігіндегі ең ірі қалаға айналады.

Испиджаб округі Сырдария бойындағы Кедер, Сығанақ, Сауран мен Янгикент қалаларын; Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі Баладж бен Берукей қалаларын; Жетісудың Тараз, Құлан, Мирки (Мерке), Суяб қалаларын қамтыды.

X ғасырдың географы Ибн Хаукаль былай жазады: «Испиджаб – шамамен Бинкеттің үштен екісіне тең қала. Ол мединадан (орталықтан), қамал мен рабадтан (керуен-сарай) тұрады. Қамал күйреген, ал медина мен рабадта тұрғындар тұрады, медина дуалдармен қоршалған, рабадты да ұзындығы фарсахқа таяу дуал қабырғасы орап жатыр. Рабадтың өз бағы мен суы бар. Ол тегіс жерде жатыр, оны мен ең жақын деген таулар арасы үш фарсахтай (20 км). Мединаның төрт қақпасы – Нуджикет қақпасы, Фархан қақпасы, Шакван қақпасы және Бяхара қақпасы бар. Оның базарлары медина мен рабадқа, ал басқару үйі, абақты мен бас мешіт мединаға орналасқан. Бұл – адамы құжынаған, ауқымды қала, бүкіл Хорасан мен Мауараннахрда осы Испиджабтан басқа харадж (салық) төлемейтін бірде-бір қала жоқ». Испиджаб аса ірі әкімшілік орталығы ғана емес, сонымен бірге өтпелі сауда орталығы ретінде де мәлім. Қалада сауда құрылыстары – керуен сарайлар мен «тимдер» көп болды. Керуен сарайлар (рабадтан) Нахшеб, Бұхара, Самарқан көпестерінің иелігінде еді. Халықаралық сауда Орта Азия мен Шығыс шығарған және Испиджабтың өзінде XI–XII ғасырларда шекілген жергілікті теңгелермен жүргізілді. Испиджабтан басқа жерлерге ақ маталар, қару-жарақ, семсерлер, мыс пен темір жеткізіліп тұрды. Қала құл сату орталығы ретінде де бүкіл Шығысқа әйгілі еді – одан сол кездегі қыркыс-



қан қыруар соғыстарда әр түрлі түркі тайпаларынан қолға түскен тұтқындар сатылып, әкетіліп жатты.

Керуен жолдары бағыты бойынша алғанда оңтүстік беттегі Бұхара қақпасы арқылы қалаға Шығыс елдерінің тауарлары әкелінетін. Шамамен батыс бетте болған Нуджикет қақпасы Талас аңғарына орналасқан Дех Нуджикет қаласының атауымен аталған болса керек. Бұл шағын қалашық алқаптың тура даламен шектесетін шекарасында тұрды да, ет пен мал саудасы сол арқылы жүрді. Солтүстік қақпа арқылы шығатын керуен жолы Сырдария бойында отырған Отырар, Сауран, Женд пен Янгикент қалаларын аралап өтетін.

Испиджаб төңірегінде көптеген қалалар мен қыстақтар болған, ол туралы X ғасырда әл-Истахри былай жазады: «Оның құрылыстары саз балшықтан жасалған, оның базарлары жеміс-жидекке тұнып тұр, онда түрлі өнім көл-көсір және сан алуан пайдалы заттар да көп. Оның айналасы толған қалалар мен қыстақтар».

*Байпақов К. , Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан . А. , 1992, 44–51, 167–169-б. (Орыс тілінде).*

### **Батысқа баратын жолдар және олардың өзгеруі**

«Хан кітабының Батыс өңір баянында» былай деп айқын жазылған бір дерек бар: «Юймынь Янгуаннан батысқа баратын екі жол бар. Ишамшаннан оңтүстік таудың терістік жағындағы Похы өзенін бойлап, жоғары қарай жүрсе, Яркентке баруға болады. Бұл «оңтүстік жол» деп аталады. Оңтүстік жолдан батысқа қарай жүріп, Памир тауын асса, үлкен жығуы, әнси еліне барады. Алдыңғы Чышы ордасынан солтүстік тауды бойлап, Похыдан жоғары қарай жүрсе, Сулыға (Қашқар) барады. Бұл «солтүстік жол» деп аталады. Солтүстік жолмен батысқа қарай жүріп, Памирден асып түссе Ферғана, Канзүй, Алан елдеріне барады». Бұлар Батыс Хан империясы тұсындағы батысқа баратын негізгі жолдар болуға тиіс.

«Хан кітабы» мен «Вэй тарихында» «Ли Гуаңли Ферғана жорығында жеңіске жеткен кезде Лобнорда бірнеше жүз адамдық тың қосындары бар болатын. Олар осы жолдарды қорғап және негізінен шет елге шыққан елшілерді азық-түлікпен қамдап отыратын еді» және «Эршы қолбасшы Ферғанаға жорық жасаған соң Дунхуаннан батыстағы Лобнорға дейінгі аралықта қорғандар көп болды. Оларда тұрған бірнеше жүз адам егін салып, жер қорғап, шет елге шығар елшілерді азықпен жабдықтап отырды» деген деректер бар. Бұлардан біз Батыс Хан империясы бұл жолдың бөгетсіз болуын қамтамасыз ету үшін, үкімет тарапынан егін салдырып, күзет қойғанын көреміз.

У Дидің соңғы жылдарында Шаң Хуңяң бұрынғы егістік жерлерді одан әрі кеңейтеді. Бұлар да осы жолдың маңызды екендігін көрсетеді. Бұл жолдардың атағы жер жарып тұрған уақыттары У Ди, Чжао Ди

және Сюань Ди императордың тұстары болатын. Бірақ Сюань Дидің соңғы жылдарында Лобнор арқылы өтетін солтүстік жолдың маңызы төмендеп, ендігі жерде солтүстік жол Алдыңғы Чышы елінің хан ордасы Жарғұл қаласы арқылы өтетін болды. Чышының тұрған жері Тянь-Шань тауының терістігі мен түстігін қорғайтын маңызды күре жол еді. Ол біздің жыл санауымызға дейінгі 177–176 жылдары Маудүн төңірікүт үлкен жыужыларды қуғаннан бастап сиуннулардың Батыс өңірдегі маңызды қамалына айналды. Батыстағы жерлерде шаруашылық жүргізуге көп көңіл бөлген У Ди тұсында сиуннулар мен Батыс Хан империясы арасында Чышы үшін талай рет қақтығыстар болып отырды. Кейіннен егін салушылардың бірнеше қосы Боғда тауының солтүстігіндегі солтүстік Мижиянға көшірілді...

*Таным тармақтары. А. . 1998. 248–249-б.*

### **Жібек және керуен жолы**

**Керуен сауда.** Эфталиттер мен Солтүстік Қытай патшалықтарын күйреткеннен кейін, түркіттер саяси ғана емес, экономикалық күдіретке де ие болады, өйткені Батыс пен Шығысты қосып жатқан ұлы керуен жолы солардың қолына келіп түседі.

Бұл жол Чаньаннан басталып, қыраттардан ылдифа түсетін саныз өзен-бұлақтармен суарылатын толып жатқан алқаптар арқылы Наньшань жоталарын қуалап тарта беретін. Жолдың бұл бөлігі жеңіл еді, бірақ сосын қу мекиен шөлді басып, Хами көгалды аймағына жету, одан асып, Люкчун шұңқыры табанымен Тұрфанға бару оның ең қиын кезеңі саналатын. Осынау екі көгалды аймақ және көршілес бірнеше гүлстан жайлар Гаочан кінездігін құрайтын, оны өздерінің жаңа отанына әбден үйреніп алған, бір кездегі қытай әскери қоныстанушыларының ұрпақтары мекендейтін.

Гаочаннан бастап жол екіге айырылатын. Оның бір тармағы Тянь-Шаньның түскей жоталарын жиектей жүріп, Қарашар, Куч пен Ақсу арқылы Ыстықкөлді жанай отырып, Шу өзені алқабына түсіп, содан Талас алқабы Исфарадан барып бір-ақ шығатын. Жолдың екінші теріскей тармағы да Гаочаннан басталып, оңтүстік Жоңғарияны жағалап, Үрімші, Манас, Күркіреусу мен Ерен-Шабырған (Ерен-Қабырға) тауы арқылы жүріп барып, Іле өзенінің алқабына түсіп, сосын түскейге қарай тартып, Орта Азияға бет алатын. Бұлардан басқа тағы бір қиын жол бар-ды, ол Тянь-Шань асуларын асып, Қарашардан Юлдуз алқабы арқылы Іле аймағынан келіп шығатын, бірақ ол жолмен жұрт өте сирек жүретін.

Орта Азияда керуендер тыныс алатын. Жолдағы ең ірі аялдаманың бірі Пайкент болатын. Жол одан әрі Хорасан арқылы Рей мен Хамаданнан өтіп, Византия бекінісі Несевия (Ницаб) арқылы Сирия мен Константинопольге қарай кететін. Қытай теңізінен Персияның

шекарасына дейін 150 күн жүру керек болатын, ал осы арадан рим шекарасындағы Низибке дейін тағы 80 күн жүру керек еді.

Сауда-саттық қазандай қайнап жататын және тиімді болатын, бірақ шынайы шаруашылықпен күн көретін халық бұқарасына қызмет етпейтін, тек сән-салтанат жиһаз-мүліктеріне мұқтаж, әлеуметтік сатының биігіндегі бай-бағландарға қызмет ететін. Қытайлар, мәселен, Ираннан тек өз патшайымдары үшін аса қымбат тұратын қаспен көз сүрмелерін алдыратын, сол сияқты Вавилон кілемдері сирек кездесетін мүлік еді. Ақырында Қытайға Сирияның табиғи да жасанды асыл тастары, Қызыл теңіздің інжу-маржандары, Сирия мен Мысырдың маталары, Кіші Азияның есіртпе нашалары жеткізілетін. Бірақ сауданың ең маңызды мүлкі жібек болатын, ол Еуропаға Августың заманынан бері түсіп тұратын. Византияның жібекке деген мұқтаждығы аса зор еді, өйткені ол хан сарайы мен ақсүйектердің қажетіне ғана емес, түз тағыларымен қарым-қатынаста, мәселенки, көмекші әскер жалдаған кезде валюта есебінде пайдаланылатын.

Эфталиттерді талқандағаннан кейін, соғдылар түркіт ханының боданына айналады. Олар көптен бері Шығыста да, Батыста да жылпос делдал және көпес ретінде әйгілі болғанды. Эфталит қожайындарын түркіттерге алмастырғаннан олар ұтпаса, ұтылған жоқ, себебі олар Азияның ішкі облыстарына ешбір кедергісіз және ештеңеден қауіптенбей-ақ бара беретін болды. Өздерінің басы артық жібектерін сатуға ұмтылған түркіттер сияқты, жібекпен сауда жасау ісін мейлінше кеңейтуге соғдылар да мүдделі-тұғын.

**Маниах деген соғды.** Сонымен соғды көпестерінің эфталиттердің күйретілгенін өздерінің баюының басы деп есептегені әбден дұрыс еді. Шынында да, Қытайға баратын жол ашық та қауіпсіз болатын, ал түркіттердің өздері тонап алған немесе салықтан түскен жібектерін қайда қоярын білмейтін, сол себепті де арадағы дөнекер-делдал бұрын болып көрмеген дәрежеде байып кете алар еді. Міндет тек жібекті Византияға жеткізу ғана, бірақ ол жөнінде парсы шахымен келісу керек. Істеми хан өз тарапынан жаңа бодандарының тілегін орындауға тырысады, себебі бұл оның көңілде жақындарының мүдделерімен сәйкес келіп жатқан. Сондықтан да хан Маниах деген соғдының өзін Хосрай Ануширванға, шалымды соғдылар қолында жиналып қалған мол жібек қорын Иран арқылы алып өтуге рұқсат сұрау үшін, өкілетті елші етіп жіберу жөніндегі тілегін шын ықыласымен мақұлдайды. Елші тіпті парсы шахынан саудаға қатысу жөнінен, яғни жібекті сатып алып, оны Батысқа апарып қайта сатуға ұсыныс жасайды. Мұндай шараны жүзеге асырған күнде соғдылар тауар бағасы жөнінен аздап шығындалса да, оның айналымын молайтып, пайдаға шаш етекпен кенелер еді.

Әлбетте, парсы үкіметі мұндай мәмілеге көнбес еді, өйткені бүкіл жібек қорын Византияға өткізіп жіберетін болса, енді бірнеше жыл-

дан кейін Евфрат бойында жалдамалы әскер қара құрымдай қаптап кетер еді де, оған тойтарыс беруге күллі Иранның күш-қуаты жетпес еді. Ал жібекті ел ішінде пайдаға асырайын десе, оған Иран жұртының сатып алу қабілетінің төмендігі бөгет болады. Византия императорының батыс саясатын жүргізу үшін жібек қалай қажет болса, парсы шахы жібекті сатып алып, өзінің шығыс саясатын жүргізуге қажет алтыннан айырылады.

**Қытай және керуен жолы.** Түркіттер мен соғдылар, парсылар мен гректер үшін соншалық пайдалы болған сауда-саттықтан енді жібектің шығатын көзі – Қытайдың не табатынын байқап көрелік. Еңбекқор қытай шаруалары осынау құнды тауарды өндіргенімен, оны өздері мүлде пайдаланбады десе де болғандай еді, өйткені алым-салық көп еді және олар ұдайы жиналып отыратын. Жібекке айырбастап алынатын бай жиһаз патша сарайының қажетін қанағаттандырудан артылмайтын және ішкі базарда елеулі рөл атқармайтын. Мұның үстіне олар шетке шығарылатын жібектен едәуір арзан болатын, сол себептен де Қытай үшін бұл сауда, тұтас алғанда, зиянды болатын. Бірақ Бэй-Чжоу үкіметі осы жағдайды өзгерте алмады, дұрысы, өзгертуге жүрегі дауаламады, өйткені оның саяси табыстары түгелімен түркіт хандарының іс-әрекеттеріне тәуелді еді; Бэй-Ци мен Тогон түркіттердің көмегі арқасында ғана талқандалған, ал бұған қоса ол енді Оңтүстік Қытайды бағындыруға тиіс, ал бұл іс тылық қамсыз болмаса – мүмкін емес. Сонымен бірге естен шығармайтын бір нәрсе, Бэй-Чжоу әулетінің тегі қанша айтқанмен, қытайдан емес, сәнбиден шыққан және Солтүстік Қытайдың аса ірі жер иеленушілеріне айналып, қытайланып кеткен сәнбидің текті дәулетті адамдарына сүйенеді. Баяғы «бұрымды» тобалардың ұрпақтары өздерінің тілі мен әдет-ғұрпын ұмытып кеткенін, байырғы қытайлар үшін олардың жексұрын жабайылар, өздерін құлдыққа салғандардың жұрағаттары екенін айтудың қажеті де бола қоймас.

*Гумилев Л. Көне түріктер. А., 1994, 40–43, 49-б.*

## **Бесінші тарау**

### **ІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХІІІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ**

#### **Сәулет өнері және құрылыстың дамуы**

##### **Қарахан кесенесі**

Халық аңызына қарағанда Қарахан үкіметін құрушының қабіріне тұрғызылған кесене портал-күмбезді құрылыс болып саналады. Бұл Жамбыл қаласында. ХХ ғасырдың басында кесене негізінен қайта

салынған. Осының нәтижесінде оның ертедегі архитектуралық нақыш-өрнектерінің қалдықтары жойылған, сондай-ақ оның алғашқы жобасы да бұзылған. Геометриялық ою-өрнек түрлерінің бірі ретінде қабырғаларының ызылып қалануына айрықша көңіл аударуға болады. Осы ескерткіштердің ертедегі ызып қалау ісімен Б. П. Деникениң «Орта Азияның архитектуралық ою-өрнектері» деген кітабында келтірген фотографиясы арқылы танысуға болады. Ою-өрнек көркемдігі кірпіштерді блокталған тор көз, шаршы, ромб етіп және тандайлап қалау әдісімен шығарылған. Ызба қалау өте қарапайым әрі көркемдігімен көз тартады. Бұлай етіп қалау нақыштаудың осы түрінің ертедегі үлгісі болып табылады. Таңдай, үшбұрыш және ромб түрінде бұдан ерте қаланған архитектуралық ескерткіштер Орта Азия мен Қазақстан аумағында кездеспейді. Қабырғаларды торлап қалаудың осындай ертедегі үлгілерін біздің заманымызға дейін Бұхарадағы Исмаил Саманидің кесенесі, Талқатан баба мешіті (Мервтің оңтүстігінде) және басқа ескерткіштер сақтап келді. Сол сияқты бұлардан беріректегі уақытта қолданылған таңдай және тұмарша қалау да кездеседі.

Кірпішті нақыш-өрнекпен қалау дәстүрі кейінгі тарихи дәуірлерде шығармашылықпен қолданылғанын сәулет өнерінің бертінгі заман ескерткіштерінен айқын көруге болады.

Қарахан кесенесінің негізгі қабырғалары бірыңғай кірпішпен ызып қалау арқылы өрнектеліп, блоктар арқылы байланысып отырған. Басқұрлардың тігінен тартқан қатары төрізді үш бұрышты ромбылы және тандайлап қалау ескерткіштің порталдық бөлігінде ғана қолданылған. Бұл әрине композицияның жинақы әрі ұласымдылығын күшейте түседі.

Портал арқалығын блоктап қалау порталды үйдің негізгі бөлігін қабырғаларымен жалғастырып, тұтастырады.

Сонымен, кесененің қабырға конструкциясына нақыш-өрнек қалауды енгізіп және оны архитектуралық шешімге сәйкес бөліп, архитектуралық формамен ою-өрнек нақышының синтезін жүзеге асыра білген. Нақыш архитектуралық жеке элементтерді байланыстыратын буыны болып, олардың архитектуралық маңызын баса көрсеткен.

### **Ертедегі Тараз қаласындағы монша**

Бұл моншаның қалдығын 1938 жылы археолог А. Н. Бернштам тапқан. Оның қабырғалары көлемі 25×25×4,5 см кірпіштен қаланған. Құрылыс жобасы өзара функциялық тұрғыдан жалғасқан үйлердің (5 бөлмелі) кешенінен тұрады. Қабырғалардың қалдығы және олардың конструкциясы ғалымға төбе жабындысының көп күмбезді екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазған кезде қыштан істелген су жүргізетін құбырлар мен кірпіштен жасалған астаулар табылды.

Монша үйін өрлеуде Қазақстан архитектурасы тарихында тұңғыш рет қабырға өрнек тәсілі қолданылғаны аңғарылады. Ондағы ою-өрнек сарыны геометриялық және көгеріс өрнек элементтерінен құралған.

Геометриялық өрнек Тасақыр заманының ою-өрнегіндегі схема бойынша құралған; ал көгеріс өрнектер өте тапқырлықпен үш жапырақты стильдеу болып келеді.

Ерте заманғы Тараздағы монша туралы тіпті осы тамтық деректердің өзі Х–ХІІ ғасырларда Қазақстандағы құрылыс өнері күмбез салу әдістерімен, нақыштау техникасында жаңа тәсілдермен және көркемдеу жабдықтарымен байи түскендігі жайында қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Бұл жағдай өткендегі дәуірлермен салыстырғанда едәуір прогресс болып табылады.

### **Бабаджа-қатын**

Ертедегі қарақандық дәуір ескерткіші болып табылатын Бабаджа-қатын кесенесі өзінің архитектуралық формасы мен нақыш-өрнектелуі жағынан алғанда көңіл аударуға тұрады. Бұл ескерткіш археологиялық жағынан алғанда жеткілікті зерттелмеген, бұл жөнінде әдебиетте де ештеңе жоқ деуге болады. Бұл Жамбыл қаласынан 18 километр жердегі Айша-бibi күмбезінің жанында. Оның қалдықтары қазір мемлекет тарапынан қорғауға алынған.

Бабаджа-қатын кесенесінің қабырғасы текшеге жақын тік бұрыш (6,80×6,78 м). Қабырғалары көлемі 25×25×4,5 см кірпіштен қаланған. 1,37 м биіктікте арканың табанымен 8 қырға ауысатын троп белдеуі бар, 3,8 м биіктіктен 16 қырлы ішкі еңсенің қатпарлап жасалған күмбез қалауы басталады. Мұндай күмбездер Қазақстан архитектурасының сақталған ескерткіштерінде сирек кездеседі. Бабаджа-қатын кесенесінің сыртқы күмбезі 16 қырлы конус формалы және биіктігі 86 см қырлы призманың үстіне салынған. Мұның қанша күмбезі болса, сонша қыры бар.

Кесененің алғы қасбеті шығысқа қаратылған және жазулы парапеті бар. Бұл араб тіліндегі жазу көптеген әріптерінің өшіп қалуы себепті әлі оқылған жоқ.

Кесененің архитектуралық композициясы өте қарапайым және монументальді, оның алғы қасбетінің бүйір қасбеттерінен өзгешелігі тек парапеттерінің болуында ғана. Бұл порталдық композицияға жол ашады.

Қатпарлап жасалған еңседен басқа Бабаджа-қатын кесенесінің конструкциясындағы екінші бір көңіл аударарлық жаңалық шатыр іргесіне бекіту байламы түрінде арша ағаштарын қолдану болып табылады.

Бабаджа-қатын кесенесінің конструкциясы оның салынғанына көп ғасыр өтсе де қаз-қалпында сақталған. Мұны сол кездегі құрылыс өнері дәрежесінің жоғарылығынан деп түсіндіруге болады. Өйткені ескерткіш тас іргетас үстіне тұрғызылып, сонымен қатар тақталардан суағар жасалған. Үйдің қабырғалары ойықтармен, қуыстармен әсемделген.

### **Айша-бибі кесенесі**

Айша-бибі кесенесі (XI ғасыр) архитектуралық көркемдігі жағынан өте құнды, біздің заманымызға дейін ою-өрнек сарынын және композициялық тәсілдерінің байлығы мен алуан түрлілігін сақтап келген Қазақстан аумағындағы ең тамаша ескерткіштердің бірі болып табылады. Ол көркем терракотпен безендірілген. Мұны қолдану Орта Азия мен Қазақстан аймағында ғана кеңінен тараған. Кесененің көлемі, бағаналардың сыртқа шығып тұрғанын есепке алмағанда, сыртқы қабырғалары 723×723 см жоба бойынша тұрғызылған.

Айша-бибі кесенесінің кеңістіктегі құрылысы шаршы формалы болып келеді. Ескерткіш күрделі архитектуралық бөлшек салаларының және бай нақыштау тәсілінің арқасында әсем жасалған.

Кесененің қабырғалары үш қабатты болып келеді. Сыртқы қабаты – қаптайтын террокот плиткалар, одан кейін қабырға ішіне салынған толтырғыш заттар және ішкі қабаты – қалыңдығы 40 сантиметр, ішіне салынатын заттарға қалып болып табылатын кірпіш қабырғалар. Толтырғыштар дегеніміз ғаныш пен балшық араластырылған, жарамай қалған террокот қалақтардың қоспалары. Толтырғыштардың қалыңдығы 80 сантиметрдей болып келеді.

Диаметрі 86 см болып келетін төрт бұрыштағы мықты бағаналар, барлық ойықтарының бұрыштарындағы шағын бағаналар мен шатырлардың және аркалардың жүйесі кесене қаңқасын құрайтын негізгі конструктивтік өзек болып табылады. Қабырға бөліктері мен бағана жүйелері биіктігінен алғанда әрбір 60–80 сантиметрден кейін қалау арасына салынып отырған арша байламдар арқылы жалғасады.

Арша дегеніміз тау беткейлерінде өсетін ағаш төрізді бұталар. Арша ағашының құрттап, шіруге және басқа дерттерге қарсы өте төзімді қасиеті болатындығы ертедегі құрылысшыларға мәлім болған.

Айша-бибі кесенесінің арка шатыр жүйесі қабырғаға күш түсірмейді және түсетін күшті бағаналар мен кірпіш тіреулерге ауыстырады. Қасбеттегі төрт ойықтың бәрі де жартылай шатыр мен шағын бағаналарға және ойықтардағы кірпіш тіреуге сүйенеді.

*Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдіғұлов М. Қазақстан архитектурасы. А., 1954, 111–113-б.  
(Орыс тілінде).*



## Алаша хан кесенесі

1894 жылы жарық көрген «Қырғыз даласының очерктері» деген кітабында осы мазарды көзімен көрген орыс ориенталисі Я. И. Шмидт былай деп жазыпты: «...Егер Сары Кеңгір өзенінің сағасынан оңға қарай бұрылып, Қара Кеңгір өзенінің ағысын өрлей жүріп отырса, он жеті шақырымнан соң жалаңаш жазық даладан монументальды құрылыс асқақтай көрінеді. Бұл – хан билігінің заманында салынған Алаша хан моласы.

Есік орнына салынған кішкене кірер аузы бар осынау кең де биік мешіттің ішінде бесікше жатыр. Мүрде топырағынан көтерілген бұл бесікшенің үстінде жылқының бас сүйектері, түрлі түсті әлеміш шүберектер және ат құйрығы байланған найза сияқты сырықтар көрінеді. Жалпы тұлғасы шаршылана қаланған осы үлкен құрылыстың биіктігі күмбезімен қосып есептегенде – 24 кез<sup>1</sup>. Бұрыштарында шағын-шағын құлақтары бар. Қабырғалары күйдірілген қызыл кірпішпен қаланып, ою-өрнегінің үстінен шыны сияқты ақ сылақ жүргізілген. Ал күмбезіне жылтыр көк сылақ жағылған. Күмбез-қабырғасының ішінде айнала көтерілетін тас баспалдақты тар қуыс бар».

Міне, осы жазу жазылғаннан бері арада бір ғасырдай ғана уақыт өткенімен бұл белгілерге қарап Алаша хан мазарын тану қиын. Қазір мазар қабырғасындағы ақ сылақ пен күмбездіңдегі фируза жалатқан көк сылақтан жұрнақ жоқ. Төрт құлағы да мүжіле опырылып құлаған. Күмбездің ұшар биігі қазан аузындай дөңгелек тесік қалдырып, ішіне түскен. Ал қабырға аралығындағы қуыс жолға кірер ауыз құлаған кірпіштермен бекітілуге айналған. Осы қуысқа кіріп, еңкейе жүріп отырсаңыз, мазардың күмбезі басталатын үстіңгі иығынан сыртқа шығасыз. Бұл жерден көз жетер төңірек алақандағыдай көрінеді. Төрізі, заманында мына далада ат ойнатқан жауынгерлер осы мазар иығында тұрып алып, төңірегіне көз сала телміріп баққан болу керек.

Мазардың іші жаңағы Я. И. Шмидт жазып кеткен белгіден де жұрдай. Бесікшенің сорабы да жоқ, киіз үйдің іші сияқты теп-тегіс. Бұл төңіректің көнекөз қариялары қазірге дейін Жошы хан мазарынан гөрі Алаша хан мазарын құрмет тұтады.

*Сейдімбеков А. Күңгір, күңгір күмбездер. А., 1979, 93-б.*

---

<sup>1</sup> Кез – 71,12 см.

## ҰЛЫ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМДАР ТУРАЛЫ

### Әбу Насыр әл-Фараби (870–950)

Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топ-жарғаны – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» («Әл-Мұғаллим ас-Сани»), «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама. Оның толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ Тархани. Түрік оқымыстылары Әбу Насыр ныспысының соңына кейде «әт-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін шегелей түседі.

Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында, қайсыбір деректерде – оның тікелей ықпалында болған іргелесі Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен «әл-Фараби», яғни «фарабтық» деген атқа ие болған.

Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медресесінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мауараннахрда балаларды түрлі қолөнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған.

Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды ата-анасы Таяу және Орта Шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ Әбу Насыр Бағдадқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған секілді. Өйтсе де Әбудің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежірелері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Мешед, Нишапур, Рей, Исфahan қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдадқа аттанады.

Әбу Насырдың Бағдадқа баруының өзіндік себептері бар-тын.

Атағы өлемге әйгілі шығыстанушы ғалым В.В. Бартольд: «IX–X ғасырларда ғылыми жұмыстар негізінен Тигр мен Евфрат алқабындағы ескі мәдени орталықтар болған Басра мен Харранға шоғырланды. Антиохиядан грек ғылымы да осында қоныс аударды. Бағдад – бүкіл мұсылман әлемінен, әсіресе, Иран мен Орта Азиядан шыққан әдебиетшілер мен ғалымдарды өзіне тартты», – деп жазған. Ал әл-Фараби өмір сүрген кезде ұзаққа созылған соғыстан кейін Орта Азия арабтардың қол астына қарап, халифат құрамына енген болатын. Араб халифатының үлкен мәдени орталығы Бағдад болған. Басып алынған жерлердің қазынасы да осында әкелінген. Тигр мен Евфрат алқабындағы Бағдад, әсіресе, Басра мен Харран жаңадан пайда болған араб тілді мәдениеттің, жаратылыстану және қоғамдық-фәлсафалық ғылымның орталығы болып алғандықтан, ғылыммен әуестенгендер халифаттың түкпір-түкпірінен осында ағылып жатқан. Білімін молықтыру үшін әл-Фараби де Бағдадқа аттанған.

## Араб шежірешілері және әл-Фараби

Әл-Фарабиден кейін ғұмыр кешкен араб жылнамашы-тарихшыларының Отырар перзенті жайлы естеліктері – зерттеушілер үшін аса бағалы қазына. Араб тілінде жазылған бұл дүниелердің алғашқы авторлары X ғасырда күн кешсе, яғни Әбу Насырмен тұстас болса, басқалары XII–XIII ғасырларда өмір сүрген. Солардың бірі – Захир ад-Дин Әбу-л-Хасан әл-Байһақи (1099–1170). Оның «Татиммай суану л-хикма» («Даналық сөздерге толықтырма») деген еңбегінің көшірмелері қазірге дейін қолжазба күйінде Тегран, Ташкент, Бомбей, Хайдарабат, Лондон кітапханаларында сақталып келеді. Оның кейбір үзінділері ағылшын тіліне аударылып, 60-жылдардың басында Үндістанда жарық көрді.

Әл-Байһақи өз жылнамасында мұсылман Шығысынан шыққан озық ойлы фөлсафашылар, дәрігерлер, астрономдар, олардың өмірбаяны мен еңбектері туралы әңгімелейді, қызықты деректер келтіреді. Әл-Байһақи кітабында әл-Фараби жайлы да тарау бар. Онда ол Әбу Насыр өмірінің түрлі кезеңдерін суреттеумен бірге ғалымның шығармашылығына да тоқталады. Әл-Байһақидің Шығыс тарихшылары ішінде әл-Фарабиден екі ғасыр ғана кейін ғұмыр кешкендіктен, оның жазбаларын зерттеушілер құнды шығармалар қатарына жатқызады. Бірақ өкінішке орай әл-Байһақидің аталған шығармасы әлі күнге дейін қолымызға түспей келеді.

XIII ғасырдың ортасында өмір сүрген араб тарихшысы Әли ибн Саид әл-Қифти (1167–1248) әл-Фараби өміріне байланысты тың деректер келтіре отырып, Әбу Насырдың ғылыми еңбектеріне ерекше баға беріп, ғылымға қосқан үлесін айқындаған. Ұлы ойшылдың тұстастары мен шәкірттері жайлы бұрын ұшыраспаған тарихи әңгімелерді келтіреді. Сондай-ақ ол әл-Фарабидің 72 трактатын атайды.

Араб жылнамашысы ибн Халликан (XIII ғ.) «Китаб уафайат әл-алаин уа анба абна аз-заман» («Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағлұматтар туралы кітап») атты еңбегінде исламға дейін және кейін өмір сүрген әдебиетшілер, ақындар, тарихшылар, халифалар, әкімдердің өмірі жайлы қызықты деректер айтады. Ол әл-Фарабидің Фараб (Отырар) шаһарында туған, түркі текті екенін айта келіп, жерлесіміздің өмірі жайлы құнды мағлұматтар береді. Бұл еңбек осысымен де қызық, осысымен де қымбат.

*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары.*

*А., 1995, 12–13, 21–23-б.*

## Жүсіп Баласағұни

Оның өмірбаяны жөнінде бізге жеткен мағлұматтар жоқтың қасы. Аты-жөніне қарағанда, Баласағұн қаласында туып-өскені хақ.

В.В. Бартольд пен И.В. Стеблеваның айтуынша, ойшылдың әйгілі дастаны Қашғар қаласында жазылғанға ұқсайды. В.В. Бартольд «ол кезде Қашғар қаласының халқы ғана нағыз түркі тілінде, яғни «түркі-хақан тілінде» сөйлеген» дегенді айтады.

Жүсіп өз дастанын Қашғар қаласының әкімі Табғаш Боғры Қара хақан Әбу Әли Хасан ибн Сүлеймен Арыслан Қара ханға арнаған. И.В. Стеблеваның пайымдауынша, бұл шығармасы үшін Боғры хақан оған «хас-хаджиб», яғни «хан сарайының қызметкері» деген атақ берген.

Автордың әуелде қайсы жазуды пайдаланғанын айту қиын, бірақ атақты түркітанушы проф. С.Е. Малов ол жайлы: «...XV ғасырдан жеткен қолжазбаға қарап, Жүсіп Баласағұни өз шығармасын араб әрпімен жазған деуге болады. Сонан соң ғана «Құтадғу білік» ханға тарту етілерде ұйғыр әріптерімен қайта көшірілген» деген жорамал жасаған.

Неміс шығыстанушысы М. Хартманның пікірінше, «Құтадғу білік» сарай ақындары шығармаларының үлгісімен жазылған. Бірақ оған В.В. Бартольд келіспей, дастанда халық нақылдарына толы жолдардың көп екенін айта келіп, өз пікірін нақтылы мысалдармен дәйектеген.

«Құтадғу білік» – әңгіме-аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, ғибрат. Дастан оқиғасы XI ғасырда Ыстықкөл, Жетісу, Қашғар өлкесінде болған шындыққа байланысты өрбітіледі. Жүсіптің дастаны – ғибрат, ақыл-өсиет ретіндегі трактат, имандылыққа үндейтін, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық туынды. Онда жеке адамның өзін қоғамда, үй ішінде қалай ұстай білу керектігінен бастап, хандар мен бектердің өз қарамағындағы әрбір қоғамдық топтарға қалай қарауға тиіс екендігі жөнінде көптеген мәселелер қамтылады. Идеясы жағынан дастан имандылық, ізгілік рухында жазылған еңбек. Бірақ автордың негізгі мақсаты Қарахан мемлекетін нығайту, оның даңқын зорайту еді. Өзінің әдептілік принциптері жағынан ол ортаазиялық әдет өлшемдерін негізге алады. Дастанның мазмұны түсінікті, құрылысы қарапайым.

## Махмуд Қашғари

«Диуани лұғат-ат-түрк» хижра есебімен 464 жылдың бесінші айының алғашқы күні (қазіргі жыл санау бойынша 1072 жылдың 25 қаңтарында) жазыла бастаған, 466 жылдың алтыншы айының 10 күні (1074 жылдың 10 ақпанында) аяқталған. Осыдан екі ғасыр өткен соң 1266 жылдың тамыз айында «Диуани лұғат-ат-түркті» түпнұсқасынан бір сириялық кісі көшіріп алады. Көшіруші былай деп жазады: «Әуелі Сава, кейін Шам (Дамаск) қаласының тұрғыны Мұхаммед бин Әбубәкір ибн Әбілфатих (оны тәңірі жарылқасын) осы кітапты түпнұсқасынан көшіріп, 664 жылы оныншы айдың жиырма жетінші

жексенбі күні бітірді». Сонда Махмуд Қашғари кім, ол қайда туып-өсіп, білім алған, қай халықтан шыққан?

Махмудтың өмірбаянына қатысты мәліметтер өте жарытымсыз. Оның өмірі жайындағы мәлімет өз кітабында айтқан азын-аулақ хабардан әрі аса қоймайды. Махмудтың толық аты-жөні – Махмуд ибн Хусейн ибн Мұхаммед Қашғари. Оның әкесі Қашқарда туып-өскен. Әкесі Қашқарда туып-өсіп, соның тұрғыны болғанымен, өмірінің көп кезеңін Баласағұн қаласында кешкен. Атақты ғалым осы Баласағұн қаласында (Қырғызстанның қазіргі Тоқмақ қаласы) туған. Балалық және жастық шағының көп мезгілін Ыстықкөл маңындағы қыстақтарда өткізеді. Өз айтуынша, оның әкесі Қараханидтер тұсындағы әміршілердің бірі Насыр ибн Әлидің нәсіліне жатады. Махмуд алғашқы білімді Қашқар қаласында алады да, кейін Орта Азия мен Иранның біраз қалаларын аралауға сапар шегеді. Сапарының негізгі мақсаты – өзінің білімін толықтырып, жетілдіру болады. Ол сол заманғы араб мәдениеті мен ғылымының көрнекті орталығы болған Бағдад қаласында да біраз уақыт тұрғанға ұқсайды.

Махмуд Қашғари арабша жоғары білім алған өз заманының аса көрнекті ғалымы болған. Араб филологиясын жетік білген және өз білімін туған халқының тілі мен әдебиеті, тарихы мен этнографиясы, географиясы жайында зерттеулер жүргізуге жұмсаған. Махмуд Қашғаридың дәл қай жылы туып, қанша жыл өмір сүргендігі әзірше белгісіз. «Диуани лұғат-ат-түрк» автордың соңғы еңбегі болса керек. Өзінің айтуынша, ол бұл кітаптан бұрын да түркі тілдерінің синтаксистік жүйесі жайында «Джавахир ан-нахви ф-л-лафи түрк» – «Түрік тілінің синтаксистік жүйесінің негіздері» деген ғылыми трактат жазған. Алайда оның бұл еңбегі сақталмаған болу керек, сондықтан осыдан басқа еш мәлімет жоқ.

Кейіннен ол бір кездегі әдеби, мәдени, рухани орталық болған Бағдадқа барады. Оның да себебі бар. Өйткені бұл кез Бағдадты түркілердің салжұқтар тайпасының басып алған, түркі тілінің дәуірлеп тұрған тұсы еді. Сондықтан да Махмуд түркілердің этнографиясы, ауыз әдебиетінің хрестоматиясы іспетті өз еңбегін араб халқына таныстыру мақсатымен араб тілінде жазған.

*Сөнбес жұлдыздар. А, 1989, 225–227-б.*

## А л т ы н ш ы т а р а у

### ХІІІ–ХV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

#### Шыңғысхан туралы

Есукей батырдың ханымы Өуелүн бегімнен Темүжін, Шошы-Қасыр, Қашығұн, Темуке-кенже деген төрт ұл және Темулін атты

бір қыз туған екен. Темүжін тоғызға толған кезде Шошы-Қасыр жетіде, Қашығұн бесте, Темуке үште, ал Темүлін бесікте еді. Есукей батырдың бұрынғы әйелі Шешекүлден Бектүр, Белкүтей деген екі ұл болған. Есукей батыр Темүжін тоғыз жасқа толған жылы, жаздың бір күні шешесі Әуелүннің төркіні Олқұн тайпасынан қыз айттыруға ұлын ертіп жолға шығады. Шекшір деген жерден өтіп, Шұғырық маңына келген кезде қоңырат тайпасынан Дей шешенге жолығады. Екеуі сәлемдескен соң, Дей шешен:

– Есукей құда, қайда аттанып барасың? – деп жөн сұрайды.

Сонда Есукей батыр:

– Мынау ұлымды нағашы жұртына апарып, қыз тандатпақпын, – дейді. Құдасының ойын дөп басқан Дей шешен:

– Е, ұлыңның көзі шоқты, беті отты екен, – деп мақтайды да, – Есукей құда, өткен түні мен мынандай бір түс көрдім. Түсімде бір ақсұңқар құс ай мен күнді жарқырата шеңгелдеп, өзі келіп қолыма қонды. Бұл түсімді әдейі ешкімге айтпадым. Енді сол ақсұңқар құстың нақты өзін көргендей бойымды қуаныш билеп, жақсылыққа жорып тұрмын. Болжап көрсем, сол ақсұңқар құс сіздің Қият елін бақытқа бастайтын секілді, – деді.

Дей шешен:

«Біздің қоңырат тайпасы ежелден бері:

Бөтен елді шаппаған

Беті сұлу қыздарын

Хан ұлына арнаған.

Қазақ арбаға қондырып,

Қара бура жектірген.

Хан бегімнің қасына

Қатар тізе бүктірген.

Ұлыс елді шаппаған.

Көркі сұлу қыздарын,

Күймесіне қондырған.

Ор бурасын желдірген,

Ойын-сауық қоздырған.

Биік таққа әкеліп,

Бір шетіне қондырған!» –

деп өлеңдетеді. Дей шешен сөзін одан ары жалғап:

– Әуелден біздің Қоңыраттың ханымдары келбетті, қыздары сұлу, көрікті болып келетін. Жиендеріне жылылық, қыздарына сұлулық жарасқан, ұлдарымыз затын, қыздарымыз сымбатын танытқан еді. Есукей құда, қызым әлі жас болса да үйге түсіп қайтыңыз! – деп оларды ертіп алады.

Есукей батыр Дей шешеннің үйіне келіп, әлгі айтқан қызын сынап көрген еді, шынында ол көзі шоқты, жүзі нұрлы көріктінің өзі

екен. Оны әкелі-балалы екеуі де ұнатты. Қыз Темүжіннен бір жас үлкен, онға шыққан кезі екен. Есімін Бөрте деп қойыпты. Сөйтіп Темүжін ұлын қалдырып, өзі еліне қарай аттанып кетеді. Жолда келе жатқанда Шекшірдің сар даласында келін түсіріп, той жасап жатқан татарларға кез болады. Татарлар Есукейді көре сала ежелгі жауымыз келді деп өзара ымыраласып, оны аттан түсіріп алып, асқа шақырады. Ұсынған тамағына у қосып береді.

*Алтын шежіре. А., 1998, 24–25-б.*

### **Керей ханы Тұғырыл мен Шыңғыс арасындағы қарым-қатынастар**

Темүжіндер Сенгүр бұлағынан көшіп, Керлін өзенінің жоғары жағындағы Бұрғы деген жерді мекендеген кезде Сотан әжейдің китке әкелген қара бұлғын ішігін алып, Темүжін, Қасар, Белгітей үшеуі әкесі Есукей батырдың ежелгі досы Уаң ханға дидарласпақ болып барады. Әкеміздің досы әкеміздей болар деп ойлаған Темүжін Тула өзенінің бір саялы жерін мекендеген Уаң ханға барып, сәлемдескен соң, былай дейді: «Әкем марқұмның ежелгі досы сізді өз әкемдей көріп, өзім үйленгенде енеміз китке берген қара мақпал ішкікті сізге әкеліп отырмын», – деп ішігін ұсынады. Бұған дән риза болған Уаң хан былай дейді:

«Қара бұлғын ішігін  
Қор болып текке кетпесін.  
Тозғындаған еліңді  
Топтастырып берейін.  
Бытыраған еліңді  
Біріктіріп берейін.  
Әй дейтін болсын ажасы,  
Қой дейтін болсын қожасы».

*Монғолдың құпия шежіресі. А., 1998, 46–49-б.*

### **Шыңғыс пен Керей хандардың Найман хандығына қарсы тұрулары**

Шыңғыс қаған мен Уаң хан екеуі найманның Күшігінің Бұйрық ханымен соғысуға аттанып, Ұлықтақтың Соғақ су деген жеріне барған кезде Бұйрық хан төзіп тұра алмай, Алтай аса көшеді. Шыңғыс қаған мен Уаң хан екеуі Соғақ судан Бұйрық ханды өкшелей қуып, Алтай асырып, Құмсінгірдің Үрінгі өзеніне дейін қуады. Сөйтіп, олардың Еди-тобылық деген нояны қарауылға шығып жүріп, біздің шолғыншы әскерлерге кез болып қалып, тауға қарай қашқанда айылы үзіліп, ұсталады. Бұйрық ханды Үрінгі өзеніне дейін қуалап, Қызыл-бас көлінде қуып жетіп, оларды сол жерде құртады.



Сонан соң Шыңғыс қаған мен Уаң хан екеуі қайтып келгенде Көксеу Сабырық батыр Бәйдірік алқабында әскерін реттеп, соғыспақ болып тосып тұр еді. Шыңғыс қаған мен Уаң хан екеуі де соғыспақ болып әскерін сапқа тұрғызып келгенде әбден кеш болғандықтан, «ертең соғысайық» десіп, реттеген қалпында түнейді. Алайда түнде Уаң хан түскен жеріне от жағып тастап, Қара суіл (құйрық) өзенін өрлей қозғалады.

Уаң хан найманның Көксеу Сабырық батырынан жеңілген соң, Шыңғыс қағанға елші жіберіп: «Менің дүние-мүлкім мен қыз-ұлдарымды наймандар тартып әкетті. Ұлым, сенен төрт батыр жіберуді өтінемін. Менің ел-жұртым мен дүние-мүлкімді құтқарып бере гөр», – дейді. Шыңғыс қаған жасағын жөндеп, Борши, Мұқылай, Бороқұл, Шұлуын деген төрт батырын әскерімен қоса жібереді. Бұл төрт батыр барудан бұрын Сенкім Ұланқұс деген жерде соғысып жүріп, атының санына оқ тиіп, қолға түсуге таяған кезде Шыңғыс қағанның төрт батыры оны құтқарады және дүние-мүлкі мен қыз-ұлдарын тартып алып береді. Сол кезде Уаң хан: «Бұрын Темүжіннің абзал әкесі менің быт-шыт боп кеткен елімді жинап берген еді. Енді Темүжін ұлым да төрт дөй батырын жіберіп, менің айырылған ел-жұртымды құтқарып әкеп берді. Қарымын қайтаруды тәңір білсін!» – дейді.

Сондай-ақ Уаң хан тағы да:

«Батыр туған Есукей  
Бытыраған елімді  
Біріктіріп берген-ді.  
Тұңғыш ұлы боп туған  
Темүжінім – Шыңғысхан,  
Телім боп кеткен елімді  
Түгел жинап бергізді, – дейді.

*Монғолдың құпия шежіресі. А., 1998, 97–101-б.*

### **Керей хан мен Шыңғысхан арасында қайшылықтың туа бастауы**

Шыңғысхан дос үстіне дос болу ниетімен (Уаң ханды айтып отыр):

– Жошыға Сенкімнің қарындасы Шаңыр бегімді берсін. Ал Сенкімнің ұлы Тасақытқа өзімнің қызым Күжін бегімді берсем, – деп тілек айтты. Сонда бұл адал тілекті түсінбеген Сенкім (Уаң ханның баласы) менменсіп:

– Олардың қызы бізге келсе, іргеде отырып, жыраққа көз салар. Біздің қызымыз оларға барса, жырақта отырып, іргеде көз салар! – деп, қарындасы Шаңыр бегімді бергісі келмейді.

Өзін қорлаған мынандай сөзді естігеннен кейін, Шыңғысхан Сенкімге іштей наразы болып жүреді. Осы жағдайды сезген Жамұқа доңыз жылының көктемінде өзіне Алтын, Құшыр, Кірдікөбей, Өбікшін,

Сүкетай, Торы Қашықұн бек секілді сыбайластарын ертіп, Жіжігір қыратындағы Беркенөрін деген жерде отырған Сенкімнің ауылына көшіп барады. Жамұқа Сенкімге былай деп өтірік айтады:

– Менің Темүжін андам найманның Даян ханымен сыбайлас секілді. Бетпе-бет келгенде әке мен баламыз десе де, бөтен жерде пиғылы басқа екен. Осыны білесіз бе сіз! Егер бұған сенсеңіз Темүжінге аттанар кезде мені жаныңызға ертіп жүргейсіз!

Бұл әңгімені тыңдап тұрған Алтын мен Құшыр екеуі қосарла-  
нып:

– Біз Әуелүн шешейдің балаларының үлкенін өлтіріп, кішісін кескілеп берейік! – дейді. Сонда Өбікшін мен Кірдікөбей екеуі:

– Иә, олардың қолын қол, санын сан етіп берейік! – дейді. Ал Торы:

– Амалымызды асырып, Темүжіннің елін жаулап алайық. Елін алсақ, өздері қайда қашар дейсің! – дейді. Қашықұн бек тұрып:

– Сенкім балам, бізге сенсең, ойыңа алғаныңның бәрін айт. Қыс-қана – жалғау, тереңіне тіреу болармыз! – дейді...

*Алтын шежіре. А., 1998, 74–77-б.*

### **Монғолдар мен жалайырлар арасындағы қарым-қатынас**

Темүжін мен Жамұқа екеуі Талқұн аралынан аттанып, Қорқы-ның Жұбырға қарай жүреді. Тұғырыл хан Бұрхан халдунды жоталай Өкірті орманын, Ғашуырты (шыршалы), Ұлаты (қызғылт) деген жерді басып, аң аулай жүріп, Тула өзенінің Қара орманына таман беттейді.

Темүжін мен Жамұқа екеуі Қорқының алқабына келіп түсіп, ежелден анда екендігін еске түсіріп, «енді қыл өтпес дос болып, той жасайық» деседі. Ең алғаш дос болғанда Темүжін он бір жаста еді. Сол кезде Жамұқа құралай сақасын Темүжінге беріп, Темүжін құйма сақасын Жамұқаға береді. Соның келер жылғы көктемінде Темүжін имек садағымен атқалы жатқанда, Жамұқа тайыншаның қос мүйізін қиыстырып тесіп істеген, сыңғырлап тұратын оғын Темүжінге, Темүжін арша басты жебесін Жамұқаға беріп, дос болады. Екі рет достасуы осылай болған еді.

«Енді екеуміз ең сүйікті дос болайық», – деп Темүжін меркіттің Тоқтасынан олжалап алған алтын белбеуін Жамұқа досына буындырып, Тоқтаның қызба құласын да Жамұқа досына мінгізеді. Жамұқа оның есесіне Убас меркіттің Дайыр-ұсыннан олжалап алған алтын белбеуін Темүжінге буындырып, Дайыр-ұсынның кекілін түйген боз атын Темүжінге мінгізеді.

Екеуі осылайша тату болып,  
Қорқының Жұбыр жағасында,

Мөлдір өзен сағасында,  
Мәуелі ағаш саясында  
Мерейі асқан той істеп,  
Мың бұралтып би билеп,  
Жарқын көңілі хош болып,  
Жарасымды дос болып,  
Түнде бір көрпеге оранып жатысқан еді.

*Монғолдардың құпия шежіресі А. , 1998, 60–61-б.*

### **Рашид-ад-дин<sup>1</sup> Шыңғысханның Отырар қаласына келуі туралы және қаланы монғол әскерлерінің алуы туралы**

Жылан жылының<sup>2</sup> қысына қарай Шыңғысхан қаһарман армиясымен Отырар қаласына жетті: оның шатыры бекіністердің қарсы алдына орнатылды. Сұлтан Қайыр ханға көп әскер берді, ал оған көмекке 10000 атты әскермен Қараша ханды жіберді; қаланың бекіністері мен қабырғаларын әбден нығайтып, соғыс құралдарын жинады. Шыңғысхан Шағатай мен Үгідейге бірнеше түмен әскерімен қаланы қоршауға, Жошыға Жент және Жанкент жағына беттеуге әмір берді; бектер қосынын Ходжент және Бенакет жағына жіберді және әскерін жер-жерге жөнелтті. Ал өзі Төле ханмен бірге Бұхараға бет алды...

Отырар жанында екі жақ бес ай бойы шайқасты. Ақырында Отырар тұрғындарының жағдайы барынша қиындап кетті; Қараша бағынып, қаланы беруге келісім берді, бірақ Қайыр хан осы қырғынға өзі бас болғанын біліп, бұл шешімді бекітуді ойға да алған жоқ, барынша күш пен ынта салып, «мен жарылқаушыға арамдық жасағым келмейді» деген сылтаумен бітімге келмеді. Осы себеппен Қараша да енді оны қыстаған жоқ, сөйтіп түн жамылып, өз әскерімен қаланың қақпасынан шықты. Монғол әскерлері оны ұстап алып, бекзадаларға қызмет етуге апарды. Олар: «Сен осының алдында қаншама қайырымдылық жасағанына қарамастан, өз мырзаңа адал болмадың; сенің бізге адал болатыныңа қалай сене аламыз?» – деді. Олар оны барлық нөкерлерімен қоса қырып салды, қаланы алып, барлық адамдарды қаладан қойдай топырлатып айдап шықты, сөйтіп қолға түскен нәрсені тонап алды. Қайыр хан жиырма мың әскерімен қамал ішіне бекінді. Олар қамалдан елу адамнан шығып, қырыла берді. Соғыс бір ай бойы толастамады, сөйтіп көпшілігі қаза тапты. Қайыр хан екі адамымен қалды: ол үнемі қорғанып, соғыса берді. Монғол әскерлері

---

<sup>1</sup> Рашид-ад-дин (1247–1318) – иранның энциклопедист ғалымы және мемлекет қайраткері.

<sup>2</sup> Жылан жылы – мұсылман деректемелерінде 1219 жыл.

оны бекіністе ығыстыра берді: ол шатырға шығып, берілмеді. Екі нөкері де қаза тапты. Қару қалмады. Содан кейін ол кірпіш лақтырып, қарсыласуын тоқтатпады. Монғолдар оны біртіндеп қоршап алып, қолға түсірді. Олар қорған мен бекіністі жермен-жексен етті. Ажалдан аман қалған халық пен қолөнершілердің кейбіреулерін топырлатып Бұхараға, Самарқанға және өздерінің жерлеріне айдап өкетті, ал Қайыр ханды Көк Сарайда өлтіріп, олар ол жерден кетіп қалды.

*Деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткен тарихы.*  
А., -М., 1935, 43–44-б. (Орыс тілінде).

### **Махмұт бен Әмір Уәлидің «Бахр әл-Асрар Фи Манакиб әл-Ахйар» деген шығармасынан**

*Әбілқайыр ханның Моғолстан жағына аттанысы туралы және оның (осы) сапар кезінде қаза болуы туралы әңгіме.* Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақ пен Хорезмнің жерін, Фарангистан жерінің төңірегі мен Моғолстан уәлаяттарының шет аймақтарына дейінгі солтүстік шекараны (бойлай) барлық қамалдар мен жерлерді қарақшылар мен бүлікшілер (зұлым) қаскүнемдігінің бүлігі мен арам қылықтарынан тазартып, азат еткен кезде ол кейбір туыстары мен залым адамдарды жазалаған, ал кейбіреулерін жат елдерге қаңғытып жіберген (кезде) және ол (сол) кездегі сұлтандарымен бірге туысқандық қатынастар (орнату) арқылы достық пен одақтың іргетасын қалаған (кезде) оның кенеттен Моғолстанның моғол сұлтандарының билігінде болып отырған басқа жерін жаулап алғысы келді де, ол ержүрек әскерлерін жинауға әмір етті. Құдай жарылқаған ел мен ұлыстың барлық қолбасшылары мен әскербасылары белгіленген уақытта өздерінің ондықтарымен, жүздіктерімен және мыңдықтарымен Атил өзенінің жағасында қасиетті жасаққа қосылсын деген, орындалуға тиісті хан жарлығы берілді де, (Әбілқайыр ханның) өзі қасиетті жеке басымен әскерлердің қару-жарағын, сауыт-сайманы мен шайқас құралдарын тексерумен айналысты. Жеңістердің панасы болған әскерлерге ол берекелі қазынадан жалақы төледі.

Бірақ қасиетті соғыс (джихад ва газат) жүргізуге лайық болу тілегінің хан жүрегіне барынша орнығып алғаны сонша, ол суықтың беті қайтқанын күтпей, құдайға сиынып, көміл сеніммен аттаныс туын көтерді. Күн (сияқты) көрікті (Әбілқайыр ханның) ізгі пікірі әмір нұрын шашып, шахзада Күшкінші Әмір Жұлдыз тарханмен, Хасан бек ойратпен, Жәлел оғланмен, Сатылмыш найманмен, Сайдбек қоңыратпен, Темір маджармен, Ташбек қыпшақпен және басқа да әмірлер мен басқақтардан шыққан кейбір (адамдармен) бірге манглай ретінде қол бастады.

Қасиетті қосын Аққыстаққа ірге тепкен кезде суықтың қайтадан қатты күшейгені сонша, (одан әрі) ілгері (жол) жүру аса қиыншылыққа айналды. Осы себепті қосындағы көптеген жарық жұлдыздардың денсаулығын сақтауды ойлаған (Әбілқайыр хан) жорықты (қозғалмай) тоқтатып, үзіліс жасауға ойысты.

Осы кезде (сол кезге дейін де) онша жақсы болмаған (Әбілқайыр ханның) денсаулығы қалыпты жағдайдың даңғыл жолынан ауытқып кетті...

...бақытты ғұмыр кешкен хан сегіз жүз жетпіс төртінші жылы<sup>1</sup>, яғни тышқан жылы елу жеті жасында (құдайға) өзіне жан төсілім ету жөнінде айтылған сөзге құлақ асып, хаққа мойынсұнып, бұл шірік дүниеден мәңгілік мекеніне көшті...

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 358–361-б. (Орыс тілінде).*

### «Тауарих-и Гузида-ий Нусрат-наме» шығармасынан

Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Шайхы-Хайдар хан болды. Оның заманы ұлы бектердің және оның ізгі тектерінің қадір-қасиеті мен атақ-даңқын құрметтеуден қала бастаған кезде оның күш-қуаты күн санап кеми берді.

Сол заманда Әбілқайыр ханның жұртында<sup>2</sup> жаулар пайда болды. Олар (Шайхы-Хайдар ханның өміріне) қаскүнемдік жасады. Бұл жаулардың есімдері: Қажы Мұхаммед-Тарханның<sup>3</sup> ұлы Сайибек (және Қажы Мұхаммед ханның немересі, Махмүдек ханның ұлы) Ибақ<sup>4</sup>, Барақ ханның ұлдары<sup>5</sup> Жәнібек (және) Керей, Араб<sup>6</sup> ұлдарынан Береке сұлтан<sup>7</sup>, маңғыттан<sup>8</sup> Аббас бек пен Мұса (және) Жаңбыршы, солар басқарып (солармен бірге жаулар) жиналып, (оған) жан-жақтан қастық жасады. Осы Қарашы-баһадүрлер өз қолдарында болған ханзадалармен бірге қылышпен шауып, көп іс жасады. Олар көптеген жылдар бойы осы екі ханзадаға зиян жасауға жол бермеді.

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 358–361-б. (Орыс тілінде).*

<sup>1</sup> 874 ж. – қазіргі жыл санау бойынша 1469–1470 ж.

<sup>2</sup> Жұрт – ел.

<sup>3</sup> Дұрысы – Қажы Мұхаммед хан.

<sup>4</sup> Ибақ – ол әрі Абақ хан және Айбек хан.

<sup>5</sup> Барақ ханның ұлдары – Жәнібек пен Керей, шынына келгенде оның алыс туыстары болған, олардың бабалары қазақ хандары әулетінің негізін салушы Үрүс хан (1369–1376 ж. билік еткен).

<sup>6</sup> Араб – Шайбани тұқымы. Арабшах, Алтын орданың ханы.

<sup>7</sup> Береке – сұлтан. Шайбани тұқымы. Арабшахтың ұрпағы.

<sup>8</sup> Маңғыт – Дешті Қыпшақ тайпаларының бірі. Маңғыт (Ноғай) ордасын басқарған.

## Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати

«**Та'рих-и Рашиди**» Моғол хандығы туралы. «...Шыңғысханның төрт ұлы болды. Ол әлемді осы төрт ұлына бөліп берді. Әрбір ұлының ұлысы жаулап алынған әлемнің халық мекендейтін мәдениетті елдері мен шөл даласының төрттен бір бөлігі болды. Тарихи шығармалардың «Төрт ұлыс (ұлыс арба'а)» сөз етілетін жерлерінде нақ осы төрт бөлік айтылады. Ғалым Мырза Ұлықбек тарих жазып, оны ол «Ұлыс арба'а» деп атады.

Осы төрт ұлыстың біреуі – Моғол (ұлысы). Ол екі бөлікке бөлінді: біреуі – моғолдардың, екіншісі – шағатайлардың бөлігі. Бірақ осы екі бөлімше өзара жаулықтың себебінен бір-бірін кемсіткен атпен: шағатайлар моғолдарды «жете», ал моғолдар шағатайларды «караунас» деп атайды. Бабыр патшаның ұлдары болып табылатын шағатай патшаларын қоспағанда, шағатайлардан қазіргі уақытта бірде-бір адам қалған жоқ. Ал шағатайлардың орнына олардың мұрасындағы қалалар мен уәлаяттарды (басқа) адамдар иеленіп алды. Ал моғолдардың Тұрфан мен Қашғар шегінде отыз мыңдайы қалды, ал Моғолстанды өзбектер (қазақтар) мен қырғыздар басып алды. Қырғыздар да моғол тайпасы болғанымен, олардың (моғол) хақандарына қарсы жиі көтеріліс жасағанына байланысты олар моғолдардан бөлініп кеткен. Барлық моғолдар мұсылман болды, олар діндар адамдарға айналды (санатына кірді). Ал қырғыздар бұрынғысы сияқты, дінсіз күйінде (билігінде) қалды. Олар моғолдардан осы себепті бөлінді.

«...Қолда бар шежірелер мен бұрынғы авторлардың еңбектерінде Моғолстанның шекаралары көрсетілмеген, (сондықтан) қазір оларды ешкім білмейді... Алайда қазір Моғолстан деп аталатын аумақтың ені мен ұзындығы 7–8 айлық жол (қашықтық) болып табылады.

(Моғолстанның) шығыс жағы қалмақтар жерімен шектесіп жатыр және Барс көлді, Емелді, Ертіс өзенін қамтиды. Солтүстігінде ол – Көкше теңізбен, Қараталмен, батысында – Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде – Ферғана уәлаятымен, Қашғармен, Ақсумен, Шалышпен және Тұрфанмен шектеседі... Осы жердің бәрінің о шеті мен бұ шеті жеті-сегіз айлық жол болады.

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандығының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 216–217, 219-б. (Орыс тілінде).*

## Абылғазы (Абу-л-Гази)

Отырарда сауда керуенін тонау ...Мауараннахрдың бірнеше саудагері өзара келісе отырып, Шыңғысханның ордасына түйеге артып тауар алып келді... Хан олар әкелген тауардың бәрін де алды. Бір теңге тұратын затына 10 теңге төледі, қошемет көрсетіп,

ас-су берді. Мұның үстіне кінәздеріне әр саудагерге бір адамнан қосып жіберуді бұйырды; барлығы 450 адам аттанды. Үшеуін Шыңғысхан Мұхаммед сұлтанға елшілікке жіберді. Бұлар – хорезмдік Махмуд, бұхаралық Әлиқожа және үшіншісі отырарлық Жүсіп (Юсуф) еді; бұларға мына сөзді айтуды міндеттеді: «Сіздердің саудагерлеріңіз бізде болып, құрмет-сыйға бөленді, біз де сол сияқты өз тарапымыздан сіздерге бірнеше кісі жөнелтіп отырмыз, жақсылап күтіп, сыйымен жібереді деп сенемін... Менің балам болғын, Алла тағала сен екеуімізге әлемді берді; егер мен әкең болсам, сен менің ұлым болсаң, онда біз бір-бірімізге достық рәуіште боламыз, барлық жол қауіпсіз болады, барлығы да тыныштықта һәм ризалық өмір сүреді».

Елшілер Отырарға келді. Отырардың билеушісі Иналшық Мұхаммед сұлтанға анасы жағынан туыс еді. Мұхаммед сұлтан оған Қайырхан деген жаңа ат берген болатын. Саудагерлер өздерін таныстырды; олардың бірі Иналшықты білетін еді, сол Қайырхан деудің орнына Иналшық деп атап қалды. Бұл сөзге ренжіген ол саудагерлерді қамауға алуды бұйырды да, Мұхаммед сұлтанға Отырарға бірнеше тыңшы келіпті деп мәлімдеді. Мұхаммед сұлтан істің анығына жетпей, олардың басын кесіп, тауарын тартып алуды бұйырды. Қайырхан оларды өлтіріп, тауарын алды. Бір саудагер қашып құтылып, Шыңғысханға келді де, өздеріне не істегенін айтты. Мұны естіген Шыңғысхан өте қатты күйінді, кінәздерін шақырып алып, кеңесіп, Мұхаммед сұлтанға соғыс ашуға шешім қабылдады: әскерлерін жинады да, бір адамға «Мен аттандым, бұл саған белгілі болсын!» деп айтуды міндеттеді.

*Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., 1992, 69–70-б.*

## **А. Дженкинсон<sup>1</sup> XVI ғасырдың ортасындағы ноғайлар туралы**

Камадан Астраханға дейінгі Еділдің сол жақ жағалауындағы және одан әрі Каспий теңізінің татар-түрікмендердің жерімен шектесіп жатқан солтүстік және солтүстік-шығыс жағалауындағы барлық жер маңғыттардың (mangat) немесе ноғайлардың жері деп аталады. Оның халқы Мұхаммед үмбеті; 1558 жылы мен Астраханда болған кезімде оны азаматтық қырқыстардың, ашаршылықтың, індеттің және т.б. апаттардың әбден бүліндіргені сонша, сол жылы 100 мыңға дейін адам қырылды; мұндай апаттың болғанын мұндағылар ешқашан білген емес, демек, жайылымы мол ноғай жері ноғайлармен ежелден қатаң соғыс жүргізіп келе жатқан орыстарды аса қанағаттандырып, енді бос қалып отыр.

---

<sup>1</sup> Дженкинсон Антон – ағылшын саяхатшысы, көпес және дипломат, Ресей мен Қазақстанда XVI ғасырдың орта шенінде болған.



Ноғайлар өздерінің гүлденген заманында былайша өмір сүрген: олар орда деп аталатын бірнеше қоғамға бөлінген. Әрбір орданың өз билеушісі болады, оған король сияқты бағынады; билеушісі мырза деп аталады. Ноғайлардың қаласы да, үйлері де жоқ, олар ашық далада өмір сүреді; әрбір мырзаның немесе корольдің жанында әйелдерімен, балаларымен, малымен өз ордасы болады. Малы бар шөпті жеп қойған соң, олар басқа жерге көшіп қонады. Көшкен кезде олардың тұрағы – доңғалақты шатырлар немесе арба үстіне орнатылған шатырлар, оны бір жерден екінші жерге түйе жегіп апарды; олар өздерінің әйелдерін, балаларын және оларда онша көп бола бермейтін бүкіл байлығын осы арбалармен алып жүреді. Әрбір еркектің күндерін есептемегенде кемінде 4 немесе 5 әйелі болады. Олар теңге дегенді мүлде қолданбайды, бірақ малын көйлек-көншекке және басқа да қажетті заттарға айырбастайды. Олар өздері өте тәжірибелі, әскери өнерден басқа, қолөнермен де, көптеген өнер түрлерімен айналысады. Көбінесе бұлар малшы халық, иелігінде малы көп, оның бүкіл байлығы содан құралады. Олар етті, негізінен, жылқы етін көп жейді, қымыз ішеді, оны көбінесе мас болғанша ішеді, бұлар бүлікшіл, кісі өлтіру мен талап-тонауға бейім тұратын халық. Олар астық екпейді және нанды мүлдем жемейді. Біздің қамалдарымызды жек көріп, христиандардың нан жейтінін күлкі етеді, олар бізді шөптің басын жеп, нақ солардан істелген сусын ішесіндер дейді, өздерімен күш теңестіріп, мықты болу үшін олар көп ет жеп, сүт ішуді ұсынады...

*Деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткен тарихы.*

*А. -М., 1935, 125–126-б. (Орыс тілінде).*

## Жетінші тарау

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### П.С. Паллас<sup>1</sup> қазақ тайпасының шығу тегі туралы

Бұл халықты қырғыз-қазақ деп атайды, ол өзінің көршілері ресейліктер мен қалмақтарға да осы атпен мәлім. Бірақ қырғыздар маған бұл аттың былайша шыққанын айтты. Бұрын олар түріктермен бірге тұрған және Евфратқа дейін созылып жатқан; онда оларды ерекше иелер басқарыпты, соның ішінде Иазыд хан бұл елдегі ең соңғысы

---

<sup>1</sup> Петр Симон Паллас (1741–1811) – орыстың жаратылыстанушысы, Петербург Ғылым академиясының мүшесі. Ресейге Германиядан келген. 1768–1774 жылдары Қазақстанға, Поволжьеге, Сібірге жасалған экспедицияларды басқарған. Ресейдің шығыс аудандарындағы халықтардың этнографиясы мен тарихы туралы, соның ішінде қазақтар туралы да айтылатын «Ресей мемлекетінің түрлі провинцияларына саяхат» деген еңбектің авторы.

болыпты. Ол түрік тағын иеленбекші болып, сол үшін Мұхаммедтің Хозан және Хұсан деп аталатын және оның қызынан туған екі немересін өлтіріпті. Бірақ бұл кісі өлтіру әшкереленіп, түріктер оның өзін де, барлық қырғыздарды да тұрған жерлерінен қарулы күшпен қуып жіберіпті. Сонан соң олар ноғай татарларымен қоңсы болған, бірақ ақырында олардың өздері де жаулап алынып, қазір олар иеленіп отырған даладан қуылып жіберілген. Олардың ордасы бодандары жоңғарлар мен монғолдарға көрші болған Кергис хан дегенге бағынған; ал аталған Кергис хан оларды әскери қызметке ғана пайдаланған. Бірақ олар оның да сенімінен айырылып, өздерінің қазіргі тұрақтарына көшіпті, сөйтіп қырғыз-қазақ деген атты сол жақтан әкеліпті, бұл Кергис ханның әскери қызметшісі деген сөз және де олардың өздері Ресейдің барлық қазақтары өздерінің атын да, әскери қимылын да өздерінен алған деп ойлайды.

*Деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткен тарихы.*  
А. -М., 1935, 125–126-б. (Орыс тілінде).

## **И. Фальк<sup>1</sup> «қазақ» терминінің шығу тегі туралы**

Қазақтар (қырғыздар) ежелден жеке үш ордаға, яғни тобырға (norden немесе orden), ал әрбір орда он центурийге немесе мыңдықтарға бөлініп келді. Koerder – дала адамдары – қазақтар Үлкен Орданы осылай атайды. Қалған екі орда өздеріне «қыр қазақ» деген ат алды, бұл «қыр» – шөл және «қазақ» – батыл деген сөздерден шыққан.

*Фальк И. Ресей бойынша ғылыми саяхаттардың толық жинағы*  
(Императорлық Ғылым академиясы шығарған).  
7-том, СПб., 1825, 7-б. (Орыс тілінде).

## **И.Г. Георги<sup>2</sup> Қазақстанның үш жүзге бөлінуі туралы**

Қырғыздардың біреуі – Ұлы, екіншісі – Орта, ал үшіншісі – Кіші деп аталатын үш ордаға қай уақыттан бері және қандай себептермен бөлінгені ешкімнің есінде жоқ.

---

<sup>1</sup> Фальк Иоган Петер (1727–1774) – швед дәрігері және жаратылыстанушы. Петербург Ғылым академиясында жұмыс істеді. 1769–1773 жылдары Қазақстанға, Поволжьеге және Батыс Сібірге экспедиция жасап, қазақ және қалмақ халықтарының тарихы жөнінде материалдар жинады.

<sup>2</sup> Георги Иван Иванович (Иоган Готлиб) (1729–1802) этнограф, натуралист және саяхатшы. Петербург Ғылым академиясында жұмыс істеу үшін Германиядан келген. 1774 жылы Қазақстанда, Алтайда, Поволжьеде, Сібірде болды. «Ресей мемлекетінде мекендейтін барлық халықтарды, сондай-ақ олардың тұрмыс-салттарын, дағдылы киімдерін, тұрғын үйлерін, өсемдік заттарын, ермектерін, діни нанымдарын және басқа да есте қалатын қасиеттерін суреттеу» деген еңбектің авторы. (СПБ., 1776). Бұл – Ресей халықтары туралы, соның ішінде қазақтар туралы да этнографиялық мол мағлұмат беретін еңбек.

Ұлы орда буруттармен дос, оның үстіне олармен бір халықпыз және де бұған қоса байырғы халықпыз, Орта және Кіші Орда содан шыққан деп санайды. Олар көбінесе оңтүстікте көшіп жүріп, Алтай тауларына қоныстанған, ал оның өзі Үндістан тауларының солтүстік еңісіндегі жоталар болып табылады, сондықтан да олар алтай қырғыздары деп аталады. Бұл орда қазірдің өзінде де Ташкенттің арғы жағында, Жоғарғы Сырт өзені бойында, Түркістанның маңында және басқа жерлерде көшіп жүреді.

Ол 30 мыңға дейін адамнан атты әскер құрай алады, алайда олардың үштен бір бөлігі ғана соғыс жүргізуге қабілетті. Басқа ордалар сияқты ол да қарақшылық жасап, өздерінің тыныш жатқан көршілерінің жерін ғана емес, сонымен қатар 1738 жылы Ташкенттің жанында Ресей керуеніне жасалғаны сияқты, көпес керуендерін де талап-тонайды. Соонгарлықтар (жоңғарлықтар) оларды өз езгісіне салуға едәуір тырысқан, бірақ оның ержүректігі мен тауларға аяқ басуға болмайтындығы олардың тәуелсіздігін сақтап қалған, сөйтіп олар өздеріне жоңғарлар шапқыншылығына жол бермеу үшін ғана жоңғарлармен одақ жасасқан.

Ұлы орданың қырғыздары немесе буруттар ежелгі қысқы қыстақтарда тұрады, бірақ жаздыгүні көбінесе қамыс лашықтарды мекен етеді, алайда өз тұрақтарының орнын өте сирек ауыстырады. Олардың кейбіреулері аздап егіншілікпен де айналысады, оның үстіне басқа қырғыз ордаларының халықтарынан гөрі әлдеқайда ұқыпты, орнықты және батылырақ шұғылданады.

Орта және Кіші Орда да сондай болған. Осы ғасырдың бас кезінде олар жоңғарлықтардан жеңіліс тапты, бірақ соонгарлықтар сияқты, Сібірден мүлдем кетуге тиіс болды, содан кейін қырғыздар өздері иеленіп отырған далаға орын тепті. Әрбір орданың жеке ханы және өздеріне бөлінген жері бар, оны олар бірнеше ұлыстарға бөлген. Олардың даласы: батысында – Орал (қырғызша: Жайық) өзеніне дейін; солтүстігінде – Үйге және жаңа Сібір, яғни Есіл шебіне дейін, Тобылдан Ертіске дейін; шығысында – Суразы өзеніне, Хиуаға, Түркістанға және басқаларына дейін; оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінде – Сырдарияға, сондай-ақ Арал теңізі мен Каспий теңізіне дейін созылып жатыр. Батыс және оңтүстік-батыс бөлігін – Кіші Орда, ал көбінесе шығысына және солтүстігіне қарай созылып жатқан елді Орта Орда иеленетін осынау кең-байтақ даланың көп бөлігі құм басқан және сор алып жатқан мидай ашық әрі қуаң алқап; жеміс-жидек өсетін алқап аз, ал орманды жерлер одан да аз. Онда ауыз судың өзі де жеткіліксіз. Көлдердің көпшілігі мейлінше ащы немесе суы аздап кермек, ал суы тазалары аз. Олардың шетке ағатын деп аталатын өзендерін қоспағандағы атақты өзендері мыналар: Жоғарғы Тобыл мен Есіл, олар Ертіске құяды, сондай-ақ Жем, Ырғыз және Торғай,

олардың біріншісі – Каспий теңізіне, ал қалғандары Ақсақал көліне құяды...

*Георги И.Г. Ресей мемлекетінде тіршілік ететін бүкіл халықтардың сипаттамасы. II бөлім, СПб., 1799, 120–121-б. (Орыс тілінде).*

## Сегізінші тарау

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

#### «Тарих-и-Қыпшақ»

«Тарих-и-Қыпшақ» («Қыпшақ тарихы») жалпы тарих десек, қателеспейміз. Өйткені 9 тараудан тұратын бұл еңбекте ислам дінінің негізін қалаған Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлар, ежелгі Иран патшалары, Араб түбегі мен Месопотамия, Мауараннахр, тіпті Рим, Шын-Машын әміршілерінің жайы, Мұхаммед пайғамбар, имамдар, халифалар, Ислам дінінің 4 құқықтық мектебінің (мазһабының) негізін салушылар, Таһирлік және өзге де мұсылман әулеттерінің (Әмір Темір, Ұлы Моғол, Сафауи, Шайбан, Жәнібек) тарихы сөз болады.

Шығарма қолжазбасының бірнеше нұсқалары қазір Лондон, Париж, Ташкент және Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының қолжазба қорында тұр. Одан үзіндіні (8 бет) В. П. Юдин 1969 жылы орыс тіліне аударып жариялады.

«Тарих-и-Қыпшақтың» біз үшін аса қымбаттысы, оның XV–XVI ғасырлардағы қазақ ұлыстары жайлы тарихи деректер келтіретіні. Автор қазақ тайпаларына жеке тарау арнамағанымен, олар жайлы мағлұматтарды Шайбан және Аштархан әулетінен шыққан хандар тарихын баяндайтын тұстарынан табамыз. Мұнда ол бабасы мен әкесі, сондай-ақ өзі де көзімен көріп, құлағымен естіген бірқатар тарихи оқиғалар туралы айтады. Ол осынысымен де қызық һәм құнды.

«Тарих-и-Қыпшақтың» авторы онда «Бесінші тайпа. Шайбандық хақандар» атты тарауынан бастап әуелде Дешті Қыпшақта билік құрғанымен соңынан Орта Азияны жаулап алған Шайбан әулеті туралы жүйелі баяндауға тырысқан. Әуелі ол Әмір Темір әулетіне тажал болған Жошы ханның ұрпағы Мұхаммед Шайбани ханның ата-тегін саралап шығады да, одан да бұрынырақ XV ғасырда Дешті Қыпшақ даласында өткен тарихи оқиғаларды сөз етуге ойысады.

Оның айтуынша, Шайбан әулетінен шыққан Жүмәдік хан жас Әбілқайырды бала кезінен қамқорлығына алып, тәлім-тәрбие берген. Бірақ өсе келе Әбілқайыр оған опасыздық жасаған соң, Жүмәдік хан оны жазаламақ боп 70 мың әскермен жорыққа шыққан. Қасында бір мың ғана сарбазы болғанымен, Әбілқайыр хан майданда жеңіске жетіп, Жүмәдікті өлтіреді. 16 жасқа енді толған Әбілқайыр сөйтіп 1430 жылы мемлекет тізгінін қолына алады. Біраз уақыттан соң әскер

жиып, қалың қолмен Шағатай текті Махмуд Қожа ханмен соғысуға аттанады. Тобыл өзені жағасында болған қырғын соғыста Әбілқайыр тағы да жеңісті қанжығасына байлайды. 1431 жылы ол енді Хорезмді басып алмақ болады. Ол кезде Хорезм Әмір Темір әулетінің иелігінде болатын. Хорезмді де өзіне оңай қаратқан Әбілқайыр бірте-бірте Мауараннахр жұртына да сұғын қадай бастайды. Ақыры 1461 жылы ол Самарқанға шабуыл жасап, Ұлықбектің немере қызы Рабиға сұлтан Бегімге үйленеді. Одан ол Сүйіншік хан (кейбір деректерде Сүйініш – Ә. Д.), Көшкіншік хан (Күйініш – Ә. Д.), Ақбұрын атты перзенттер көрген...

*Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары.  
А., 1995, 212–213, 216–217-б.*

### «Кодекс Куманикус»

1362 жылдың тамыз айы. Италияның оңтүстігіндегі әсем қала Венециядағы қасиетті храмдардың бірі Әулие Марк ғибадатханасына Қайта өрлеу дәуірінің атақты ақыны Петрарка Франческо көптеген кітаптармен бірге өзі оқып түсіне алмаған, сыртқы мұқабасында «Кодекс Куманикус» деп латынша жазылған қолжазбаны да сыйға тартты.

Онда автор ретінде белгілі бір адамның аты-жөні көрсетілмеген. Қолжазба готикалық көне жазумен XIV ғасырдың басында, дәлірек айтқанда, 1303 жылы Қара теңіз бойын жайлаған қыпшақтар арасында жазылған еді. Көлемі 82 парақ (164 бет).

Сол асыл мұра сандаған ғасырларды артқа салып қазақ оқушыларының да қолына тиді. Дәлірек айтсақ, 1978 жылдың басында ол Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл білімі институты ғалымдарының (Ә. Құрышжанов, А. Жұбанов, Ә. Белботаев) қолға алуымен бірінші рет қазақ тіліне аударылып, «Құманша-қазақша жиілік сөздік» деген атпен жарық көрді. Аталған ғалымдар ЭЕМ-нің көмегімен құман тілінің алфавитті жиілік, кері алфавитті жиілік және жиілік сөздіктерін түзген. Олар мұны «Кодекстің» түпнұсқасы бойынша жасаған. Сондықтан да кітапқа жазылған аннотацияда дұрыс көрсетілгендей, аталмыш шығарма «қазақ тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихын зерттеу үшін аса құнды материал болып табылады».

«Кодекс» қолжазбасы негізінен екі бөлімнен тұрған. Алғашқысын ғалымдар «Итальян бөлімі» деп атаған. Өйткені сөздіктің осы бөлімін Италия зиялыларының біреуі жазуы мүмкін. Себебі «жазудың орфографиялық ерекшеліктері мен сөз өрнектеу тәсілі осы іспеттес ойларға меңзейтін көрінеді. Сөздікті түзген адамдар не саудагер, не жиһангер, әлде білім қуушы әуесқой да болуы мүмкін».

Аталған бөлім ықшамдай айтсақ, «Ауа райы мен аспан әлемі», «Уақыт-мерзім атауларына байланысты сөздер», «Бес сезім мүшелерінің аттары», «Табиғат құбылыстарына байланысты сөздер», «Кейбір заттар мен құбылыстардың сапалық қасиеттерін білдіретін сөздер», «Ұсталар мен ісмерлік істеріне байланысты сөздер», «Етікшілікке байланысты сөздер», «Жазу-сызу жұмыстары мен әр түрлі қызметке байланысты сөздер», «Атақ-дәрежеге байланысты сөздер», «Асыл тас атаулары», «Адамның жақсы қасиеттері туралы сөздер», «Соғыс істеріне байланысты сөздер», «Ат әбзелдеріне байланысты сөздер», «Шөп атауларына байланысты сөздер», «Құс атауларына байланысты сөздер» секілді т.б. күні бүгінге дейін күнделікті қолданылып жүрген көптеген сөздерді қамтиды. Сөйтіп, бұл – Әбжан Құрышжанов айтқандай, «үш бағана етіп жазылған латынша-парсыша-құманша сөздік. Бөлімдегі құман сөздерінің жартысы латын алфавитінің тәртібі бойынша латынша бағанада келтірілген етістік сөздерінің ізімен, солардың аударма баламалары ретінде берілген. Қалған жартысы лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған сан алуан есім сөздері (бірен-саран үстеулер мен қосымшалар бар)».

Жинақтың екінші бөлімі «Неміс бөлімі» деп аталады. Оны неміс миссионерлері жазуы мүмкін. Онда діни уағыздар, нақылдар, жұмбақтар, аңыздар, өсиеттер басым. Соған қарағанда бұның әдебиет тарихы үшін де мәні бар деген ғалымдар пікірінің дұрыстығын айту ләзім. Әсіресе мұнда ауыз әдебиетімізде кездесетін көптеген нақыл сөздер мен жұмбақтар ұшырасады. Тіпті қазіргі тілімізден өзгешелігі жоқ деуге болады. Сондай-ақ онда «Құманша-немісше сөздік», «Итальян поэзиясының үлгілері», «Әулие Луканың «Інжіл» кітабынан аударма», «Құман тілі грамматикасының латынша жазылған нұсқалары», «Қысқаша құманша-немісше сөйлемдер мен сөз тіркестері», «Құманша-латынша сөздік», «Құман тілінің латынша жазылған қысқаша грамматикалық очеркі» де берілген.

«Осымен қолжазба бітеді. Оның бірінші беті мен соңғы беттеріне Венеция мен Франциядағы ұлттық кітапханалардың мөрлері басылған (алғашқы бетте үш рет, соңғы бетте екі рет). Қолжазбаның сырты терімен қапталып, ол екі парақ ақ қағазбен бекітілген. Тері мұқабаның бірінші беті мен оның астыңғы жағына Венеция республикасының мөрі ойып басылған. Венеция Наполеон жаулап алғанда ең алдымен осы ғибадатхананың жазулы мүлкін Париж қаласына көшіруге әмір еткен. Бірақ олар бірнеше жылдан соң Венецияға қайтып оралған. Соның салдарынан «Кодекс Куманикус» те Венециядан Парижге барып қайтқан».

Сөздікті түзушілер «Кодекс» сөздігінің зерттелу жайы туралы да қызықты деректер қалдырған. Мәселен, неміс ғалымы Лейбниц (1646–1716): «Мен Петрарка кітаптарының каталогін көрдім. Солардың ішінде көңіл аударғаным құман мәтінінің сөздігі болды, бірақ қанша әрекеттенсем де ештеңе түсіне алмадым... Мен әрқашанда Дакияның әлдебір қараңғы түкпірінде құман тілінің бағзы бір іздері сақталып қалған болуы керек деп ойлайтынмын, өйткені XIII ғасырда венгр королі құмандарды жақсы қабылдап, оларға жер бөліп берген еді... Олар орналасқан жер мадьярлар мекенінен Қара теңізге дейін созылып жататын еді», – деп жазған.

Лейбництен кейін «Кодекс» жайлы хабар берген ғалым ретінде Датил Корнидестің (XVIII ғ.) аты аталғанымен, бұл қолжазбаны ғылыми түрде зерттеудің негізін салған шығыстану ілімінің білгірі Генрих Юлий Клапрот (1783–1835) еді...

*Құрышжанов Ә., Жұбанов А., Белботаев А. Қрманша-қазақша жиілік сөздік. А., 1978, 216-217-б.*



### III бөлім

## КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

### Тоғызыншы тарау

## БІРТҮТАС ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

**Махмұт бен Өмір Уәли. Бахр әл-Асрар... Қазақ хандары Керей мен Жәнібек туралы**

Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақ уәлаяттарында өз ағаларының балаларын жеңіп шыққан кезде Жошы ханның ұлы Тоқай-Темір хан мен Жәнібек хан... бағыну мен мойынсұну шегінен шығып, отанынан кетіп қалуды жөн көрді. (Бабаларынан) мұраға қалған елінен бас тартып, олар жат жерге (апаратын) жолға шықты. Мойындауға лайықты бір топ адаммен олар Моғолстанға баратын жолды таңдап алды.

Ол кезде Моғолстан уәлаяттарында Шыңғысханның ұлы Шағатай ханның ұрпақтарынан тарайтын Уәйс ханның ұлы Иса-Бұға хан билік етіп тұрған еді.

Ол кезде Өмір Темір көрегеннің ұлы Мираншахтың ұлы, Сұлтан Мұхаммед мырзаның ұлы Әбу Са'ид мырза Ирактан жоғарыда аталған ханның бауыры Жүніс ханды шақырып, оған қамқорлық көмек пен қолдау көрсетіп, оны өз бауырына қарсы аттандырған еді; осы себептен Иса-Бұға хан басқаруының іргетасы шайқала бастаған болатын, (сондықтан) аталған хан Жәнібек хан мен Керей ханның келуін адамдар (үшін) ізгілік пен жақсылықтың нышаны деп білді. Осыдан кейін ол ханзадалардың ақ пейілмен келуін құрметпен және мақұлдай отырып қабылдап, оларға Моғолстанның Иса-Бұға (хан) (иелігі) мен Жүніс ханның иелігі аралығында жатқан батыс өлкесін берді. Бұл жер Шу және Қозыбашы деген (атпен) мәлім.

Жәнібек хан мен Керей хан әлгі аумаққа барып ұзақ уақыт аялдаған кезде Әбілқайыр ханнан безіне бастаған билеушілер (де), әскерлер (де) солардан пана тапты. Әсіресе Әбілқайыр хан өлгеннен кейін, Дешті Қыпшақ уәлаяттарында тәртіпсіздіктер туған кезде өзбек жауынгерлерінің (кошунат-и өзбек) көп бөлігі ханзадалар құдіретті туының астына жиналды. Олар Моғолстанға келгеннен (кейін) (ен) басынан бастап-ақ уақытын қалмақтар мен қырғыздарға шабуыл

жасап, (оларды) талап-тонаумен өткізгендіктен және аймақтың шет жақтарында қарақшылықпен айналысқандықтан, бұл халыққа (тайифаға) қазақ деген ат тағылды. Ол кезде Керей хан әмірші деп аталған еді.

Иса-Бұға ханның тірі кезінде (оған) жоғарыда аталған хандардың (көрсеткен) көмегі мен қолдауының арқасында Жүніс хан өркөкіректік үзеңгісіне бұзақы аяғын сала қойған жоқ.

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 352–353-б. (Орыс тілінде).*

### **Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та’рих-и Рашиди» атты еңбегіндегі Қазақ хандығының құрылуы туралы мағлұматтар**

«Та’рих-и Рашиди» – «Рашидтің тарихы», оны жазған Мырза Мұхаммед Хайдар бен Мұхаммед Хұсайын-курақан дулат. Бұдан әрі біз оны, қазіргі әдебиетте айтылып жүргеніндей, Мырза Мұхаммед Хайдар деп атаймыз. Оның бабалары доғлат тайпасының әмірлерінен тараған, Қашғарияның мұрагер иеленушілері мен әміршілері болған. Мырза Мұхаммед Хайдардың атасы – Мұхаммед Хайдар мырза 1480 жылға дейін Қашғарды биледі, бірақ оны өзінің жиені Әбубәкір одан қуып жіберді. Мырза Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ташкентте туған. Ал әкесі Мұхаммед Хусайн XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Моғолстанның батыс бөлігін билеген Сұлтан Махмуд ханның жақын адамдарының бірі болды. Оның анасы Хұб-Нигар ханым Сұлтан Жүніс ханның кіші қызы еді. Әкесі өлтірілгеннен кейін Мырза Мұхаммед Хайдарға да қатер төнді. Туыстары оны Бұхараға, ал содан соң Бадахшанға жасырды. Одан соң Ауғанстанға, Кабулға, өзінің немере ағасы Бабырға барып, біраз уақыт соның сарайында болды. Ол Бабырмен бірге Орта Азиядағы жорықтарға қатысты, 1512 жылы ол Әндіжанға Сұлтан Са’ид ханға қосылып, сонымен бірге өзінің ата-бабасының туған жері Қашғарияға оралды. Жорық Әбубәкірдің тас-талқаны шыға жеңіліп, Қашғарияда жаңа мемлекет – Моғолстанның (Моғолияның) және жаңа әулеттің негізі қаланумен аяқталды. Сұлтан Са’ид ханның мемлекетінде Мырза Мұхаммед Хайдар сарайда және әскерде ірі қызметтер атқарды. Сұлтан Са’ид хан қайтыс болғаннан кейін Мырза Мұхаммед Хайдар Үндістандағы Камран мырзаға кетті. Өмірінің соңғы жылдарында Мырза Мұхаммед Хайдар Ұлы Моғолдар атынан өзі жаулап алған Кашмирді басқарды. Таудағы тайпалармен болған шайқастардың бірінде ол 1551 жылы өз садақшысының жебесінен қапыда қаза тапты. Өмірінің ақырына дейін ол өзінің ата-бабаларының туған жеріне қайтып оралу ниетін тастаған емес. Бұған «Та’рих-и Рашидиді» жазуы дәлел болады. Бұл

шығарманың негізіне моғолдардың ауызша аңыздары, сондай-ақ өзінің ізашарлары мен замандастарының бірқатар әдеби және тарихи шығармалары алынған. «Та’рих-и Рашиди» парсы тілінде жазылған. Бұл – Моғолстан мен Қашғарияның шағатай ұрпағынан тарайтын хандарының тарихы, доғлат тайпасы мен оның Шығыс Түркістандағы иеліктері әміршілерінің тарихы, моғолдардың тарихы.

Мырза Мұхаммед Хайдар Доғлаттың еңбегі – қазақ халқының тарихы жөніндегі алғашқы және маңызды деректемелердің бірі. Мұнда қазақтардың өз атауын неліктен алғаны туралы, қазақ хандары Керей мен Жәнібектің Жетісуға қалай көшіп кеткені туралы, қазақ-өзбек және қазақ-моғол қатынастарының тарихы туралы, Моғолстанды қаратып алу жолындағы күрес туралы хабарлар бар.

«Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік етті. Ол Жошыдан тараған сұлтандарға көп әбігер келтірді. Жәнібек хан мен Керей хан одан Моғолстанға қашып кетті, Иса-Бұқа хан оларды ықыласпен қарсы алып, Шу және Қозыбасы өңірін берді, ол Моғолстанның батыс жақ шетіндегі өңір еді. Олар сол жерде рақат өмір сүріп жатқан кезде Әбілқайыр хан өлгеннен кейін өзбек ұлысы бүліне бастады; (онда) көп ұрыс-керіс басталды. (Оның бодандығының) көпшілік бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың маңына (жиналған адамдар) саны екі жүз мың адамға жетті. Олар өзбек-қазақтар (өзбек-қазақ)<sup>1</sup> деп аталып кетті. Қазақ сұлтандары сегіз жүз жетпісінші жылдан<sup>2</sup> билік ете бастады.

Тоғыз жүз қырқыншы жылға<sup>3</sup> дейін қазақтар Өзбекстанның көпшілік бөлігінде толық билеп-төстеді. Керей ханнан кейін хан Бұрындық болды. (Сонан соң) Жәнібек ханның ұлы Қасым<sup>4</sup> хан болды; ол өз билігін Дешті Қыпшаққа таратты. Оның армиясында (лашқарында) миллионнан астам адам болды. Бұл жұртта Жошы ханнан кейін одан құдіретті (хан) болған емес. Одан кейін хан оның ұлы Мамаш болды. Содан соң оның (Қасым ханның) немересі Тахир хан болды. Осы Тахир ханның кезінде қазақтар көп тақсирет тартты. Одан кейін оның інісі Бұйдаш хан болды. Бірақ Бұйдаш ханның кезінде қазақтардан небары жиырма мың ғана қалған еді. Тоғыз жүз қырқыншы жылдан кейін ол (яғни Бұйдаш хан) да өліп, қазақтар мүлдем жойылып кетті...

---

<sup>1</sup> Өзбек-қазақтар. XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басындағы шығыс деректемесінде XV ғасырдың 50-жылдарында Керей мен Жәнібектің бастауымен Моғолстанға (Жетісуға) қоныстанған және кейіннен бірігіп, Арал өңіріндегі далаға қайтып оралған көшпелілерді сонда қалған өзбек рулары осылай деп атаған.

<sup>2</sup> 870 ж. – қазіргі жыл санау бойынша 1465–1466 ж.

<sup>3</sup> 940 ж. – қазіргі жыл санау бойынша 1533–1534 ж.

<sup>4</sup> Қасым сұлтан (Қасым хан) – қазақ ханы, Жәнібек ханның ұлы, 1518 жылы қайтыс болған.

Қысқартып айтқанда, Иса-Бұқа хан дәуірінен бастап Рашид ханның заманына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық және бейбіт (қатынастар) болды, бірақ оларды Рашид сұлтан күйретті...».

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 195-б. (Орыс тілінде).*

## О н ы н ш ы т а р а у

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДАМУЫ

**Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та’рих-и Рашиди» атты еңбегіндегі Са’ид ханның қазақтарға, Қасым ханға баруы туралы мағлұматтар**

...Бір сөзбен айтқанда, (Сұлтан Са’ид) ханды Қасым ханның жақсы қабылдағаны сонша, хан оның құрметтеп сөйлеген жылы сөзін өз өмірінің ақырына дейін ұмыта алмады. Және де әрбір мүмкіндік болған жағдайда үнемі хан, Жаратқан Құдай оның жанын жаннатқа жайғастырсын, Қасым ханды мақтап, оның өзіне қандайлық сүйіспеншілік көрсеткенін еске алып отыратын. Айтпақшы, (ол) Қасым хан қарсы алғаннан кейін өзіне мынадай сөздер айтқанын айтатын: «Біз дала тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін де, қымбат тұратын да заттар, тауарлар жоқ, біздің басты байлығымыз жылқы болып табылады; олардың еті мен терісі біздің ең жақсы тамағымыз бен киіміміз болып табылады, біздің ең сүйікті сусынымыз да соның сүтінен дайындалады, біздің жерімізде бау-бақ та, үйлер де жоқ; біздің көңіл көтеретін жеріміз – малдың жайылымы мен жылқы табындары, біз аттардың көркін көріп сүйсіну үшін табындарға барамыз».

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 225–226-б. (Орыс тілінде).*

**Шағыбек ханның қазақтарға қарсы жорығы және оның сәтсіздікке ұшырай бастауы**

...Шағыбек хан хандардың және менің әкемнің ісін тындырғаннан кейін оның жаны жай тапты.

Ол айнала төңірекке ат шаптыра бастады және қай жаққа болса да саясаттың улы жебесін жіберіп, жер-жерге зорлық-зомбылық пен зұлымдық шашып жатты. Соның ішінде тоғыз жүз он бесінші жылдың қысында ол қазақтарға қарсы аттанды. Бұл кезде хан Бұрындық хан болғанымен, хандықты басқару мен бүкіл билік Қасым ханның қолында болатын. Шағыбек ханның мейманасы асып, күш-қуаты тасып тұрғанына қарамастан, басымдық оның жағында емес еді.

Ол кезде жаудың (қазақтардың) әскеріндегі (адам) саны 200 мыңнан асатын. Қыс кезі болғандықтан, әрбір адам малына шөбі бар өз қыстауында еді.

Шағыбек хан нақ қыс ортасында шет аймақтарды шауып алуға кірісіп, талап-тонағаннан кейін кері қайтып кететін. Оның мақсаты өз иеліктеріне көршілер тарапынан қауіп төндірмеу еді. Аталған (915) жылы ол мезгілсіз аттанды. Оның әскері қажып, аттары болдырған еді. (Шағыбек хан) өзі қоңсыларымен Көк-Қашан деген жерде қалып, аттары әлі тың адамдардың бәрін бөліп алды да, ілгері беттеді. Оларға азын-аулақ адамдар тобы кездесті, олардың мал-мүлкін қолға түсіріп, өздерін тұтқынға алды.

Бір жолы мал айдап әкетпек болғанда Қасым хан жақын маңайда екен деген хабар есітті. Ал бұл хабар оның жанын жай таптырмады. Қасым хан әмірлерінің бірі – Бойын-Мір-хасан Шайбанидің басып кіргенін естіп, өз адамдарын жинап алды да, әлгі тобырға қарсы аттанды, сөйтіп Қасым хан келе жатыр деген (жалған) хабар таратып, өзі осы сыбысты растау үшін алыстан сол болып көрінді.

Шағыбек ханның әскерлері өздерінің алдындағы Қасым хан екеніне кәміл сеніп, өздері тартып алып келе жатқандарының бәрін тастай қашты, үрейі ұшып, құты қашқан олар Шағыбек ханның (қонысына) қайтып келді де, Қасым хан жақындап қалды деген хабар айтты.

Шағыбек хан әп-сәтте жүруге дабыл қағуға әмір берді де, ешкімді күтіп жатпай, жолға шықты: үлгірмегендер (жолда) қалды да, үлгіргендер жүріп кетті. Соққы жеп, тым-тырақай болған олар қыс біте Самарқанға жетті...

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 217–218-б. (Орыс тілінде).*

### **Камал Ад-Дин (Шер-) Әли Бинайдың «Шайбани-наме» шығармасынан. Мұхаммед Шайбани ханның Бұрындық ханмен шайқасы туралы**

Бірнеше күннен кейін Бұрындық хан Дешті Қыпшаққа қарсы елу мың атты әскерімен келді деген хабар алынды. Бұл хабарды (алғаннан кейін) Мұса мырза өте мазасызданып, күйінген (Мұхаммед Шайбани) ханға былай деді: «Біз азбыз, ал дұшпанның әскері көп».

Хан былай деп жауап қайтарды: «Егер (бүкіл) дүние жүзінің алдаспаны қолданылса да, құдайдың бұйрығы болмайынша, ол бірде-бір желкені қимайды».

Ол кезде ханның жанындағы адамдар үш жүз адамнан аспайтын еді, (бірақ бұған қарамастан) ол әскерлерінің орталығын, оң қанаты мен сол қанатын дереу жайғастырып, (өз жауынгерлерінің) қатарын тәртіпке келтірді. Мұса мырза да маңғыттардың әскерін сапқа тұрғызды.

Бұрындық хан да жақындап келіп, (өз әскеріне) сап түзетті. Көп кешікпей олар шайқасты бастап жіберді.

(Мұхаммед Шайбани) хан бұл шайқаста өзінің қасиетті басымен шайқасқа үздіксіз кіріскендіктен, жарылқаушының өкілі болған хазіреттің бұл іс-қимылын Бұрындық хан әскерінің белгілі сұлтандары мен (даңқты) баһадүрлерінің бірі Қасым сұлтан байқап қалған кезде ол баһадүрлер тобымен хазіреттің (Мұхаммед Шайбани ханның) жолын бөгеді. Хазірет (хан) Қасым сұлтанға лап қойды. Ақырында Қасым сұлтан мен оның әскері қашып, (өз жауынгерлерімен) Бұрындық ханның әскеріне қарсы тұрған Мұса мырза да шабуылға шығып, қырғын шайқас болды. Бұрындық ханның атты әскерлерінің басшысы Қасым сұлтан болып, ол жеңіліс тапқаннан кейін Бұрындық ханның әскерлері де қашуға мәжбүр болды. Мұса мырзаның бауыры Хорезми бек Бұрындық ханды ұстап әкелу үшін оны қуа жөнелді. Бұрындық хан кері бұрылып, Хорезми бекті садақпен атып, оны бір жебесімен өлтірді. Осыдан кейін (Мұхаммед Шайбани) хан және ханның бауыры Махмұт сұлтан Бұрындық ханды қуып барып, оның барлық мүлкін, елі мен ұлысын қолға түсіріп, алып кетті. Олардың (Бұрындық хан адамдарының) көбісін қырып салды...

Бұл хабар жарылқаушының өкіліне (Мұхаммед Шайбани ханға) жеткен кезде хан да сұлтандар мен әскерлерді шақырып алып, былай деді: «Бұл жағдайды (шешудің) және оны жоюдың батылдықтан басқа ешқандай амалы жоқ тәрізді көрінеді». Сұлтандар мен әмірлер жүз адаммен жүз мыңдаған адамға қарсы тұруға адам мүмкіндігі жетпейтінін білсе де, (егер) жарылқаушының өкілі (онымен шайқасуды) ойға алған болса, демек, құдайдың осылай аян бергені деп түсінді. Сөйтіп, сол арада Мұхаммед Шайбани хан Сығанақ уәлаятынан Созақ уәлаятына жорыққа аттануға әмір берді.

Жау жағы жарылқаушының өкілі хазірет (өздеріне) бағыт алғаны туралы хабар алған кезде, ол да Созақтан Сығанақ жағына беттеп, (Сығанаққа баратын) жол үстінде болатын. Согунлук асуына жеткен кезде олар бір-бірімен күтпеген жерде бетпе-бет келіп, сапқа тұрды да, шайқасқа кірісті.

(Мұхаммед Шайбани ханға) жақын әлгі жүз адам орасан көп әскермен (шайқаста) әскери шеберлік көрсеткені сонша, егер (мұны) Рүстем<sup>1</sup> көрсе, ол таңданғаннан бармағын тістер еді. Соның ішінде Сұлтан' Акибат Махмұт ерлікпен шайқасты. Ақырында, жау жағынан Сұлтан' Акибат Махмұтқа бүкіл лаңның бастаушысы болған Махмұт сұлтан (қазақ) қарсы шықты; олар бір-біріне семсер сілтесе кетті... Жау бұл істі көрген кезде, олар оған (Махмұт сұлтанға) лап қойып, оны (Махмұт қазақты) Сұлтан Махмұт әл'Авакибтің қолынан қағып әкетті.

Бірақ жаудың сансыз көп екені сонша, санап тауыса алмайтын болғандықтан, оларды қыру мен қорғанудан пайда жоқ еді.

«Жау теңіздей терең де, біз тамшы едік болғаны,  
Батып кетпей теңізге, бізді құдай қолдады».

Сөйтіп жарылқаушының өкілі (Мұхаммед Шайбани хан) жолға шығуға әмір берді.

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 379–380-б. (Орыс тілінде).*

**«Та’рих-и Шах Махмұт бен Мырза Фазыл чорас»<sup>2</sup> шығармасынан (Әбді-Латиф сұлтан ісінің тынуы және Әбді Рашид ханның өзінің сүйікті ұлы Әбді-Латиф сұлтанның кегін қайтару үшін әскерімен жорыққа шығуы)**

Ел ханға қарап болған кезде Әбді-Латиф сұлтан Ақсуға ірге тепті. Ол батыл да ержүрек ханзада болатын және Моғолстанды қолына айтарлықтай берік ұстап отырды. Қазақтар мен қырғыздар (ендігі жерде) Моғолстанға аттап баса алмады. Ақырында Әбді-Латиф сұлтан қазақ Хақназар ханды шауып, көп тұтқын мен олжа түсірді. Хақназар хан қазақтар мен қырғыздарды жинап, ізіне түсті. Хақназар хан мен басқа да алты төре оны ізінше қуып келді.

Балықшы тайпасынан шыққан және күзетте тұрған Тоқтамыс Йирук жауды байқап қалды, бірақ мұны сұлтанға айтпай, қашып кетті. Қазақтар мен қырғыздардың әскері түн ортасында сұлтанға шабуыл жасап, оның әскерін тас-талқан етті. Қатты жараланған сұлтан Хақназар ханға апарылды. Хақназар хан оған құрметтеп, сыйсыяпат көрсетті, бірақ Әбді-Латиф сұлтан сол кезде мына бықсық дүниеден мәңгілік жұмаққа аттанып та кеткен еді...

**«Та’рих-и-Қыпшақ» («Қыпшақ тарихы») атты еңбектегі Тәуекел ханның Орта Азия қалаларына шабуылы туралы деректер**

Қазақ сұлтандары әкесі мен баласының арасындағы – Абдолла хан мен Әбді-Момын хан арасындағы қырқыс туралы хабар алған кезде бүлік көтеріп, Тәуекел хан орасан көп әскерімен Бұхараны қаратып алмақ болды. Абдолла хан ұрысқа (өз) қолбасшыларының тобын шығарды. Сол шайқаста атақты өзбектердің көпшілігі өлтірілді. Қашып-пысқан әскер Бұхараға келді. Бұл оқиға хан үшін тағы бір реніш болды. Ол әскер жинап, қазақтарға (тойтарыс беруді) әзірлеу үшін Самарқан жағына жорыққа аттанды. Оның басқаруының осы кезеңінде осында үздіксіз жеңілістер оның жүрек айнасына із түсіріп,

<sup>1</sup> Рүстем – Фирдаусидің «Шахнама» дастанының негізгі кейіпкері.

<sup>2</sup> «Та’рих-и Шах Махмұт бен Мырза Фазыл чорас» – «Шах Махмұт бен Мырза Фазыл чорастың тарихы».



ол қайғы-қасіреттен ауруға шалдықты, сөйтіп мың жетінші жылы<sup>1</sup> өзінің уақытша өмірінің қалғанын жан алушыға (ажал періштесі Өзірейілге) тапсырды...

Абдолла ханның ұлы Әбді-Момын (өз) әкесі қайтыс болғаннан кейін даңқты Бұхара қаласында (таққа) отырды...

Ол осы жерден Самарқанға аттанды. Мың жетінші жылдың аяғында Темір тағына отырды. Оның (әкесі жағынан) немере туысы Хазірет-сұлтан Ташкентті жаулап алуға ту көтерді. Оған Жәнібек сұлтан-ның ұлы Рүстем сұлтан көмек көрсетті. Әбді-Момын хан орасан көп күшпен Ташкентке жорыққа шықты. Ол (бірқатар) шайқастардан кейін Хазірет-сұлтанды қолға түсіріп, даңқты қаласына жеңіспен оралды. Сол елдің қазақ сұлтандары (мен) хакімдері (оған) бас иіп, бағынды...

Қазақ Тәуекел хан Әбді-Момын ханның өлтіріліп, Пір-Мұхаммед ханның билік құра бастағаны туралы хабар алған кезде ол Ташкент пен Мауараннахрды бағындыру үшін жолға шықты. Ол әуелі Ташкентті қаратты, ал сонан соң Самарқанды басып алды (және) Бұхараға (қарай) бет бұрды. Пір-Мұхаммед хан ашық шайқаста қарсыласу мүмкін деп таппай, сондықтан қамалға бекінді. Шамамен жиырма күн бойы Тәуекел хан мен оның қазақтары Бұхараның маңайын тонады, күн шығып, батқанға дейінгі уақыт аралығында екі жақтың арасында үнемі қақтығыстар болып тұрды. Ақыр аяғында қазақтар жеңіліс тапты. Тәуекел хан Самарқанға шегінді. Бауыры Өшім ханмен одақтасып, ол Пір-Мұхаммед ханға қарсы ұрысып, шайқасуға әзірленді. Хан оларды тағы да шайқаспақ ниетпен қарсы алды. Осы кезде оған Пір-Мұхаммед ханның інісі Баки-Мұхаммед сұлтан келіп қосылды. Хан оның келуін жақсылықтың нышаны деп жорыды және оған құрмет көрсетті. Екі жақ әскерлерінің арасында бір айдай уақыт ұрыс-қақтығыс болып тұрды. Бір жолы Тәуекел хан түн жамылып шабуыл жасады. Кескілескен шайқас болды. Тәуекел ауыр жараланды. (Ол) еш нәрсеге қол жеткізе алмағандықтан, ат тізгінін Ташкент жаққа бұрды. Сол жарақаттан Тәуекел хан о дүниеге асығыс аттанып кетті...

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 394–395, 556-б. (Орыс тілінде).*

### **«Таварих-и Гузида-ий Нусрат-наме» атты еңбектегі Қазақ, Өзбек хандықтары арасындағы шайқас туралы мағлұматтар**

Мұхаммед Шайбани хан ол жақта екі жыл болып, өзінің жауынгерлік қабілетін толық қалпына келтірді, (сонан соң) тағы

---

<sup>1</sup> 1007 ж. – 1598/1599 ж.

да Дешті Қыпшаққа бет алды. Ол сол жаққа барған кезде Мұса мырза да келіп, оны өз үйіне орналастырды.

Сол кездегі жағдайға байланысты Бұрындық хан елу мың адамымен маңғыттарды шабуға келген еді. Маңғыт әскерлері ұрысқа сапқа тұрған кезде, ал Мұхаммед Шайбани хан шағатайлардан ертіп әкелген үш жүз адамымен Қасым сұлтанның әскеріне лап қойып, оны қашырды да, маңғыттардың әскеріне келді, сөйтіп олар Бұрындық ханның тас-талқанын шығарды. Сол шайқаста Уақас-сұлтан-бектің ұлы Хорезми-бек қаза тапты. Бұрындық хан қаша жөнелді, (ал олар) оны өкшелей қуып, оның малын қолға түсіріп, айдап әкелді. Сол кездесу кезінде Сүйінші-Қожа-сұлтанды Мұса мырза (өзіне) күйеу бала етті. Сонан соң (олар) Қаратаудың етегіндегі ежелгі қамал қала Созақ жырасына (жорыққа) аттанды, жүз адаммен келіп, Жәнібек ханның ұлы Махмұт сұлтанды тас-талқан етті, (содан соң) олар тағы да жиналып, Созақ пен Сырдың сол жағасындағы жер Қора Қозының барлық адамдарын жорыққа шығарды, сондай-ақ жорыққа шығуға Бұрындық ханды да көндірді, сөйтіп Согунлук асуында қиян-кескі шайқас болды. Олар мұндай шайқасты бірде-бір адам ешқашан көрмегендей етіп шайқасты деуге болады.

«Соғыса алмай олар шілдей қашып кетті,  
Үріккен құстай қорқып, таудан асып кетті».

Осы шайқаста Шахбахт ханның інісі (Махмұт сұлтан) (қазақ ханы Жәнібектің ұлы) Махмұт сұлтанның бетін жарақаттады.

*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., 1969, 21–22-б. (Орыс тілінде).*

## **Ибн Рузбихан қазақтар мен өзбектер арасындағы қарым-қатынастар туралы**

Әрбір қазақ ұлысын Шыңғысхан тегінен тарайтын бір сұлтан басқарады; олардың әрқайсысы ясыға сәйкес Жошыдан бастап Шайбани ханға дейінгі ата-балалары иеленген жерлерге тоқталады; жазғы және қысқы жайылымдарды пайдалану тәртібі де нақ осындай. Шайбани хан мен Дешті Қыпшақ ханының арасындағы жаулыққа Дешті Қыпшақ хандарының күншілдігі негіз болған. Дешті Қыпшақ мұрагерлік бойынша Шайбани ханға тиесілі еді, онда барлық кездерде соның ата-бабалары хандық құрып келген-ді. Осы негізде қазақ хандары егер Шайбани хан Дешті Қыпшаққа өтіп алса, ол күшейіп, қазақ хандарының билігін тартып алады деп қауіптенді. Шайбани хан мен Бұрындық хан арасында көптеген соғыс болды, олар барлық өзбектерге жақсы мәлім және оларды Шайбани ханның өзі де өзінің жазған тарихында айтқан. Дешті Қыпшақ хандарына келетін болсақ, олар да осы оқиғалардың бәрін растайды, бірақ басқаша

түсіндіреді. Олар өздерінің Хан мемлекетіне шабуылын өздерінің мақта-мата тауарларына деген мұқтаждықтарымен түсіндіреді. Кейбір саяси ойлармен Шайбани хан қазақ көпестері мемлекетке жіберілмесін, ал келе қалған жағдайда тонап алынсын деген жарлық берді.

Хан жарлығының мәні бар еді. Өзбек мемлекетіне келген қазақтар оның күш-қуаты мен ресурстарын зерттеп алып, сонан соң құлшына күреске түсер еді, сол кезде оларға қарсы тұру қиын болар еді. Бүгінде олар өзбектердің қалай тұрып, рақатқа батып отырғанын білмейді, сөйтіп өздерінің мешпеу өмірін өте жақсы деп санайды, ал егер оларға жақсы және әдемі өнімдер жетсе, олар басқаша ойлай бастаған болар еді. Қазір олар білмейді. Осы ойлар негізінде олармен қарым-қатынас және сауда жасауға тыйым салынды, осындай шаралар арқылы қазақ қолының жолын бөгегісі келді.

*Деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткен тарихы. А. -М., 1935, 107-б. (Орыс тілінде): Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани... (Перевод, предисловия и примечания Ф. П. Джалиловой). М., 1976, 93–94-б.*

### **Орыс өкіметі мен Тәуекел хан арасындағы келіссөздер (1595 жылғы 18 наурыз, Федор Иванович патшаның Тәуекел ханға орыс елшілігін жөнелтуіне байланысты ханзада Ораз-Мұхаммедке грамотасы)**

Бүкіл Русь патшасы ұлы кінәз Федор Ивановичтен ханзада Ораз-Мұхаммед Ондановичке.

Біз Мәскеуден Қазақ ордасына сенің ағаң Тәуекел патшаға Вельямин Степановты жіберіп отырмыз. Соған біздің грамотамыз барысымен, сен дереу өзіңнің ағаң Тәуекел патшаға грамота жазып, оны оған, Тәуекел патшаға және ханзаларға Вельямин Степановтан беріп жібер, ол өздеріне барып, біздің істеріміз туралы айтқанда оған барлық жағынан сенім көрсетілісін және оның айтқанын тыңдағаннан кейін біздің ісіміз бен өздерінің ісін ойлансын, сөйтіп оны кешіктірмей, бүкіл істі толық тындырып, бізге қайтарсын, сол грамотаны бізге Мәскеуге Елшілік приказаына біздің диак Василий Щелкаловқа дереу жіберген жөн.

*XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 1961, 6-б. (Орыс тілінде).*

### **Федор Иванович патшаның қазақтарды Мәскеу мемлекетінің бодандығына қабылдау туралы Тәуекел ханға берген грамотасынан (1595 жылғы наурыз)**

Бүкіл Русьтің самодержеці және көптеген мемлекеттің патшасы әрі Қазақ ордасының иесі ұлы патша ағзам және ұлы кінәз Федор Ивановичтен Тәуекел патшаға құдайдың рақымымен біздің патшалық өміріміз.

Біздің ұлы мәртебелі патшамызға өзіңіздің Құлмағамбет деген адамыңызды грамотамен жіберіп, ал өз грамотаңызда біздің ұлы мәртебелі патшамызға жазғаныңыздай, ал сіздің елшіңіз біздің ұлы мәртебелі патшамызға басын иіп, тағзым етіп, бұрынғы жылдарда Үлкен Ноғайлардың сіздерге жау болғанын, ал сіздердің өз ордаларыңыздан қуып жіберілгендеріңізді, ал қазір құдайдың рақымымен екі ордаға – Қазақ және Қалмақ ордасына патша болғаныңызды, бізден, ұлы мәртебелі тақсыр әрі ұлы кінәз бүкіл Русьтің самодержеці Федор Ивановичтен, өзіңізді екі ордаңызбен – Қазақ және Қалмақ ордаларымен қоса патшаның қол астына алуды сұрағаныңызды жеткізді. Ал сіз Сібір патшасы Көшімнің бізге опасыздық жасағанындай, біздің патшаның айтқанынан шықпайтын болыңыз. Сондықтан біз сол теріс қылықтары үшін өз жасақтарымызды жіберіп, біздің адамдар оның жұртын айдап әкетті, сол кезде сіздің ініңіз Ораз-Мұхаммед ханзада біздің жауынгер адамдарымыздың қолына түсті. Ал сіз өз ініңіз Ораз-Мұхаммед ханзаданың біздің қолымызда ұмыт қалдырылмайтынын естіп, қуанып қалдыңыз. Ал біз, ұлы патша ағзам және ұлы кінәз, сізді аяп, сіздің ініңіз Ораз-Мұхаммед ханзаданы сізге қайтаруға әмір береміз, ал сізге біздің патшалық әміріміз мынадай болмақ: біздің ұлы мәртебелі патшамыздың жанында біздің патшадан айлық алып тұратын сіздің бауырларыңыз бен ханзада балаларының болуы үшін сіз оның орнына аманатқа бауырларыңыз бен балаларыңыздан ханзада жіберіңіз. Ал сіздің бауырларыңызды немесе балаларыңызды біздің ұлы мәртебелі патшамыз ұмыт қалдырмайды.

*XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары.  
А., 1961, 8–10-б. (Орыс тілінде).*

## Он бірінші тарау

### ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

#### Қазақ хандығының басқару жүйесі

#### П.И. Рычков<sup>1</sup> қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы

...Ол ордаларда үкімет көбінесе демократиялық үкіметке ұқсас: өйткені қай руда кім қария және байырақ болса, соны құрметтейді.

<sup>1</sup> П. И. Рычков (1712–1777) – орыс ғалымы, география, ауыл шаруашылығы, экономика, тарих жөніндегі еңбектердің авторы. 1734–1737 ж. Орынбор экспедициясына қатысты, Орынбор губерниялық кеңсесін басқарды. «Орынбор тарихы», «Орынбор топографиясы» деген белгілі еңбектердің авторы, оларда қазақтардың және Ресейдің шығыс шет аймақтарының географиясы, тарих, этнографиясы туралы ауқымды материалдар бар.

Бірақ старшындар ғана емес, сонымен қатар әміршілердің өздерінің де халыққа тиісінше билігі жүрмейді деуге болады, тек олжа түсіру үшін шыққанда немесе өз жауларынан қорғанғанда ғана хандар мен өз старшындарына бағынып, олардың бұйрықтары бойынша жиналып, іс-қимыл жасайды...

...Ең ауыр қылмыскерді жазалауға қырғыздардың ешқайсысында, әскер басыларын айтпағанның өзінде, тіпті билеуші-әміршінің өзінде де билік жоқ. Қайсыбір адам жататын ру неғұрлым күшті болса, оның ықпалы мен беделі соғұрлым көп, өйткені қажет болған жағдайда ол қандай болса да әділ сотқа қарамастан, өзін қорғау үшін өз руының күшін пайдалана алады. Қырғыздарды қайсыбір іске көптеген рубасылар мақұлдаған жағдайда ғана жұмылдыруға болады; ханның өз әмірінің мәні оншама көп емес...

*Рычков П.И. Орынбор тарихы (1730–1750). Орынбор, 1896, 72-б.*

### **П.С. Паллас қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы**

...Билік ететін ұсақ әміршілері көп қалмақтармен салыстырғанда, сансыз көп қырғыз халқы шексіз еркін өмір сүреді. Әрбір қырғыз еркін мырза сияқты өмір сүреді, сондықтан да қырғыздар басқа жаулар сияқты қорқынышты емес. Алайда әрбір ұрпақтың немесе аймақтың өз басшысы болады, оған бір буыннан тарағандардың бәрі өз еркімен құлақ асады. Өз қарауындағы бағыныштыларының саны көп адамдар хан және сұлтан деп аталады. Сондай-ақ оларға қарасты басқа да шенді адамдар, атап айтқанда, би деп аталатын дворяндар; ақсақал — ұрпаққа сыйлы адамдар, қожалар және тағы да мырза дейтіндер бар. Ресей империясы белгілеген және одан айлық алып тұратын шекаралық Кіші қырғыз ордасы ханының өзінің ерікті адамдарына жүргізетін билігі көп емес және ол өзіне бағынатындардың өз байлығымен және сыйлығымен қаншасын қарата алса, оған соншасы бағынады. Оның оларды соттауға да құқы жоқ; бірақ әр жылы старшындар мен әрбір әулет немесе ұрпақ басшыларының үш жиналысы болады, болған даулар сонда шешіледі...

*Паллас П.С. Ресей мемлекетінің әр түрлі провинцияларына саяхат. I том, СПб., 1773, 578–579-б. (Орыс тілінде).*

### **И. Фальк қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы**

...Әрбір орда бірнеше болыстарға (аймақтарға) бөлінді, ал болыс өз кезегінде неғұрлым ұсақ бөлімшелерге – ұлыстарға, яғни буындарға бөлінді. Олардың бәрінде өз атақтылары, текті «ақсүйек» әулеті бар. Қатардағы ақсүйектерден ерекше текті әулеттер және ақырында қырғызша сұлтан деп аталатын кінәздер бөлініп шыққан. Осы ақсүйектердің алғашқы екі табынан ұлыс старшындары сайланады;

аймақтар басшыларының бәрі кінәздерден шыққандар. Қыстақтарға және болмашы тұрақтарға келетін болсақ, мұндайларға староста етіп «қара сүйектерді», яғни қара халық болып табылатын қырғыздарды да сайлауға болады. Бұл – жалпы ереже бойынша бір өулеттен тараған туыс ұрпақтарды, аталастарды немесе неғұрлым алыс туыстарды жинақтайтын шағын қоныстар. Мұндай үлкендерді қырғыздар ақсақал дейді, бұл сақалының ақтығын айтқаны. Болыстарды немесе аймақтарды айтпағанның өзінде, ұлыстардың басшыларын да халық сайламайды, ақсүйектер ғана сайлайды, бұл орайда сайлаудың өзін ханның бекітуі керек. Бұл қызметтерге жалпы ереже бойынша әкелерінің орнына ұлдары отырады, бірақ басшыға халықтан қандай болса да түсім алу көзделмеген және оның олардан азды-көпті ерекше құны жоқ. Басшы дегеніміз аймақтағы ең бай, ең құрметті адам... Міне, сондықтан да жергілікті басшылардың қолындағы биліктің барынша формальды да болмашы екендігіне қарамастан, олардың ықпалы зор болды және сондықтан да олар хандардың қолындағы күшті басқару құралына айналды, ол солар арқылы көп іс тындырды...

*Фальк И. Ресей бойынша ғылыми саяхаттардың толық жинағы (Императорлық Ғылым академиясы шығарған). 7-том, СПб., 1825, 541–542-б. (Орыс тілінде).*

## **И.Г. Георги қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы**

...Олардың атақты және бай адамдары қарапайым адамдар сияқты тұрады; сондықтан да олардың қосындарын әйелдерге, балаларға және құл-күндерге арналған киіз үйлер санының көп болуына, ал олардың өздерін атқа мініп келе жатқанда еріп келе жатқан адамдардың көп болуына қарай білуге болады. Халыққа олар туысынша қарайды: дегенмен де ерікті адамдар болғандықтан және кез келген адам тез байыса, нақ сондай атақты адамға айналатындықтан, қарапайым адамдар атақтыларға онша көп жалтақтай бермейді: олардың киіз үйлерінде шақырмаса да қатар отырып алады, тамақты бірге жейді, ойына келгенін айтады және олардың бұйрықтарынан өздеріне пайдалы көрінгендерін ғана орындайды. Олар ханға, рас, қатты бағына қоймаса да, алайда қасиетті адам сияқты ерекше құрмет көрсетеді. Кіші Орданың Ресей бекіткен бұрынғы ханы Нұралы ақылды, әділетті болған, оның өзінде 1000 жылқыдан, 400 ірі қарадан, 200 түйеден тұратын табыны, 4000-дай қойы және бірнеше жүз ешкісі болды, сондықтан ол байлығы жағынан қарағанда орташа адам деп саналды; оның үстіне табындарын көбейтуге және сол арқылы атақ әперуге тиіс болған бекзадалардың көп болуы себепті өз отбасы, құл-құтандары көп болуы және басқа адамдардың жиі келуі жағдайында қой көп шығын етілгендіктен, ешқандай табысы болмаған ол өзіне

көп байлық жинай алмай-ақ қойды; алайда басқаларының бөрінен жақсы ордада тұрды, мұнда оған Ресейден алып тұратын тартулары көмектесті. Оның қонысында киіз үйлер көп болды, олардың отбасы көпшілігі әдемі безендірілген еді. Оның өзі мен отбасы қымбат маталар мен барқыттан киім киді. Оның жанындағы старшындар кейде көп, кейде аз және сол сияқты болып отырды. Халық ханның өзін тақсыр хан, тақсыр патшам, оның зайыптарын жай ғана ханым, бекзадаларды тақсыр сұлтан, ал қыздарын ханым, яғни хан қызы деп атайды...

*Ресей мемлекетіндегі барлық халықтың сипаттамасы.  
2-том, СПб., 1799, 135–136-б. (Орыс тілінде).*

## **Қазақтардың шаруашылығы**

### **Ибн Рузбихан қазақтардың қалай көшетіні туралы**

...Нақты мәліметтерден қазақ хандарының түйе және ат жегілетін арбалармен көшіп жүретіні аңғарылады. Көшкен кезде арбалар бірінің ізімен бірі жүреді, бұл арбалардың көп екені сонша, аялдау үшін тоқталған кезде бірімен-бірі араласып, жүздеген монғол ташына созылады. Қазақтар өте бай, тіпті кедей деген үйдің өзінде бірнеше мың қой, жылқы мен өгіз болады. Олар қаншалықты бай болса, соншалықты ер жүрек те, ұрыста біреуі он адамға қарсы шайқасып, не жеңіп шығады, не мерт болады. Олардың көшіп жүретін жерлері Итильдің ағысын бойлай Дешті Қыпшақтың ішкі жағында созылып жатыр, көшіп-қону екі айдан астам уақытқа созылады: жол-жөнекей жабайы аңдарды аулап, олардың терілерін жинайды. Қазақтардың қысқы қыстауы Сырдария бойында: қыстаулары өзенді жағалай орналасып, үш жүзге жуық ташқа дейін созылып жатады...

### **Киіз үйдің жасау-жабдықтары**

Киіз үйдің ағаш жабдығы үйдің сүйегі деп аталады. Үйдің сүйегіне жататындар: сықырлауық, иткірмес, кереге, уық, шаңырақ. Керегеге қатысты атаулар: керегенің қанаты (төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он екі қанат), керегенің басы, керегенің құлағы, керегенің қасы, керегенің көзі, керегенің сағанағы, керегенің аяғы, керегенің иегі.

Киіз үйдің киіз жабдығы: түндік, үзік, туырлық, киіз есік, дөдеге.

Киіз үйдің арқан-жібі: таңғышы – түндік бау, туырлық бау, үзік бау, белдеу арқан (жіп), бастырық арқан, тегеріш, басқұр, таңғыш, уық таңғыш, жел бау, уық бау, керме жіп, шалма. Киіз үйдің тіреу ағаштары, байлау қазықтары: сырық, бақан, адалбақан, жел қазық, төр қазық.

Киіз үйдің шилері: жез ши, шым ши, өре ши.



Киіз үйдің жасаулары: текемет, түс киіз, сырмақ, кілем, шымылдық, алаша, көрпе, жастық, бөстек, тайтері, тулақ, төсек ағаш, жүкаяқ, сырлы кебеже, бесік, құс тұғыр, абдыра, сандық, шарайна.

### **Ибн Рузбихан қазақтың киіз үйі туралы**

...Қазақтар ағаш өндеуді, арбалар мен күймелі арбалар жасауды білген. Олардың (қазақтардың) ағаштан жасалған үйлері зәулім сарайлар секілді еңселі, бар дүние сыйғандай кең. Ақ теректен қиылған қабырғалары керемет мықты, мінсіз жасалған. Үйдің үсті көздің жауын алатын неше түрлі киізбен, қой терісімен жабылады. Оларда сұлтаннар мен қазақтың білектілері тұрады. Бұл үйлер өте әсем, олардың әрқайсысына шынтақтап, дамылдап жатқан жиырмадан астам адам сыяды. Бұл үйлер арбаға орнатылады да, оған көп түйе жегіледі. Мен олардың құрылысына қайран қалдым, өйткені арбаға орнатылған бұл үйлер өте-мөте еңселі әрі аңғарадай кең, жан-жағында киізбен жабылатын терезелері мен желдеткіштері бар. Ішіне кірсең олар құрылысы жөнінен тамаша, әрі жасау-жабдығы сұлтаннардың үйлеріндей ғажап әсем...

*Ибрагимов С. К. «Михман-нама-и Бұхари» XV–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі дереккөзі санатында. Қаз КСР ҒА ТАӘИЕ<sup>1</sup>, 8-т., А., 1960, 154-б. (Орыс тілінде).*

### **И.Г. Георги қазақтардың шаруашылығы туралы**

Шынына келгенде қырғыздардың байлығы мал шаруашылығынан тұрады, сондықтан да оларда жылқы мен қой көп. Олардың түйелері әлдеқайда аз, ал сиырлары одан да аз болады, оның себебі – оларды қыс кезінде дағдылы жем шөбі болмайынша, далада бағу мүмкін емес. Бір жерден екінші жерге көшкенде олар өздерінің заттарын өгіздер мен түйелерге артып жүреді...

Қырғыздар ынсапты бақташылық ғұмыр кеше отырып, әдетте аң аулаумен де айналысады; мұның үстіне олар өз табындарына қауіпті түлкілер мен қасқырлар санын азайтудың пайдасын ойлайды... Аң аулауға олар қолда үйретілген бүркіттерді пайдаланады. Кең далада аң аулауға ат мініп шығады, әрине, аң аулаудан асқан рақат жағдайды көз алдына елестету қиын. Маған олардың бөкендерді қалай аулағанын айтып берді, оны олар киік деп атайды. Бұл аң қыстыгүні көбінесе қамыс қалың өскен жерлерді паналайды, ал олардың денесі нәзік және оңай жараланатын болғандықтан, қырғыздар кейбір жерлерде қамыстың басын кесіп, биік сабағын ғана қалдырады, секірген кезде киіктер оған қарнымен

<sup>1</sup> ТАӘИЕ – Тарих, археология және этнография институтының еңбектері.

түседі: осылайша олар бұл жануарларды өлгіндей жерлерге қуып апарып, оп-оңай ұстап алады...

Олар өздеріне қажетті тоқыма маталар мен басқа да ұсақ-түйек шетелдік заттардың бәрін ресейліктерден немесе азиялық керуендерден сатып алады, сөйтіп тауарларды айырбастап, сауда жасайды. Оларда киім-кешекке қажетті заттар жасалмайды, қайта олар ішікке арналған қалмақ терілерін дайындайды және тері өндейді, сондай-ақ қалың жүн маталар мен шекпен тоқып, қойдың жүнінен киіз басады және боялған жүннің түрін жақсы шығара біледі; оның үстіне теріден неше түрлі ыдыстар және басқа да ұсақ-түйек заттар жасайды. Олар аң терісін де қалмақтар сияқты ашытылған сүтпен өндейді; еркектердің киім кешегі көбінесе солардан жасалады...

Қырғыздар оларды (ешкі терілерін) былайша өндейді: әуелі ешкінің терісінен жүнін қырқып, су бүркеді де, шиыршықтап орап, олар иістеніп, жүнінің түбі жидігенше жылы жерге тастайды; сонан соң өтпейтін пышақпен қырнайды, ал қырналған теріні кептіріп қояды; содан кейін тұщы сүтке, ал тері қалың болса, ашытылған сүтке салып қойып, төрт тәулік ашытады, бірақ тері неғұрлым таза болуы үшін күн сайын қырнап отырады. Ақырында, көлеңке жерде кептіреді, әбден жұмсарғанша қолмен уқалайды және аяқпен басады. Содан соң ыстап, тағы да уқалайды және ақырында қыз-ғылт сары бояумен бояйды, оны қырғыздардың өздері, атап айтқанда, рауғаштың түбірінен немесе бұтағынан немесе бүкіл сор далада өсетін, қалмақтар бұқтырып қайнататын, ал қазақтар қоян сүйек деп атайтын шөптің суына ашытып қайнатылатын тұнбасынан дайындайды. Кейбіреулері бояу қанық болсын деп, бояуды қойдың сүбе майын салып қайнатады. Салқындатылған бояудың қою болатыны сонша, былжыраған ботқа тәрізді болады, соны теріге екі жағынан бірнеше рет жағып, әрбір жолы кептіріп отырады, ал ең соңынан уқалап, жұмсартады. Мұнда (борсықтың түрі), түрлі құстар, киік, ақ тышқан, суыр және басқа да аңдар бар. Олардың шығыс пен оңтүстікке жақын жатқан жерлерінде онша көп болмаса да, ара-тұра жабайы қойлар (арқар), қалмақ сиыры дейтіндер (қырғызша – сүгін, қалмақша – сарлық), серналар (қарақұйрық), барыс (жолбарыс), жабайы есектер (тарпан) т.б. кездеседі. Әр түрлі тұзақтарды, торларды және басқаларын есептемегенде, олар аңды атқа салт мініп қуады, бұл орайда тазы иттер мен бүркіттерді пайдаланады, бүркіттерді олар көбінесе Орынбордан тым қымбат бағаға сатып алып, оларды өздері аулайтын аңның көзіне тырнағымен түсетіндей етіп үйретеді және олардың иттен гөрі жақсы жері аңды аттап бастырмайды, содан кейін қуғыншы оны өзінің қамшысымен соғып алады...

Қырғыз әйелдері башқұрт әйелдері сияқты мал сауумен, тері өңдеу-мен, тоқумен, киіз басумен және солар сияқты басқа да істермен айналысады. Олар қалақайдан немесе кендірден кенеп тоқымайды,

бірақ қалың шұға мен жүн мата тоқиды және шұғаны басуға өздері қайнатып дайындайтын сабынды пайдаланады...

*Георги И. Г. Ресей мемлекетіндегі барлық халықтың сипаттамасы.  
2-том, СПб., 1799, 128–130-б. (Орыс тілінде).*

## **И. Фальк қазақтардың шаруашылығы туралы**

...Мал шаруашылығы қырғыздардың ең көп таралған, асылында, бірден-бір кәсібі деуге болады. Оларда аса көрікті малдың әдеттен тыс көп табыны болады...

Әрбір қырғызда дерлік түйе болады, көбінесе қос өркешті түйелер (қырғызша – айге гује). Оларды жалғыз өркешті түйелерден (паг гује) ерекше деп біледі және олар әрі тез жүреді, әрі көп жүк көтереді, әрі ұзақ уақыт шөлге де төзімді және шөп те іздемейді деп санайды. Осы себепті олар ұзақ жол жүргенде жақсы, сондықтан Бұхар мен Хиуа керуендері нақ осындай түйелерді пайдаланады...

Түйелер, біріншіден, көлік үшін, екіншіден, ауыр жүк жеткізу үшін пайдаланылады. Қоныс аударғанда үйдің бүкіл негізі әдетте түйеге артылып жүреді...

Түйенің жүнінен жіп иіреді, ал ең жақсы сорттарынан бешпент сияқты, ерекше пішілген шекпен тігеді. Жүнді қырықпайды, қайта өзінің түлеуіне орай тарап алады... Сүтіне келетін болсақ, егер ботаның емуіне қалдырылмаса, ол биенің сүтімен бірге қымыз сияқты ішу үшін құйылады. Таза түйе сүтінен май мен ірімшік алынады...

Қырғыздардың жылқысы орыс жылқысы сияқты, бірақ басы асау әрі ұшқыр болады. Орта Ордада шұбар жылқы көп. Мұндай түрлері үшін Бұхарда көп ақша төлейді...

Олардың қойлары қалмақтардың ауыр салмақты қойларына ұқсас, құйрығы жалпақ та таңқыш (кујрук), салпаң құлақты болады. Бұл тұқымдас қойда көбінесе мүйіз болмайды. Олар әрқашан емін-еркін жайылып жүреді, оларға жем дайындалмайды, сондықтан оларды бағу өте оңай іс...

Жылқы сияқты қой да күнделікті тіршілікте мейлінше қажетті жануар. Қой еті – қырғыздың күнделікті тағамы, және де оның басқа жейтін еш нәрсесі болмайтын уақыт ұзаққа созылады, соның өзінде де оның құр өзін нансыз, тұзсыз, майсыз жеуден ешқашан шықпайды. Қойдың еті өте сіңімді, бұған ең алдымен далада жолжелкен сияқты шөптердің көп екендігі себеп болады. Құйрық майдың жұмсақ, дәмі жақсы болатыны сонша, орыс кұхняларында оны май орнына пайдаланады. Құйрығынан тұтас бір пұт май түсетін қойлар болады. Жүніне келетін болсақ, ол қысқа, қатты, қалың. Сондықтан одан көбінесе қырғыздар үшін мейлінше қажетті киіз басылады. Шынына келгенде, қырғыз қойларының жүні онша қатты да болмас, ал қойлар әрқашан, жыл он екі ай бойы ашық ауада жүретіндіктен, сондай

болатын шығар. Қойды жылына екі рет қырқады. Қырықтықтарының ұзындығы жарты аршын. Әр қырыққанда қойдан екі қадақтан жүн алынады. Жүн сұрыпталмайды. Олар терісінен өздеріне қысқы киім тігеді, сондай-ақ дайын күйінде оларды Орынборға әкеледі...

*Фальк И. Ресей бойынша ғылыми саяхаттардың толық жинағы (Императорлық Ғылым академиясы шығарған). 7- том, СПб, 1925, 541–542-б. (Орыс тілінде).*

## **П.И. Рычков Кіші және Орта жүз қазақтарының қоныстары туралы**

...Жалпы алғанда екі орданың (Орта және Кіші) тұратын жерін білу керек, олар Ресейдің арғы шегінде, бір жағынан Каспий теңізінен, Жайық өзенінен бастап, Верхояицк қамалына дейін, ал ол жерден Үй өзенінің бас жағынан өтіп Тобыл өзеніндегі Звериноголовный бекінісіне дейін жетіп, сол арадан Есіл өзеніне және Ертіс өзенін бойлай жоғары қарай, осы өзендердің ағысын бойлай, сол жақ жағасын солар жаққа тастап өтеді. Олардың ішкі шектері Каспий теңізінен, Жем өзенінің сағасынан бастап, Орынбордың бас ландшафт картасы бойынша аталуы мүмкін... ендік бойынша бүкіл 44 градус, Арал теңізінің Сырдария өзеніне қараған, өзен аталған градусты қиып өтетін жоғарғы бөлігі, ал сол жерден қырғыздарды жоңғарлықтардан бөліп жатқан Сарысу өзеніне қарай; ал сол жерден тағы да (қайтадан) Есіл өзенінің бас жағына қарай, осы шеңберді әлгі екі орда өз қоныстары етіп алып жатыр, ал бұл жерлерде қалалар былай тұрсын, қырғыз-қайсақтардың көшіп жүретін қоныстарынан басқа ешқандай тұрғынды орын жоқ, алайда кең-байтақ даланы олар былайша пайдаланады, кейде атпен екі немесе үш күн, ал кейде одан да көп жүргенде олардың ұлыстарына дейін тірі жан болмайды.

Осы орданың (Кіші Орда) атап айтқанда, Орынбордан Орск бекінісіне қарай аса әйгілі қыстаулары мыналар: 1) Қамысты Ырғыз бен Тайыз Ырғыз деп аталатын екі өзенінің бойында, олар солтүстікте Ор шыңдарынан шығып, Ұлы Ырғыз өзеніне құяды, солтүстік жақтан басталатын ол да Ақсақал көліне құяды. Олардың бөрінің басы Орск бекінісінен тездетіп жүріп отырғанда үш күншілік жердей; 2) Ақсақал көлінің жағалауында, Орск бекінісінің оң жағында, оған атпен жеті күн жүріп жетеді. Ал осы көлден әр түрлі салалар ағып шығып, Сырдария өзеніне құйған; 3) Қарақұм, яғни қара құмдар деп аталатын алқап маңайында, ол Сырдарияның осы жағында жатыр, Ақсақалдан бір күндік қашықтықта, ал Орск бекінісінен сегіз күншілік жер. Осы жерден Сырдарияның өзіне дейін құм жатыр, қырғыздар осы арада қазылған құдықтар мен бұлақтардан аққан суды іше отырып, көшіп жүреді; 4) Тырнақ алқабы маңында; Тырнақ деп Сырдарияның нақ сағасында жатқан үлкен жартас аталады. Бұл алқап

Орынбордан атпен жүргенде он бес күндік жерде жатыр. Ал екінші жағында, яғни Каспий теңізі жағында осы Кіші орданың қырғыздары Жемді жағалап және оған екі жағынан ағып келіп жатқан шағын өзендерді бойлай оның Каспий теңізіне құятын нақ сағасына дейін қыстайды деуге болады. Бұл өзен Орынбордан ең жақын дегенде сегіз күндік жер; 5) Жем өзенінің арғы бетінде, Үлкен және Кіші Борсық алқабында, Орынбордан тура жүргенде толық жиырма күн болады, онда қыстағанда қар суын, ал қар жауғанша құдық суын қанағат етеді; 6) Жем мен Жайық өзендерінің арасындағы Қаракөл көлі маңында, Жайықтағы Антонов форпостысына дейін қашықтығы үш күндік жер; 7) Ойыл және Қиыл деген екі өзенінің бойында, олар батыс жағынан Қаракөл көліне құяды, Орынбордан ол жерлерге дейінгі қашықтық алты-жеті күн; 8) Қалдығайты мен Бұлтырты өзендерінің бойында, олар солтүстік жақтан шығып, Жайық өзеніне бір сағамен құяды... Олардың Елек қалашығынан қашықтығы төмен қарай бір жарым күндік жер. Аталған алаңдардан басқа, бұл орданың шөптін жеткіліксіз болуы себепті Жайық өзені бойына да қыстайтын реттері болады, ал кейде олардың жылқы табындары Жайық өзенінің бергі бетіне де өтіп кетеді. Бірақ мұндай жағдайда олардың қырғыз-қайсақтарының тыныштық сақтауы үшін олардан аманат алынады...

Ал Орта қырғыз-қайсақ ордасының атақты қоныстары төменде суреттелген жерлерде, атап айтқанда: 1) алыстағы ұлыстары әдетте Зюнгардан бас алып, Түркістанға жақын маңайда ағатын Сарысу өзенін бойлай көшіп жүреді, Орск бекінісінен атпен жүргенде он бес күннен жиырма күнге дейінгі қашықтықта; 2) Есіл өзенінің бас жағында, Жылан өзенінің сол жағынан қашықтығы алты күн, ал Орск бекінісінен он бес күндік жер; 3) Жылан өзені бойында, ол Зюнгар жағының тауларынан, Ұлытау дейтіннен, яғни үлкен таудан басталып, Орскіден сол жаққа қарай тездетіп жүргенде тоғыз күндік қашықтықта құмға сіңіп кетеді, ал Үлкен Төрт өзенінен сол Жыланға дейін – бір күндік жер; 4) Тобыл өзенінің басынан оны бойлай және құйып жатқан өзендер мен жылғаларды бойлай Үйдің Усть-Уйск бекінісі салынған сағасына дейін Орынбордан қашықтығы тоғыз жүз он алты шақырым; 5) Шортанды және Қылқуар өзендері бойында, олар Тобыл өзеніне оның бас жағында құяды және сол екі өзенге құятын ұсақ жылғалардың бойында, Верхояицк бекінісінен қашықтығы атпен жүргенде екі жарым күн; ал Верхояицк Орынбордан бес жүз сексен екі шақырым; 6) Қият өзені бойында, ол Тобылға Шортанды мен Қылқуардан төменіректен құяды және Қиятқа ағып жатқан шағын өзендердің бойында, Усть-Уйск бекінісінен атпен жүргенде қашықтығы екі күндік жер; 7) Шалқар көлінің жағалауында, ол Қарашатау тауының маңайында жатыр, оған салт жүріп... Қамыстыны бойлап, оның басына дейін бару керек, ал оның шыңдарынан аталған көлге дейін үш күн жүреді, ол сөйтіп Орскіден солға

таман жатыр; 8) Ұлқияқ деп аталатын үш өзеннің бойында, олар Тобылдың бас жағынан шығып, Торғай өзеніне құяды. Аталған көлден олардың басының қашықтығы екі күншілік, ал Орскіден солға қарай бес күншілік жер; 9) Тектұрмас өзені бойында, ол Тобылдың бас жағындағы таулардан шығып, Сары Торғай өзеніне құяды, оның Ұлқияқтан қашықтығы – бір күн; 10) Сары Торғай өзенінің бойында, ол Есілдің бас жағындағы Сібір тарапынан шығып, Үлкен Торғайға құяды, оның Тектұрмастан қашықтығы – жарты күн, Орскіден солға қарай жеті жарым күн...; 11) Қарсақбасы деп аталатын көлдердің жағалауында, Тобыл мен Сары Торғайдың бас жағында ондайлар көп; 12) Ақсақал көлінің жағалауында, Орскінің сол жағында, әдетте оның оң жағында Кіші орда, ал сол жағында Орта орда көшіп жүреді, сөйтіп екі орданы сол көл бөліп жатыр; 13) Үшөзектің бойында, олар Бұхар жағының күнгей бетінен басталып, сол көлге оның арғы бетінен құяды...

*Рычков П.И. Орынбор топографиясы. Орынбор, 1887, 96–104-б. (Орыс тілінде).*

## **XVII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

**1694 жылғы қазан. Қазақ ханы Тәукенің Ресеймен достық қатынастарды жаңғырту туралы және Тобольскіде ұсталған Келдей мырзаны Қазақстанға жіберу туралы өтініп І Петрге жазған хатынан**

...Асқан мәртебелі тақ иесі және аса жоғары мәртебелі әрі ұлы өкіл және ие әрі құдіреті күшті ұлы ақ патшаға.

...Барынша басымды иіп тағзым етемін, ал Сіздің аса қасиетті ұлы мәртебеңіздің қайырымдылығына тағзым еткеннен кейін мынаны хабарлағым келеді. Тобыл уезіне ізгі мақсатпен елші қылып екі адам жібергенмін, оның біреуі қайтыс болды, ал менің қызметшім Келдей мырзаны онда ұстап алды. Ал Адам атадан осы кезге дейін елшіні ұры адам сияқты ұстаған мұндай істі естіген емеспіз. Ал енді Сіздің аса қасиетті ұлы мәртебеңізге Күлтебай Аталықовтың ұлы, өзімнің сенімді малайым Тайқұмыр батырды жіберіп, Сізден біздің өтінішімізге көңіл бөлуіңізді, осындай ұрлықшы жаман адамдардың істегені үшін ауызға да алмай, Келдей мырзаны босатуды сұраймын; ... Ал құдіретті тақсырдың уақыты болса, Сіздің де, біздің де рақымымызбен елшілер мен сауда адамдары бұрынғысынша жүріп-тұратын болады, алдағы уақытта да Сіз бен біздің жақсы атағымыз жайылып, Сіздің де, біздің де рақымымызбен патшалықтарымыз арасында әрбір адамға барынша ізгілік жаусын...

*XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. Құжаттар жинағы. А., 1961, 14–15-б. (Орыс тілінде).*



### **1716 жылғы 13 қыркүйек. Қайып хан елшілерінің қазақтардың Ресеймен тату тұру тілегі туралы мәлімдемесі**

1716 жылғы қыркүйектің 13-і күні Тобыл жұртының татар қызметшілерінің басшысы Сабанақ Құлмаметов мырзаға Қазақ ордасының жіберген адамдары Бекболат Екешев, Байдәулет Бөриев былай деді: оларды Тобольскіге Қайып хан жіберіп, Сібір губернаторы кінәз Матвей Петрович Гагаринге оның, Қайып ханның, ұлы мәртебелі патшамен мәңгілік татулықта болғысы келетінін жеткізуге әмір беріпті: ал қоңтайшы мен оның, Қайып ханның, арасында көп жылдардан бері дау бар екен, осы жолы да, өз елшілері жүріп кеткеннен кейін, оған, қоңтайшыға, он немесе он бес мың адаммен соғысқа аттанғысы келіпті. Алдағы уақытта да, егер ұлы патша оған, қоңтайшыға қарсы соғысқа бар десе, ол, Қайып хан, тек қана өзінің жиырма және 30 мың адамымен немесе орыстың әскери адамдарымен бірге оған қарсы соғыс ашуға әрқашан әзір болады. Ал ендігі жерде Қазақ ордасынан шыққан қарақшы адамдар патша слободаларына қандай болса да күйзеліс келтірсе, ал оны Қайып хан білсе, ол адамдарға жаза қолданылады немесе жаза қолдану үшін ол адамдар Тобольскіге жіберіледі. Ал егер ол ұры адамдар слободаларда ұсталса, ол адамдарға жарлық Тобольскіде қолданылсын, сөйтіп оларға сауда жасау үшін Тобольскіге Қазақ ордасымен және бұхаралықтармен сауда жасау үшін жыл бойы немесе жыл сайын Тобольскіден қанша адам көрсетілсе, сонша адам жіберіп отырады...

### **1717 жылғы 29 қараша. Сібір губернаторы, кінәз М. Гагариннің бейбіт қатынастарды жаңғыртуға келісетіні туралы хаты**

Аса қасиетті ұлы мәртебелі патшаның Сібір губернаторы, кінәз Матвей Петрович Гагарин Қазақ ордасының әміршісі Қайып ханға.

Биылғы 1717 жылғы қыркүйектің 26-сы күні маған Тобольскіге бізден жіберілген Тобылдың бояр ұлы Никита Белоусов жолдасымен келіп, сен, Қайып хан және сенің Қазақ орданың адамдары біздің ұлы мәртебелі патша ағзамның, Сібір губерниясының адамдарымен татулықта болғыларың келетінін айтты. Сөйтіп ұлы мәртебелі патшаға қарсы шыққысы келетін қалмақ әміршісі қоңтайшымен соғысқысы келеді деді.

Біздің ұлы патша ағзамның жарлығы бойынша ұлы мәртебелі патшаның Сібір губерниясының адамдары сендердің адамдарыңмен дауласпайды және бейбіт тұратын болады.

Ал біздің ұлы патша ағзамның өз жарлығымен маған тапсырылған ұлы мәртебелі патшаның Сібір губерниясы адамдарынан, олардың ешқайсысының тарапынан сендердің адамдарыңа ешқашан реніш жасалмайды. Ұлы мәртебелі патшаның жағына ұрлық істеуге кел-



меу үшін және қырқыс туғызбау үшін сендердің адамдарыңа да осындай тапсырма берілгені жөн; ал сендердің адамдарыңнан және сендердің адамдарыңмен бірге бұхаралықтардан бізге сауда жасап келетіндеріне емін-еркін және ренішсіз сауда жүргізуге өмір беремін, сөйтіп Қазақ ордасынан келетін сендердің адамдарың мен бұхаралықтардан баж салығын алуға рұқсат етпеймін.

*XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары.  
Құжаттар жинағы. А., 1961, 20-б. (Орыс тілінде).*

**1718 жылғы 21 қаңтар. Б. Брянцевтің және басқаларының қазақтардың Жоңғар қалмақтарымен өзара қатынастарын анықтау мақсатымен Қайып және Әбілқайыр хандарға барған сапарының нәтижелері туралы Сібір губернаторы, кінәз М. Гагариннің атына жазған есебінен**

...Қасиетті Сіздің жарлығыңыз бойынша бізге бірінші рет Қазақ ордасының жұртына келген соң, осы өткен жылдың жазында болған соғыста Қазақ ордасының қалмақтарға не істегенін, бақыт олардың қай жағында – Қазақ ордасы жағында немесе қалмақтар жағында болғанын және Қазақ ордасы Қалмақ жеріне жорықты қаншалықты алыс жасағанын шын мәнінде анықтауға бұйрық етілді. Қасиетті Сіздің сол жарлығыңыз бойынша Қазақ ордасының алғашқы үйлеріне 1718 жылғы өткен қаңтар айының 21-і күні жеттік.

Ал алғашқы үйлерде Құттыбай мырза Қазақ ордасының қалмақтармен соғысы туралы былай деді: қалмақтарға олардың қазақтарынан 30000 әскер барды, соғысқа оның өзі де қатыстым деді, Ангус деген өзеннің жағасына барып, сол жерде олар мың адам болатын қалмақтарды кездестіріпті, олармен кешке дейін ұрыс болыпты, түнде қалмақтар ағаш кесіп, ағаш тосқауыл жасап, андып отырыпты: ал қазақтар болса қалмақтардікінен биігірек ағаш тосқауыл жасапты да, сол тосқауылдан қалмақтарды екі күн атыпты. Үшінші күні қалмақтар жағынан тағы да бір жарым мың әскер келіп, олардың аспаздар қосынына шабуыл жасапты, аспаздар қорқып, қаша жөнеліпті, олардан кейін қазақ әскерлері де қайтып, содан кейін олар қалмақтармен соғысыпты; ал қалмақтардан немесе өздерінен қанша адам өлгенін ол білмеймін деді; олар қалмақтардан тіл ғана ұстап алыпты, олар қазір де солардың жерінде көрінеді, олардың атақты адамдарынан өлтірілгені 2 адам ғана, Қайып және Әбілқайыр хандар мен басқалары өз ұлыстарына аман-есен қайтыпты; қазақ халқының барлық адамдары жоғарыда айтылған, Құттыбай мырза да айтқан сөздерді нақ солай қайталап айтады, бірақ анық былай деді: үшінші күні, таңертең ертемен көп қалмақ келіп, олардың әскеріне шабуыл жасапты, олар, қазақтар, оларды садақпен атыпты, қалмақтардың оларға қатты тигені соншалық, олар бұған шыдамай, бәрі қаша

жөнеліпті, оларды қалмақтар жарты күндей өкшелей қуып, олардың адамдарын қырыпты, қаншасын өлтіргенін ол білмейді...

### **1718 жылғы 7 мамыр. Б. Брянцевтің кінәз М. Гагаринге жазған есебінен**

...Қасиетті Сіздің жарлығыңыз бойынша біз Әбілқайыр ханға осы 1718 жылғы мамырдың 4-і күні келіп, оның киіз үйлері маңында түнедік...

Ал мамырдың 5-і күні бізге Әбілқайыр хан өзіне келуге бұйырды... Сонан соң Әбілқайыр хан аса қасиетті ұлы мәртебелі патшаның және Қайып ханның жарлығымен өзінің қалмақтарға қарсы соғысуға әзір екенін, нақ сол сияқты ұлы мәртебелі патшаның адамдарымен қандай болса да сауда жасайтынын және аса қасиетті ұлы мәртебелі патшаның және оның адамдарының есендігін сақтауға әрқашан әзір екенін айтты. Және де өзінің маңайында тұратын қазақ халқы, міне олардың тарапынан аса қасиетті ұлы мәртебелі патшаның адамдарына ешқашан ешқандай ұрлық жасалмайды, өзімнен қашықта тұратындарға, оларға да Сібірдің қалаларына ұрлық жасауға өсте бармауға әмір беремін деді...

*XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары.  
Құжаттар жинағы. А., 1961, 22–25-б. (Орыс тілінде).*

## **Он екінші тарау**

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТИ**

#### **Отырардағы қазба жұмысы**

##### **Отырар келбеті (XVI–XVII ғ.)**

Отырарды кең ауқымды қазу жұмысы 1971 жылы басталды. Қазу барысында ірі археологиялық объектіні ірі горизонтальдық алаңдар арқылы зерттеу әдісі қолданылып келеді.

Отырардағы жұмыстардың маңызды нәтижелерінің бірі – қаладағы түрлі қолөнер кәсіптерінің дамуы туралы мәліметтер алынуы. XVI–XVIII ғасырлардағы Отырардың кейбір кварталындағы халық бір іс саласында маманданғаны анықталып отыр. Қаланың солтүстік-шығыс жағында көзеші-қышшылар өмір сүрген. Және де олардың шеберханалары тұрғын үйлердің ішінде болған. Мысалы, бір шеберхана үш пеш орналасқан төрт бөлме мен ауладан құралған. Ауладағы екі пешпен жазда, үйдегісімен қыста жұмыс істелген сияқты. Шеберхананың екі бөлмесі сақталатын балшық пен күйдірілетін бұйымдарды кептіруге арналған. Екі қабатты, барлығы сопақша кел-

ген пештердің ең үлкен диаметрі – 1,2 метр. Күйдіргіш камера дөңгелек пішінді, оттықтан жеті тесік, ал бүйірден пешті толтыру үшін сопақша тар қуыс шығарылған. От жағылатын камераның биіктігі 80 сантиметр, түтін үй қабырғаларындағы канал арқылы шығады. Ауа камераға суфаға салынған көлбеу науаның бойымен келетін болған.

Шеберханадан шыны төрізді масса мен құмды ұнтақтайтын диірмен тастары, оны қайнатып, қорытатын ыдыс, сақар түйіршіктері, бояу тақтайшасы, ұста төстері табылды. Көзешінің дайын өнімі арнайы шұқырда сақталған. Сондай шұқырлардың бірінен қолөнершінің сатуға әзірлеген жиырма шақты су құмыралары алынды. XVI ғасырдағы Отырарда рынок үшін жұмыс істейтін дамыған қышшылық өнеркәсіпті аңартуға тиіс барлығы 6 пеш аршылып, тазаланды.

Нан пісірушілер кварталы қаланың батыс қамалына қарай орналасқан. Ол жерден нан пісіретін жұп тандырлы кішкене үй-шеберханалар жиі кездеседі. Өр үйде дерлік ұн сақтайтын кебезелер қойылған қоймалар бар. Мыс теңгелердің аракідік ұшығраса беруі нанды саудаға шығарудан хабар береді.

XVI–XVIII ғасырлардағы Отырар – дамыған қала. Онда ішкі және сыртқы рыноктарды да тауармен қамтамасыз етуі мүмкін қышшылар кварталы, жолаушы-жүргіншілерді дәмнен тарықтырмайтын нан пісірушілер кварталы, тұрғындарға қызмет көрсететін сауда орындары мен әр түрлі шеберханалар жұмыс істейді. Қолдағы осы мәліметтер орта ғасырдың аяқ тұсындағы қала өмірін едәуір толық сипаттайды.

*Ақышев К. Отырар келбеті. А., 1979, 84–85-б.*

## **Қазақ халқының қолөнері**

### **Ағаш ұқсату**

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «ұста» деп даралады. Ал бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібінен басқа да уақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білді. Әсіресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өңдеу ісімен де айналысты.

## Үйшілік өнер

Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды керек ететін түрі – киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі. Мұны халық тілінде «үй басу» деп те атайды.

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары көбінесе өзен жағасында өсетін әр түрлі талдан жасалады. Мәселен, оған Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал сияқты түрлері пайдаланылды. Тал, халық тәжірибесі бойынша, киіз үй сүйегін жасауға ең қолайлы ағаш түрі деп танылған. Біріншіден, жиі өсетін тал тоғайы ішінен кереге мен уыққа жарайтындарын таңдап алу қиынға түспейді, екіншіден, өңдеуге өте қолайлы және одан бабымен кептіріліп жасалған уық-керегелер өте жеңіл және берік болады. Сән-салтанат құруды көксеген ірі байлар, төрелер мен билер үйшілерге киіз үй сүйегін түгелдей қайыңнан жасатады. Әдетте қайыңнан жасалатын үйлердің көлемі үлкен болумен бірге, оның сүйегі де салмақты және өте берік. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өндеген соң, оны боямайды. Өйткені, ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды рең беріп тұрады.

Киіз үй сүйегіне жарайтын ағашты көбінесе үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде, тіпті, жыл бойы көлеңкеде кептіреді. Киіз үй сүйегіне арналып дайындалатын ағаштың ұзындығы мен жуандығы кереге-уық жасауға жарамды болуы қажет, ал олардың қисықтығына онша мән берілмейді. Шаңырақ үшін дайындалатын қайың мүмкіндігінше түзу, бұтақсыз болуы қажет. Кейде мұндай ағаштар тым жуан болса, оларды кесіп, ұзынынан жарып, ыңғайлап шауып қояды. Үй ағашын кесіп, бұтақтап, қабығын сыдырады.

## Ершілік өнер

Ежелден көшіп-қонып, мал баққан қазақ халқы үшін көліктің негізгі түрі – салт ат болды, ал соған орай, ер-тұрман жабдықтарының алатын орны да өзгеше еді. Халық басынан өткен сан қилы оқиғаларға сай мұның да өзінше даму, өзгеру процесі жүріп жатты. Мұның өзі қазақ халқының қолөнерінің қандайлық дәрежеде болғанын аңғартты.

\* \* \*

*Үзеңгі* темірден, қоладан және ағаштан жасалады. Ағаш үзеңгіні тек қайыңнан ғана иіп жасайды да, *үзеңгі бау* өткізілетін жерден екі басы қосылып шегеленеді. Кейде мұндай үзеңгілерді

мықтылық үшін темірмен құрсаулайды. Темір құрсаудың бетін күміспен әшекейлейді. Ағаш үзеңгіні қыстыгүні қолданады, өйткені қатты аяздарда темір үзеңгі адамның аяғына да, атқа да жайлы тимейді. Қыстыгүні жылқы күзетіне баратын жылқышылар ағаш үзеңгілерді көбірек пайдаланады.

Үзеңгіні ерге тағу үшін қалың қайыстан не былғарыдан екі қабаттап айылбасты үзеңгі бау жасайды. Әдетте, үзеңгі баудың айылбасын күмістеп те жасайды.

Халық арасында осы күнге дейін сақталып келе жатқан айылдың көне түрі – *тартпа*. Мұны құрдан да, қайыстан да өріп жасай береді. Мұның айылдан айырмасы – оның екі ұшына да арнайы жасалған темір доғабастар тігіліп, бір ұшына ұзын қайыс *бүлдірге* тағылады. Бүлдірге екінші доғабастан іліп алып, тартып байлау арқылы бекітілетіндіктен, айылдың бұл түрі тартпа деп аталады. Тартпаның ер үстіне келетін жағына қалың былғары тігіп, күміспен әшекейлейді. Доғабастарының бетіне де күміс шауып, геометриялық бейнелермен өрнектейді. Кей уақытта тартпаның өрімі 2–3 бөлек өріледі. Қазіргі күнде тартпа төсайыл есебінде қолданылады.

Ер-тоқым аттың мойнына кетпеу үшін оған *құйысқан* тағылады. Құйысқан қайыстан не қалың былғарыдан жасалады. Мұндай құйысқандардың бетіне түгелдей құйма күмістен, күмістелген не алтындалған темір әшекейлерден, түрлі түсті тастардан көздер салынып, безендіріледі. Мұнымен қатар, өрме құйысқандар да жиі кездеседі.

*Өмілдірік* сән үшін тағылатындықтан, қалың былғарыдан жасалып, мол әшекейленеді. Мұны әшекейлеу әдісі құйысқанды әшекейлеумен толық үйлеседі. Өмілдіріктің екі ұшы ердің алдыңғы қасының екі жағына бекітіліп, ортасы аттың омырауында тұрады. Өмілдірік ердің кейін сырғымауына да себін тигізеді.

Қазақ шеберлері *жүген* жасауға да көп көңіл бөлген. Жүген қайыстан, былғарыдан жасалады. Күнделікті шаруаға арналған қайыс жүгендер көп әшекейленбейді. Қайыстан өрілетін өрме жүгендер әсем де мықты болады. Былғары жүгендер әдетте алтын, күміс, темір және түрлі шынылар, асыл тастармен молынан әшекейленеді.

*Жүген* негізінен *ноқта*, *ауыздық* және *тізгін*, *шылбыр* сияқты төрт бөлімнен тұрады. Алдымен *ноқта* шығып, кейін оған ауыздық салудың нәтижесінде жүген қалыптасқан. *Ноқта* екі жақ, бір-бірден *милық*, *кеңсірік* және *сағақ* сияқты бөлшектерден тұрады.

*Тізгін* мен *шылбыр* қылдан есіліп, қайыстан ызылып не өріліп жасалады. *Тізгін* жіңішке болады, оның екі ұшы сулықтарға оңай шешілмейтіндей шиеленіп байланады немесе мүлдем тігіледі. Ал *шылбыр* тізгінге қарағанда жуан және ұзын болады.

Салт мінілетін атқа қысқы және *жазғы жабулар* жасалады. *Қысқы жабулар* Қазақстанның солтүстік облыстарында киізден жасалып, суытылатын немесе таң асырылатын аттарға жабылады. *Жазғы жабу*, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік облысында атты күндізгі ыстықтан сақтау үшін ақ матадан, қолдан тоқылған бір түсті шекпеннен немесе биязы басылған ақ киізден жасалып, ерттеулі атқа жабылады.

Салт ат тұрмандарының құрамына *қамшы* да кіреді. Мұны кейде ат жүргіш деп те атайды. Керек болған жағдайда қамшы қару есебінде пайдаланылған.

*Тұсамыс* пен *кісен* тек алдыңғы екі аяққа салынса, өре аттанар жақ алдыңғы және артқы аяқтарға салынады. Ал шідер алдыңғы екі аяқ пен аттанар жақ артқы аяққа салынады.

*Кісен* дегеніміз – кілттеніп салынатын темір тұсау. Мұны ұстарлар соғады. Кісен аттың қолды болуынан сақтану үшін салынады, әр кісен арнайы жасалған өз кілтімен ғана ашылады. Шідер қылдан, қайыстан, кейде шынжырдан да жасалады. Ол үш балақ, тұсау және өреден тұрады.

## Тері ұқсату

Үй жануарлары мен әр түрлі аң терілерін өңдеу қазақ өмірінде ежелден-ақ үлкен орын алды. Өйткені өз тіршілігінде қазақтар иленген мал, аң терілерінен сан алуан киім түрлерін тігіп кигенді. Сонымен бірге өздері илейтін немесе сатып алатын былғары түрлерінен қазақ шеберлері киімнен басқа көптеген үй бұйымдарын да жасады.

Мал терісін илеудің ел арасына кең тараған екі түрі бар. Біріншісі – ағаш күбіге немесе басқа кең ағаш ыдысқа айранның сары суына, ашыған іркітке, ұн, кебек, тұз салып ашытады да, теріні соған салады. Екіншісі тері бетіне ұн, тұз араластырылған іркіт жағу арқылы орындалатын. Мұны и жағып илеу дейді.

Мал терілерін өңдеу тәсілдерінде көптеген өзгешеліктер бар. Ол өзгешеліктер қай түліктің терісінен қандай бұйым жасайтынына байланысты. Мәселен, сырт киім, бас киім тігуге арналған қозы, лақ, құлын терілерінің немесе әр түрлі аң терілерінің жүнін алмай илейтін-ді. Ол үшін әлі кеуіп үлгірмеген жас терілерге немесе су бүркіліп жібітілген терілердің оң жағына іркіт жағып, ұн не кебек, тұз сеуіп алып, тері бетіндегі иді араластырып, терінің шеттерін үстіне қарай қайырып, жылы жерге бүктеп қояды. Мұндай әдіспен иленетін терілердің иі қану, яғни дайын болу мерзімі тері түрлеріне байланыс-ты. Қозы, лақ және аң терілері иі жыл-

дам болса, үлкен қой-ешкінің, әсіресе, құлын, жабағы не тай терілерінің иі қану мерзімі әлдеқайда ұзақтау келеді. Орта есеппен 3–5 күн ішінде қандай теріге болсын иі сіңіп үлгіреді. Иден шыққан теріні көлеңкеде кептіріп, талқыға салып жұмсартады, содан соң қырғышпен қырып, өңдейді, жақсылап уқалайды. Елтірі мен аң терілерін талқысыз-ақ уқалап жұмсартады.

### **Сүйек пен мүйіз ұқсату**

Қазақ қолөнерінде сүйек пен мүйіз өңдеу ісі өз алдына жеке кәсіп ретінде бөлінбеген. Ертеректе сүйектен кейбір еңбек құралдары мен қару-жарақ бөлшектерін жасаған. Ағаштан жасалатын үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды көркемдеу үшін мал сүйегін кеңінен пайдаланған.

Үй бұйымдарын әсемдеуге жылқы мен түйе сүйектері ғана жарған. Оның өзінде, ең алдымен, олардың жауырын сүйектері мен қабырғалары қолданылса, кейде әсемдеу үшін жіліктің қақ сүйегі іске асқан. Әдетте, қыстыгүні соғымға сойылатын ірі жылқы мен түйе сүйектерінің жарамдыларын тастамай, жинай беретін-ді. Шеберлердің айтуынша, шикі сүйектерден гөрі асылған еттің сүйегі өңдеуге қолайлы болады. Семіз соғымның сүйектері тым майлы болған жағдайда, оларды артық майдан арылту мақсатымен өңдеу алдында тағы да бірнеше сағат суға қайнатып алады. Сүйекті іске қосу алдында суға қайнатудың тағы бір себебі, кеуіп тұрған сүйектен гөрі қайнатылған сүйекті өңдеу оңайға түседі.

Әсемдейтін бұйымдардың ынғайына қарай, дайындалған сүйектерден мүмкіндігінше көлемі жағынан біркелкі тік бұрышты, төрт бұрыш, шаршы үш бұрыш, ромбы тәрізденген әшекейлер кесіліп алынады, олардың беттері тегістеледі, мұқият өңделеді. Сүйек бетін өңдеу үшін пышақ, шапашот, егеу, шыны сынықтары қолданылады. Сүйек әшекейлерді ағаш бұйым бетіне шеге арқылы ұстатындықтан, олардың шеге қағылатын тұстарын жіңішке қуысқұлақпен алдын ала тесіп алады. Сүйек әшекейлердің бетіне бедерлі ою-өрнек ойылумен бірге сызу әдісімен әр түрлі геометриялық өрнектер де жүргізіледі. Сүйек бетіне жүргізілген бедерлі оюлардың түрі қызыл, қоңыр, жасыл бояулармен боялады.

Сүйекті түзетіп, жонып, тегістейтін құралды бастырық не қысқы дейді. Жалпы, сүйекті жону, өрнектеу, шегелеу, сүйекке күміс қақтау жұмыстары – асқан шеберлікті талап ететін өте нәзік өнер. Ірі қара, серке, арқар, ақбөкен және таутеке мүйіздері мен тұяқтарын хас шеберлер өте тиімді пайдаланатын болған. Мәселен, сиыр, серке мүйіздерінен шақша, тарак; ақбөкен мүйізінен қам-



шының сабы, шиті мылтықтың сирақтары, арқар және таутеке мүйіздерінен қымыз ожау, қасық сияқты заттар жасалады.

### **Тас өңдеу**

Тастан жасалған қандай бұйым болсын ұзақ уақыт бойы сақталатындығы белгілі. Өйткені, тас шірімейді, жұжылу, тозу процесі өте баяу жүреді, тіпті, сыну қаупі кездескенімен, ондай бұйымдардың бастапқы қалпының қандай болғанын болжау қиынға түспейді. Қазақстан жерінде тас түрі көп. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Қазақстан жерінде тас өңдеу дәуірі неолит дәуірінен басталған.

Түркі дәуірінде өлген адамдардың басына тас мүсіндер, балбалдар қойылды. Сонымен бірге түркі хандарының басына оның кім екенін, кейде тіпті өмірбаян тарихын жазған тақтай тастар қойылатындығын белгілі түрколог-ғалым С.Е. Малов өз еңбегінде дұрыс дәлелдеген. XIX ғасырдың соңында мұндай көне жазулы тақтай тастардың бес данасы Жамбыл облысындағы Талас өзенінің бойынан табылды. С. Е. Малов зерттеулері бойынша, бұл тастар V–VI ғасырда түркі хандарының басына қойылған ескерткіштер екен. Қазақстан жерінде өңделмеген тақтай тастардан салынған еңселі күмбездер де бар.

Өлген адамның басына жұмсақ тастан өте сәнді және күрделі ескерткіштер қою дәстүрі Қазақстанның батысында ежелден бар. Өсіресе Маңғыстау түбегі, Үстірт атырабы, Сам құмы, Жем, Сағыз, Жайық өзендерінің бойында жұмсақ бор тас, сұр құм тас, қызғылт қабыршық ұлу тастардан көркемдік сапасы өте жоғары сан алуан ескерткіштер қойылады. Жоғарыда көрсетілген тастар өте жұмсақ болады, оларды арамен кесуге, шотпен шауып, пышақпен жонып, қырғышпен қырып, түрпімен түрпілеп тегістеуге, арнайы аспаппен ою ойып, жазу жазып, көркемдеуге әбден болады.

*Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері.  
А., 1987. 9; 19; 31–32; 33; 83; 89; 105-б.*

## **Қазақ билері**

### **Төле би**

Төле Әлібекұлы қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Қазақ шежіресінде: Дулаттан Жаныс, одан Жарылқамыс, Жарылқамыстан Жанту би, одан Құдайберді би («Тоғыз ұлды Құдайберді» деп те аталады) тарайды. Сол тоғыз ұлдың

бірі Әлібектен Төле би туады. Төле жастайынан ескіше оқып, сауатын ашады. Арабша, парсыша тарихи кітаптарды, аңыз, хисса-хикаяларды көп оқиды. Бір жағынан қазақтың аңыз-өңгіме, өлең-жырларын, шежіре-тарихтарын ел арасынан тыңдап, өзінен бұрынғы өткен шешен билер мен хандар, әсіресе өзінің бабалары Жанту, Жарылқамыс билердің кесімді, тапқыр, өнегелі нақыл, шешендік сөздерін ойында сақтап өседі. Төленің әкесі Әлібек те сөзге ділмөр, шешен би болған кісі. Төле бала әкесіне еріп жүріп, ел көреді, жұрт таниды. Он бес жасынан ел билігіне араласып, өзінің ақыл, парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі.

\* \* \*

Атың жақсы болса,  
Ер жігіттің пырағы,  
Балаң жақсы болса,  
Жан мен тәннің шырағы,  
Қызың жақсы болса,  
Жайқалып өскен құрағың.  
Әйелің жақсы болса,  
Бірінші иманың,  
Екінші жиғаның,  
Үшінші – ырысыңның тұрағы.

### **Қаз дауысты Қазыбек би**

Қазыбек Келдібекұлы Сырдария жағалауындағы ауылда туып, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізген. Қазақ шежіресі деректері бойынша Қазыбек Арғынның Қаракесек (Болатқожа) руынан. Сол Қаракесектің бір атасынан Бұлбұл, одан Шаншар туады. Бұларда оқыған, тоқығаны көп, ақылгөй абыз, шешен би боп өткен адамдар баршылық.

Қазбектің бала кезінде қалмақ ханы Қонтажыға айтқаны:

Сен қалмақ та, біз қазақ,  
Қарпысқалы келгенбіз.  
Сен темір де, біз көмір,  
Еріткелі келгенбіз.  
Екі еліктің лағын  
Теліткелі келгенбіз.  
Танымайтын жат елге  
Танытқалы келгенбіз.

Танысуға келмесең,  
Шабысқалы келгенбіз.  
Сен қабылан да, біз арыстан,  
Алысқалы келгенбіз.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар,  
Жарысқалы келгенбіз.  
Тұтқыр сары желімбіз,  
Жабысқалы келгенбіз.  
Берсең, жөндеп бітімді айт.  
Бермесең, дірілдемей жөніңді айт.  
Не тұрысатын жеріңді айт!

*Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері.  
А., 1993, 44; 86-б.*

### **Әйтеке би**

Әйтеке (шын аты Айтық) Бәйбекұлы – Кіші жүзден шыққан қазақтың атақты шешен-биі.

Қазақ шежіресінде Жанарыстың бір аталарынан Алшын, одан Сарыбас, Пұсырман, Шінгір, Төртқара шығады. Төртқарадан – Қарашы, одан – Сейітқұл. Сейітқұлдан сегіз бала болған. Соның бірі кезінде Самарқанды билеген Жалаңтөс батыр еді. Әйтеке – сол Жалаңтөстің немересі. Ақшаның үшінші баласы Бәйбектен туған. Ақша Жалаңтөс батырдың әкесі бір, шешесі бөлек туысы екен.

...Шешендік мұраларынан ел қамын, өзінің туған халқының зар-мұңын жеп айтқан ой-пікірін аңғарамыз.

\* \* \*

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін.  
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.

\* \* \*

Бүркіт бол, заманыңыз түлкі болса.  
Бай болар кедей жігіт мүлкі болса.  
Жақсылардың белгісі сол емес пе,  
Қара қылды қақ жарған әділ болса. –

*Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері.  
88–100-б.*

## Қазақ халқының ауыз әдебиеті

### Алтын сақа

(Үзінді)

Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп, перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суара көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Өлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да, суға жаба алмайды.

Сол кезде бай тұрып судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң Жалмауыз кемпір болып судан шығады да, байдың жағасынан ала кетеді. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай Жалмауыз кемпірге:

– Ат басындай алтын берейін, қоя бер, – дейді.

Жалмауыз кемпір жібермейді.

– Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, – дейді.

Кемпір көнбейді.

Кемпірден сасып:

– Енді не берейін? – дейді бай. Кемпір:

– Жалғыз балаңды бер, жіберейін, – дейді.

Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді.

Кемпір байға:

– Балаңды қай жерде бересің? – дейді. Сонда бай:

– Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырасың, – дейді.

Сонымен бай Жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап кетіп қалады.

Ертеңінде көшеді, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып, жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнайын десе, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап, жылайды.

Сонда әкесі:

– Кеше көшіп жүргенде жұртта қалыпты. Барып алып келе ғой, – дейді.

Бала бармақшы болады да, әкесінен:

– Өке, қандай тайға мініп барайын? – деп сұрайды.

– Жылқышыдан сұрап мін, – дейді бай.

Жылқышы балаға:

– Құрығынды құлдыратып, жүгенінді сылдыратып, жылқыға бар. Қай тай бетіне қараса, соны мін, – дейді...

*Ертегілер. 2-том, А., 1988, 11-б.*

## Қобыланды батыр

Тоқсан құлмен Естеміс,  
Риза тауып қалғасын,  
Қолқанат пен құйрыққа  
Енді Тоқтар кенелді.  
Қобыландыны барғансын,  
Естеміс ерін баулиды.  
Күнде киік аулайды.  
Кездесе жауын жаулайды.  
Жылқыда жатып Қобыланды.

Екпіні оттай қаулайды.  
Қаршығасы қолында,  
Құмай тазы соңында,  
Көрсек киік заулайды.  
Естеміспен екеуі  
Қонып жатса бір тауда,  
Намазшамнан өткенде,  
Құптан мезгіл жеткенде  
Құлағына батырдың  
Бір дауыс кеп шулайды.

Арғы астында сол таудың  
Бұрқыраған бу шықты.  
Шуылдаған шу шықты.  
«Бұл не қылған дауыс?» – деп  
Естемістен сұрайды.  
Айтпасына қоймайды.  
Сонда Естеміс сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Арғы астында бұл таудың  
Қызылбастың елі бар.  
Жасыл байтақ жері бар.  
Айдынды шалқар көлі бар.

Көктім Аймақ ханы бар,  
Неше мың сан жаны бар.  
Қанша жиған халқына  
Көрсетіп тұрған сәні бар.  
Құртқа деген қызы бар.  
Жұртына жайған назы бар.

Ай астына аспанға  
Құрды бақан қақтырып.  
Алтын теңге аттырып.  
Теңгені атып түсірген  
Құртқаны сұлу сол алар.  
Соның дауысы бұл дауыс.  
Көптеп шыққан бұл хабар.

*Батырлар жыры. 1- том, А., 1977, 17-б.*

### **Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі**

*(Жыл басы)*

Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар. Мүшел – он екі жыл болады. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұқсайды. Мысалы: Өуелі жыл мүшелде – тышқан, екінші – сиыр, онан соң – барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит һәм доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туғанын айтса, адамның жасын тауып береді.

Бұрынғыдан қалған сөздер бойынша сол хайуандар жыл ағасы болуға дауласыпты. Сонда жылқы айтыпты: «Менің үстіме адам мінсе алысын жақын етемін, менің күшім болса көреді, сүтім болса ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын», – дейді. Түйе айтты: «Сен адамның жұмысын қыласың, арпа, сұлы, шөп асайсың, тамағың үшін құл болдың. Міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айттық алыс жолдарға барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе соны қорек етіп, табылса су ішіп табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық», – дейді.

Сиыр айтты: «Адам егін ексе меніменен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді», – дейді.

Қой айтады: «Мен болмасам қазақ үйін немен жабар еді? Жүнімді алып, киіз істейді, жабағымменен киім тігеді, арқан жіп істейді, сүтімнен құрт-май алады», – дейді.

Ит айтты: «Мен болмасам сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Сендердің баршаларыңның мен бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар беремін». Тауық айтты: «Мен болмасам, кісі ерте тұрып жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып шақырып, хабар айтамын, «мезгіл болды» деп», – дейді.

*Ертегілер. 1-том, А., 1988, 59-б.*

## **Байырғы қазақ календарындағы айлардың жүйелері**

Қазақ халқының көпшілігі қолданған айлардың бір жүйесі төмендегідей:

- 1) Наурыз (март),
- 2) Көкек, Сәуір (апрель),
- 3) Мамыр (май),
- 4) Маусым (июнь),
- 5) Шілде (июль),
- 6) Тамыз (август),
- 7) Қыркүйек (сентябрь),
- 8) Қазан (октябрь),
- 9) Қараша (ноябрь),
- 10) Желтоқсан (декабрь),
- 11) Қаңтар (январь),
- 12) Ақпан (февраль).

Жұлдыз айлардың арабша атаулары қазақ халқының ескілікті мақал, мәтелдерінде де жиі ұшырап отырады.

Қазақ тіліндегі кісі аттары да зодиак таңбаларының ел өміріне сіңісіп кеткендігін көрсетеді. Мәселен, Қамал, Сәуірбек, Әсет, Мизами, Маусымжан т.с.с. есімдер (Наурызбай, Мамырбай, Шілдебай, Қараша, Қаңтарбай, Ақпанбет сияқты) баланың туған уақытына – жұлдызына қарай қойылған. Қазір мұндай есімдер аз, бірақ ерте кезде көп болған...

Астрономияның қазақ тіліндегі қазіргі оқулықтарында зодиак шоқжұлдыздары былай аталады: Тоқты, Торпақ, Егіздер, Шаян, Арыстан, Бикеш, Мизан, Сарышаян, Мерген, Ешкі мүйіз, Сукұюшы, Балықтар.

*Исқақов М. Халық календары. А., 1980, 225; 236–237-б.*

## **И. Фальк қазақтардың киімі мен тамағы туралы**

Қырғыздардың тұрғын үйі – жиналып-тігілетін жылжымалы шатыр, башқұрттар қандайын қолданса, нақ сондай үй. Бұл кейде қызыл түске боялатын керегелерден тұрады (оларды бояу үшін балшық, ұйыған қан немесе ашытылған айран қолданылады). Бүкіл уық-керегелер қоңыр, ал атақты қырғыздарда ақ киізбен жабылып, арқандармен байланып тасталады...

Олар басына қылдан тоқылған киім (takia) киеді, малақайдың төбесі шошaq, бірақ онша сүйір болмайды, малақайға екі бүйірінен қайырып қойылатын екі құлақша жеке тігіледі. Осы бас киімнің бәрі tebetei деп аталады. Жаз кезінде қырғыздар қызыл сафиян-



нан тігілген, басы үшкір, жоғары қарай қайқайып тұратын, өкшесі өте биік және жіңішке былғары етік киеді. Олар қыстыгүні аяқтарына шұлғау орап, шұлық сияқты ақ етік киеді. Киетін ішкі көйлегі жейде деп аталады, ол жібектен немесе жалпы қайсыбір жеңіл матадан тігіліп, ешқандай ішкі көйлексіз тікелей жалаңаш денеге киіледі. Сырт киім шаровар (қырғыз сөзі: scnalwar) мен шұға сүртіктен тұрады. Бұл сүртіктің (шекпен) өзінің белгілі бір фасоны болады, оны әрқашан мүлтіксіз сақтауға тырысады. Былғары кісе белдікке шақпақ тас, шақша, пышақ, қорамсақ және әдетте тағы да әр нәрсеге арналған қалталар ілінеді.

Орта Орда қырғызының толық киімі осындай.

Еркектердің киіміне қарағанда, атақты қырғыз әйелдерінің киіміне жібек, барқыт, жалпы қымбат маталар қолданылады. Ақсүйектерге жатпайтын қырғыз әйелдері бастарына жаулық байлайды, сөйтіп, олардың басы жабық жүреді, ал арқасында ұзын ұшы төгіліп тұрады. Бәрі шашақталып, оқамен, ал көбінесе тіпті сылдырмақтармен безендіріледі. Сонымен бірге түсіп тұратын шашқа желкелік, шашақ, шашбау байлайды және сылдырмақтар тағады.

Бай, атақты қырғыздардың әйелі сонымен бірге ұзын алқа тағады, ол кеудесін де, артқы жағынан иығын да жауып тұрады. Ол маржандардан және негізінен алғанда бұхардың көлемі шағын күміс немесе тіпті алтын теңгелерінен тұрады. Оның кең және ұзын етектегі биік бөрі де осылайша безендіріледі.

Қой еті – біздегі нан сияқты, күнделікті және басты тамақтары.

Қазы – жылқы етінен кептіріп дайындайтын шұжық. Етті сойған бойда тұзды суға салады, сонан соң онымен ішекті толтырады, ыстап, киіз үйдің жоғарғы жағына іліп кептіреді, ол жалпы алғанда ақсүйектерге ғана тартылатын тағам. Жая – қақталған жылқы еті. Май – сүтті ұйыту жолымен (сиырдың, түйенің немесе қойдың сүтінен) дайындалады. Оны асқа қатады, ал кейде оның өзін де тамақ үшін пайдаланады.

Құрт – қайнатылған сарысудан жасалатын ірімшік; оны кішкентай түйір етіп дайындайды. Ірімшік – қойдың тәтті сүтінен дайындалатын ерекше тамақ, оны қозының мәйегімен ұйытқан сүтті қайнату арқылы әзірлейді, түсі қызғылт болады.

Қарабыламық – құйрық май қатып, ұннан жасайтын қою ботқа.

Қырғыздар құс етін жейді, бірақ олар балықты ұнатпайды. Қырғыздың қолында басқа тамақтың болмауы немесе жоқшылық қана балық жеуге мәжбүр етеді.

Қырғыздар судан басқа, қымыз, айран және алуан түрлі ет қайнатпаларын (сорпа) ішеді.

*Фальк И. Ресей бойынша ғылыми саяхаттардың толық жинағы (Императорлық Ғылым академиясы шығарған). 3-том, СПб., 1825, 548–550-б. (Орыс тілінде).*

## Жыраулар

### Доспамбет жырау (XVI ғасыр)

Доспамбет жырау XV ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туады. Сол кезде Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты. Доспамбеттің бүкіл Дешті Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайда да болғаны, сақара тұрмысымен қатар мұсылман кенттерінің жайына да қаныққаны аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахан түбінде қаза табады. Өмірмен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы өлі отызға да толмаған еді.

\* \* \*

Қоғалы көлдер, қом сулар  
Қоныстар қонған өкінбес.  
Арыстандай екі бұтын алпайтып,  
Арғымақ мінген өкінбес.  
Кілең бұздай кілшейтіп,  
Көбелер киген өкінбес.  
Жұпарын қардай боратып,  
Арулар күшқан өкінбес.  
Торы төбел ат мініп,  
Той тойлаған өкінбес.  
Құрама шапшақ көп қымыз  
Құйып ішкен өкінбес.  
Екі арыстан жау шапса,  
Оқ қылқандай паншылса,  
Қан жусандай егілсе,  
Аққан судай төгілсе,

Бетегелі Сарыарқаның бойында  
Соғысып өлген өкінбес!

*Бес ғасыр жырылайды. А., 1984, 34–35-б.*

### **Шалкиіз жырау (1465–1560)**

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы Шалкиіз Тіленшіұлы 1465 жыл шамасында Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келеді. Жыраудың әкесі, сірә, сақара феодалдарының бірі болса керек, ал шешесі кейін Кіші жүздің ұйтқысы болған, орыс деректерінде Сыртқы Орда (Заяицкая Орда) аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы екен. Болашақ жырау үш айлығында анасынан айырылады да, нағашы әжесінің қолына беріледі. Сөйтіп, Шалкиіздің Дешті Қыпшақ жерін жайлаған түркі руларының бірінен екіншісіне көшкен бір ғасырға жуық сапары жөргектен басталады. Мұсылманша жақсы білім, сақара салтымен тамаша тәрбие алған Шалкиіз қай атырапта өсіп, ержетті – бұл жағы белгісіз. Тек айдынды аламан ғана емес, арқалы жырау ретінде де даңқы шыққан Шалкиізді 1490 жылдарда Ноғайлы әміршісі Темір бидің төңірегінен көреміз. Шығармаларына қарағанда, осы кезде жырау бірде әскери жорықтар сапында, бірде әміршісінің нөкері қатарында Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады. Алайда төкаппар жырау Темірмен үнемі жарастық таба бермеген. Темір өлгеннен соңғы жерде жырау (төрізі, осы уақытқа дейін өзімен қырбай болып жүрген) Мұса ұрпақтарымен қайта табысады. Өз заманындағы саяси күрестердің ешқайсысынан сыртқары қалмаған Шалкиіз Ноғайлыда XVI ғасырдың 40-жылдары басталған Жүсіп пен Исмайылдың әйгілі тартысы кезінде Жүсіп партиясын жақтайды. Алайда дұшпандары тарапынан қуғынға, достары тарапынан күндеуге ұшыраған жырау көп ұзамай нағашыларымен біржола араздасып, Қазақ Ордасына қайта өтеді. Шалкиіз бір ғасырға жуық жасап, 1560 жылдарда қайтыс болды деп шамаланады.

\* \* \*

Алаштан байтақ озбаса,  
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!  
Күлікке тастай болып тимесе,  
Үстіме көбе сайлап кимен-ді!  
Күмістен екі қолтық жоқ болса,  
Сыпайшылық сүрмен-ді!

Алғаным ару болмаса,  
Алдыма алып сүймен-ді!  
Дулығамның төбесі  
Туған айдай болмаса,  
Батыршылық сүрмен-ді!

\* \* \*

Жебелей жебе жүгірген  
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма,  
Жағаласса жыртылмас,  
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма,  
Дулығалы бас кескен  
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма!

*Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, 40–41-б.*

### **Жиёмбет жырау (XVII ғасыр)**

Жиёмбет жырау Біртоғашұлы XVI ғасырдың соңғы ширегі, XVII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүреді. Алшын руын ежелден билеген ірі феодалдар тұқымынан шыққан Жиёмбет Еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскербасы батыры қызметін атқарады. Есімнің көрші хандықтармен арадағы соғыстарына қатысады, ерлігімен, іскерлігімен танылады. Жиёмбет әсіресе 1620 жылы ойраттармен арада шыққан соғыста қазақтардың жауды ойсырата жеңуіне мұрындық болады. 1627 жылы Қазақ Ордасы құрамынан бөлініп, өз алдына тәуелсіз хандық құрғысы келген Ташкент ханы Тұрсынның көтерілісін басу кезінде де Жиёмбет елеулі рөл атқарады. Алайда көп ұзамай-ақ орталық үкіметке сөз жүзінде ғана бағынып, Кіші жүзде дербес билік құра бастаған Жиёмбеттің өзі де ханның қаһарына шалынады. Жыраудың інісі Жолымбеттің бір жеңілтек ісін сарайды қорлау деп санаған Есім бұл мәселеге Жиёмбеттің өзін де іліктіреді. Жырау ойраттармен шекара шығыс бетке айдалады. Бір деректерге қарағанда, Жиёмбет сол айдауда өледі, енді бір деректердің айтуынша, жырау 1643 жылы Есім хан дүниеден көшкен соң туған жеріне қайтып оралады.

\* \* \*

Өмірің қатты Есім хан,  
Бүлік салып, бұйырдың,

Басын бер деп батырдың,  
Қанып ішіп қанбаққа,  
Жанын отқа салмаққа.  
Атадан жалғыз мен емес,  
Хан ие, ісің жол емес.  
Жолбарыстай Жолымбет  
Құрбандыққа қол емес.  
Жол тосып алып кетіпті  
Қалмақтан алмақ сыйыңды,  
Қаһарыңды басқалы  
Қалың елім жиылды.  
Бастап келген өзге емес,  
Жиімбет-сынды биің-ді.  
Малын салып алдына,  
Өр саладан құйылды,  
Он екі ата Байұлы  
Бір тәңірге сиынды.

\* \* \*

Еңсегей бойлы Ер Есім,  
Есім, сені есірткен  
Есіл де менің кеңесім.  
Ес білгеннен, Есім хан,  
Қолына болдым сүйесін.  
Қолтығыңа болдым демесін.  
Ертеңгі күн болғанда,  
Елің кеңес құрғанда,  
Айналып ақыл табарға  
Есіктегі ебесін,  
Сонда ханым не десін.

*Бес ғасыр жырлайды. А. , 1984, 58–59-б.*

### **Марғасқа жырау (XVII ғасыр)**

Марғасқа жыраудың өмірі мен өнернамасы туралы нақты деректер сақталмаған. Біз тек оның Есім ханның жорық жырауы болғанын, 1627 жылы Тұрсын ханның бүлігін басуға қатысқанын ғана білеміз. Алайда біздің заманымызға жеткен санаулы жолдары оның қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы, от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді. Марғасқа Есім

ханның өмірі мен ерлік істері суреттелетін жеті мың жолдық «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты тарихи жырды алғаш жырлаушы деп шамаланады.

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,  
Кім арамды ант ұрсын.  
Жазықсыз елді еңіретіп,  
Жер төңірісіп жатырсын.  
Хан емессің, қасқырсын.  
Қара албасты басқырсын.  
Алтын тақта жатсаң да  
Ажалы жеткен пақырсың!  
Еңсегей бойлы Ер Есім  
Есіңде келіп тұр:  
Алғалы тұр жаныңды,  
Шашқалы тұр қаныңды!

*Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, 63–64-б.*

### **Ақтамберді жырау (1675–1768)**

Ақтамберді жырау Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында ауқатты отбасында дүниеге келеді. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Ақындық талантын тым ерте, 10–11 жасында танытқан Ақтамберді 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатынасады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім аузынан қалады. Бірде тіпті жортуылда жау қолына түсіп, өлім жазасы орындалар қарсаңда ғана қашып құтылады. 1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, бүкіл оңтүстік және шығыс аймақтан айырылған шақта Ақтамберді атақты батыр, Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі еді. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жоңғар мемлекеті біржола талқандалып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде Ақтамберді қазақ руларын атамекенге біржола орнықтыру ісінде зор қызмет атқарады. Батыр жырау тоқсан үш жасында, 1768 жылы қайтыс болады. Жыраудың жартылай құлаған күмбезі қазір Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысы, Абай ауданы өңіріндегі Жүрек Жота деген төбенің басында тұр.

\* \* \*

Жағалбай деген ел болар,  
Жағалбай деген көл болар,  
Жағалтайдың жағасы  
Жасыл да байтақ, ну болар.  
Атадан алтау туғанның  
Жүрегiнiң бастары  
Алтын менен бу болар.  
Атадан жалғыз туғанның  
Жүрегiнiң бастары  
Сары да жалқын су болар,  
Жалғыздық сенi қайтейiн..!

*Бес ғасыр жырайды. А., 1984, 65–66-б.*

## Тарихи шығармалар

### М. Х. Дулати және қазіргі заман

Мұхаммед Хайдар Дулати XV–XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихын, оның ішінде хандықтың құрылу тарихын арғы Моғолстан мемлекетінің өмірімен тікелей байланыста алып қарастырады. Оған «Қазақтар, олардың билеушілерінің жағдайының ерекшеліктері туралы, бұл атаудың оларға берілу себебі және олардың құрылуы туралы баяндау» деген тарау арнаған. Мұнда Қазақ хандығының іргелі елге айналған кезеңі Қасым ханның билік құрған тұсында екендігін ол былайша баяндайды: «Керей ханнан кейін Бұрындық хан болды. Сонан соң Жәнібектің баласы Қасым хан болды. Ол өз билігін Дешті Қыпшаққа да жүргізді. Оның әскері миллионнан (мың-мың) астам еді. Жошы ханнан кейін мұндай қуатты да даңқты хан болған емес».

Иә, Қазақ хандығының құрылуы, оның дамып, өркендеуі сол тұстағы қазақ халқының тыныс-тіршілігі, өмір салты, өзге елдермен қарым-қатынасы, мемлекет басқару, соғыс ісін жүргізу әдістері жайлы Мұхаммед Хайдар Дулати жазған тарихи еңбектей бағалы дерек көзі жоқ. Оның тарихи, танымдық маңызы Орталық Азия елдерінің тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен мәдениеті, ғылымы мен білімі үшін өте жоғары.

Мұнда қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалардың таратыла айтылған шежіресі де мол. Мұхаммед Хайдар Дулати нендей кезең, нендей тақырып туралы жазса да шындықты жазады және



әрбір жайтқа өзіндік көзқарасын танытып отырады. Мысалы, қазақ хандығы жайындағы жазбаларда рулық, тайпалық тартыстың ел бірлігін бұзып, талай қанды оқиғаларға апарып соқтырғанын ескерте отырып, ел бірлігін сақтауды ең басты нысана етіп алға тартуы – осының айғағы. Мұндай танымы терең, тағылымы мол тұшымды ойлар бүгінгі күнде де өз өзектілігін жоймаса керек. Ғұлама өсиеті ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табар, желісін үзбес ұлы ұлағат болып қала бермек.

### Ораз-Мұхаммед хан дастаны

Оның әкесі Ондан сұлтан, оның әкесі Шығай хан, оның әкесі Жәдік хан, оның әкесі Жәнібек хан, оның әкесі Барақ хан, оның әкесі Құйыршық хан, оның әкесі Орыс хан.

Арғы замандардан еске алынған Ораз-Мұхаммед ханның ата-бабалары оның барлық үрім-бұтақтарымен бір дастанда айтылып келеді. Себебі, Орыс ханнан Жәнібек ханға дейін төрт буын-ды.

Олардың әрбірі бірнеше ата болып өз уәлаяттарында патшалық қылып, атақты болып өтті. Олардың аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ол Жаған бикемнен туған еді...

Енді Қасым хан замандасы Жәдік хан еді... Жәдік ханның... Ұлдары да біраз болатын. Аты шыққан ұлдары мыналар: Тұғым хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Тұғым ханның ұлдарын тоғыз сары деп атаған. Мәлік ұлы Башибек сұлтанмен, тоғыз сары ұлдарымен Жағат<sup>1</sup> уәлаяты маңында шәһид болды...

Ал Шығай ханның хикаяты, әр түрлі жағдайда батырлығы мәлім-мәшһүр. Ақырында жалғыз қалып, апат тапты. ...Ханның әйелі көп еді. Мәлім-мәшһүр үш ордасы бар. Олардан туған ұлдары мыналар: Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан Алтун ханым – Байым бикемнен туған еді. Тәуекел хан, Есім сұлтан, сұлтан Сабыр бике ханым. «Бұл үшеуінің анасы Жағаттың Яхшым бикемі болады. Әли сұлтан, Сулум сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шахим сұлтан – бұлардың анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханым болады.

Ондан сұлтанның хикаяты әр жерде кездеседі. Асқан ұлы батыр, атқыш еді... Шығай ханның уағында әскердің қолбасшысы болды... Мұның баласы Ораз-Мұхаммед хан... Біраз уақыт Сейдек бидің алдында кіріптарлық шекті.

*Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымрұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991, 258–260-б.*

<sup>1</sup> Жағат – Моғол хандығының уәлаяты.

## Әбілғазы ханның Есім ханға баруы

...Мен қазақ ішіне кеттім. Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Йадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақыт бізге бұл жамағаттан кісі келіп, қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл Сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», – деді. Тұрсын хан «Жақсы, сенің айтқаның болсын» деп өзімен бірге Ташкенге алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді. Есім ханға: «Сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, Сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Иманқұлы хан қасына кетейін», – дедім. «Жақсы айтасың, солай қыл», – деді.

*Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., 1992, 189-б.*

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
---------------	---

### I б ө л і м . ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

#### Б і р і н ш і т а р а у . Ерте орта ғасырлардағы мемлекеттер

Түріктердің шығу тегі туралы. Телелер .....	6
Ашина руының Ұлы мемлекетін құру (545–581) .....	7
Түркіттер өз үйінде .....	9
Көк түріктер өздері туралы .....	10
Батыс Түрік қағанаты .....	13
Он оқ .....	15
Батыс Түрік қағанатының ордасы .....	16
Түркілер туралы Орхон-Енисей жазба деректері	
Күлтегін ( <i>Кіші жазу</i> ) .....	17
Күлтегін ( <i>Үлкен жазу</i> ) .....	18
Тонькөк .....	20
Оғыз-наме. Махаббат-наме .....	21
Қорқыт ата .....	22
Гардизи қимақтар туралы .....	23

#### Е к і н ш і т а р а у . VI–IX ғасырлардағы отырықшы және жартылай көшпелі мәдениет

Суяб пен Баласағұн .....	24
Тараз .....	26
Отырар .....	27
Түркістан .....	28
Испиджаб (Сайрам) .....	30
Ақтөбе (Баласағұн) .....	31
Қойлық (Қаялық), Екіоғыз, Талхиз (Талхир) .....	32
Сығанақ .....	34
Сауранның жеті қабырғасы .....	35
Архитектура және өнер (VI–IX ғ.) .....	35

## **Алғашқы түрік жазба әдебиетінің негізін қалаушылар**

Йоллығтегін .....	37
Тонькөк (VIII ғ.) .....	38
Түркіттердің діні .....	38
Көне түріктердің жазба мәдениеті .....	39
Талас руникасының үлгілері .....	41

## **II бөлім. ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ**

### **Үшінші тарау. Дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер**

Қарахан тарихына қысқаша шолу .....	42
Әулеттің аты .....	42
Әулеттің шығу тегі туралы .....	44
Мунеджим-баши Түркістан хақандары туралы (XI–XII ғасырлардағы қараханидтер) .....	45
Ибн Баттута «Дешті Қыпшақ» туралы .....	46

### **Төртінші тарау. Ұлы Жібек жолы**

Яксарт жағалауларында .....	46
Испиджаб және Шымкент .....	48
Батысқа баратын жолдар және олардың өзгеруі .....	49
Жібек және керуен жолы .....	50

### **Бесінші тарау. IX ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті**

#### **Сәулет өнері және құрылыстың дамуы**

Қарахан кесенесі .....	52
Ертедегі Тараз қаласындағы монша .....	53
Бабаджа-қатын .....	54
Айша-бибі кесенесі .....	55
Алаша хан кесенесі .....	56

#### **Ұлы ғұлама ғалымдар туралы**

Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) .....	57
Араб шежірешілері және әл-Фараби .....	58
Жүсіп Баласағұни .....	58
Махмуд Қашғари .....	59

## **Алтыншы тарау. XIII–XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан**

Шыңғысхан туралы.....	60
Керей ханы Тұғырыл мен Шыңғыс арасындағы қарым-қатынастар .....	62
Шыңғыс пен Керей хандардың Найман хандығына қарсы тұрулары.....	62
Керей хан мен Шыңғысхан арасында қайшылықтың туа бастауы .....	63
Монғолдар мен жалайырлар арасындағы қарым-қатынас .....	64
Рашид-ад-дин Шыңғысханның Отырар қаласына келуі туралы және қаланы монғол әскерлерінің алуы туралы.....	65
Махмұт бен Әмір Уәлидің «Бахр әл-Асрар Фи Манакиб әл-Ахйар» деген шығармасынан .....	66
«Тауарих-и Гузида-ий Нусрат-наме» шығармасынан.....	67
Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати.....	68
Абылғазы (Абу-л-Гази) .....	68
А. Дженкинсон XVI ғасырдың ортасындағы ноғайлар туралы .....	69

## **Жетінші тарау. Қазақ халқының қалыптасуы**

П. С. Паллас қазақ тайпасының шығу тегі туралы.....	70
И. Фальк «қазақ» терминінің шығу тегі туралы .....	71
И.Г. Георги Қазақстанның үш жүзге бөлінуі туралы .....	71

## **Сегізінші тарау. Қазақстанның XIV–XV ғасырлардағы мәдениеті**

«Тарих-и-Қыпшақ» .....	73
«Кодекс Куманикус» .....	74

## **III бөлім. КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

### **Тоғызыншы тарау. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы**

Махмұт бен Әмір Уәли. Бахр әл-Асрар ...	
Қазақ хандары Керей мен Жәнібек туралы .....	77
Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та’рих-и Рашиди» атты еңбегіндегі Қазақ хандығының құрылуы туралы мағлұматтар .....	78

## **О н ы ң ы т а р а у . Қ а з а қ х а н д ы ғы н ы ң XVI–XVII ғ а с ы р л а р д а ғы д а м у ы**

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Та'рих-и Рашиди» атты еңбегіндегі Са'ид ханның қазақтарға, Қасым ханға баруы туралы мағлұматтар .....	80
Шағыбек ханның қазақтарға қарсы жорығы және оның сәтсіздікке ұшырай бастауы .....	80
Камал Ад-Дин (Шер-) Әли Бинайдың «Шайбани-наме» шығармасынан. Мұхаммед Шайбани ханның Бұрындық ханмен шайқасы туралы .....	81
«Та'рих-и Шах Махмұт бен Мырза Фазыл чорас» шығармасынан (Әбді-Латиф сұлтан ісінің тынуы және Әбді-Рашид ханның өзінің сүйікті ұлы Әбді-Латиф сұлтанның кегін қайтару үшін әскерімен жорыққа шығуы) .....	83
«Та'рих-и-Қыпшақ» («Қыпшақ тарихы») атты еңбектегі Тәуекел ханның Орта Азия қалаларына шабуылы туралы деректер .....	83
«Таварих-и Гузида-ий Нусрат-наме» атты еңбектегі Қазақ, Өзбек хандықтары арасындағы шайқас туралы мағлұматтар .....	84
Ибн Рузбихан қазақтар мен өзбектер арасындағы қарым-қатынастар туралы .....	85
Орыс өкіметі мен Тәуекел хан арасындағы келіссөздер (1595 жылғы 18 наурыз, Федор Иванович патшаның Тәуекел ханға орыс елшілігін жөнелтуіне байланысты ханзада Ораз-Мұхаммедке грамотасы) .....	86
Федор Иванович патшаның қазақтарды Мәскеу мемлекетінің бодандығына қабылдау туралы Тәуекел ханға берген грамотасынан (1595 жылғы наурыз) .....	86

## **О н б і р і н ш і т а р а у . Қ а з а қ м е м л е к е т і н і ң X V I – X V I I ғ а с ы р л а р д а ғы ә л е у м е т т і к – э к о н о м и к а л ы қ ж а ғ д а ы**

### **Қ а з а қ х а н д ы ғы н ы ң б а с қ а р у ж ү й е с і**

П.И. Рычков қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы .....	87
П.С. Паллас қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы .....	88
И. Фальк қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы .....	88
И.Г. Георги қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы .....	89

## Қазақтардың шаруашылығы

Ибн Рузбихан қазақтардың қалай көшетіні туралы .....	90
Киіз үйдің жасау-жабдықтары .....	90
Ибн Рузбихан қазақтың киіз үйі туралы .....	91
И.Г. Георги қазақтардың шаруашылығы туралы .....	91
И. Фальк қазақтардың шаруашылығы туралы .....	93
П.И. Рычков Кіші және Орта жүз қазақтарының қоныстары туралы .....	94

## XVII ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан

1694 жылғы қазан. Қазақ ханы Тәукенің Ресеймен достық қатынастарды жаңғырту туралы және Тобольскіде ұсталған Келдей мырзаны Қазақстанға жіберу туралы өтініп І Петрге жазған хатынан .....	96
1716 жылғы 13 қыркүйек. Қайып хан елшілерінің қазақтардың Ресеймен тату тұру тілегі туралы мәлімдемесі .....	97
1717 жылғы 29 қараша. Сібір губернаторы, кінөз М. Гагариннің бейбіт қатынастарды жаңғыртуға келісетіні туралы хаты .....	97
1718 жылғы 21 қаңтар. Б. Брянцевтің және басқаларының қазақтардың Жоңғар қалмақтарымен өзара қатынастарын анықтау мақсатымен Қайып және Әбілқайыр хандарға барған сапарының нәтижелері туралы Сібір губернаторы, кінөз М. Гагариннің атына жазған есебінен .....	98
1718 жылғы 7 мамыр. Б. Брянцевтің кінөз М. Гагаринге жазған есебінен .....	99

## Он екінші тарау. Қазақстанның XVI–XVII ғасырлардағы мәдениеті

### Отырардағы қазба жұмысы

Отырар келбеті (XVI–XVII ғ.) .....	99
------------------------------------	----

### Қазақ халқының қолөнері

Ағаш ұқсату .....	100
Үйшілік өнер .....	101
Ершілік өнер .....	101



Тері ұқсату .....	103
Сүйек пен мүйіз ұқсату .....	104
Тас өндеу .....	105

### **Қазақ билері**

Төле би .....	105
Қаз дауысты Қазыбек би .....	106
Әйтеке би .....	107

### **Қазақ халқының ауыз әдебиеті**

Алтын сақа .....	108
Қобыланды батыр .....	109
Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі .....	110
Байырғы қазақ календарындағы айлардың жүйелері .....	111
И. Фальк қазақтардың киімі мен тамағы туралы .....	111

### **Жыраулар**

Доспамбет жырау (XVI ғасыр) .....	113
Шалкиіз жырау (1465–1560) .....	114
Жиёмбет жырау (XVII ғасыр) .....	115
Марғасқа жырау (XVII ғасыр) .....	116
Ақтамберді жырау (1675–1768) .....	117

### **Тарихи шығармалар**

М. Х. Дулати және қазіргі заман .....	118
Ораз-Мұхаммед хан дастаны .....	119
Өбілғазы ханның Есім ханға баруы .....	120

Учебно-методическое издание  
**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА СРЕДНИХ ВЕКОВ**  
**Хрестоматия**

Для 7 класса общеобразовательной школы  
(на казахском языке)  
3-е издание

Составитель: доктор исторических наук, профессор С. Жолдасбаев

Редакция менгерушісі *Ә. Пірманов*  
Редакторы *И. Хасенұлы*  
Көркемдеуші редакторы *Ә. Жақсылықова*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Корректоры *Ұ. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Е. Козлова*

ИБ №124

Теруге 19.04.2012 берілді. Басуға 20.06.2012 қол қойылды. Пішімі 60×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік».

Шартты баспа табағы 8,0. Есептік баспа табағы 8,37.

Таралымы 8 000 дана. Тапсырыс №6931.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.